

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

ШӘКІР ИБРАЕВ

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ БЕЙНЕСІ

6-ТОМ

Түркістан – 2025

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

И 15

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат қаулысымен (№11 хаттама 2025 ж. 25 маусым) баспаға ұсынылған.

Пікір жазғандар: Ыбырайымов Б. – *филология ғылымдарының докторы, профессор*. Кемеңгерұлы Қ. – *филология ғылымдарының кандидаты*. Әліпхан М. – *филология ғылымдарының кандидаты*

Абайдың ақындық бейнесі. Т.6 – Түркістан, «Тұран» баспасы 2025. – 124 бет.

ISBN 978-601-7485-22-1

Абайдың ақындық тұлғасы және шығармаларында бейнеленген өз образы бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Поэзияның ішінен өріліп шығатын субъектінің психологиялық иірімдері, оқырман туралы ойы, жазудың себептері, өзін сынауы, кемшіліктен арылуы, өмірден мән іздеуі, түптеп келгенде, ақынның өзі болып шығады. Зерттеу осы сауалдардың төңірегінде ой қозғай отырып, ақындықтың қыр сырын үңілуді көздейді.

ISBN 978-601-7485-22-1

© Ибраев Ш., 2025
©Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Абай туралы айтылар сөздің мазмұны мен жаңалығы әдебиеттану ғылымының заманауи деңгейімен үнемі өрелесіп отыруы тиіс. Мәселе ақын мұрасын тың санатта насихаттауда ғана емес, ең алдымен феномендік құбылыстың сырына ғылымның келген межесінен көз жіберуде. Абайдың ойшыл тұлғасын, ақындық өнерін әр дәуірдің рухани келбетімен сабақтастырып отырудың мәні мынада: өткен кезеңнің, тұғырнамалардың, көзқарастардың ықпалы қалай болғанда да зерттеу еңбектерде орын алмай қоймайды. Бұл үдерісте идеологиялық, саяси-мәдени, ғылыми-теориялық ұстанымдар қатар жүреді.

Осыған сәйкес Абай шығармаларын түсінудің рецепциялық түрленуі оқырманға ғана емес, зерттеушілерге де тән өзгешелік. Бұлардың дені анық Абайдың өзінен гөрі ол туралы пайымдаулардың жиынтығынан тұратыны даусыз.

Абай поэзиясы үнемі түлеп отыратын, заман өткен сайын жаңа қырынан ашылатын генеративті сипаттағы құбылыс. Ойшыл тұлғаның эстетикалық өріске шығарған ойларының сыры мен көркемдік палитрасы «осылай еді» деп орнына қоя салатын даяр үлгідегі сөз түзілісі емес. Бұл бір бұрын-соңды болмаған ой мен сезімнің қосарлана келіп сөзге өткен, заттанған, ұстатпайтынды ұстатқан субъективті психологиялық үдерістің нәтижесі. Феномендік құбылыс.

Иә, субъективті. Себебі Абай жүріп өткен ой мен сезімнің ізімен дәл ақынның өзіндей әсері мен қызуын ешкім де қайталай алмайды. Оның астарында сөзге өткен де, өтпеген де қаншама психологиялық иірімдердің ізі жатыр. Оны сезіну де оқырманда бірдей бола қоймайды. Бұл жерде әркімнің ішкі дүниесіндегі «мені» және тұлғалық санасы диалогқа шығады. Абай өлеңдерін қабылдаудың мәнінде олай емес, былай дейтін мәселе толып жатыр.

Соған қарамастан баршамызды өзіне шақыратын, тұңғышына алып кететін терең сыр бар. Сырласуға ықылас қойсаң ұшы-қиыры жоқ дүниеге тап боласың. Ойлаған сайын сананы ашатын дүниенің жауабы табыла қоймайды, мәселе тереңдей береді. Себебі ойдың ағымы қазіргі өмірге, қоғамға, тіршілік мәніне келіп тіреледі. Жауапты Абайдың өзі ғана емес, оқырман, сені де бірлесіп іздеуге шақырады.

Міне, бұл ақын ойы мен сезімінің субъективтіліктен объективтілікке өткендігін, іштегі сырын саған да өткергенін

айғақтайды. Ойланатын, сезінетін, сезімталдықпен қабылдайтын мәселе, одан шығаратын түйіннің шешімі көбеймесе, азаймайды.

Абай поэзиясының өміршеңдігі осында. Ақын адам болмысының сырын, жақсысы мен жаманын әлеуметтік контексте ашып көрсетеді. Көп болып адасудан, дүрмекке еруден, ойсыз өмірден, ахлақсыз келбеттен күйінеді. Сөйтсек ақынның ойға алған бейне-нысанының кескін-кейіпі уақыт өтсе де сол қалпында екен. Қайта сомдала түскендей...

Бір ғажабы бұл бейне топтан, қоғамнан, дәуірден бөліп ала салатындай оқшау тұрған жансыз көрініс болмай шықты. Кескін-кейіптің жақсысы мен жаманы социумның уақытпен бірге алып жүретін мінездемелік белгісі екен.

Сондықтан да Абай бейнелеген адамның ішкі дүниесіндегі психологиялық иірімдерден түрлі дәуірді де, идеологияны да, құндылықтарды да суыртпақтап шығара беруге болады. Шын мағынасында, мәселе адамның жаратылысына қарай ойысады.

Бұл жағдай әлемдік гуманитарлық ізденістің төріне шыққан мәдени антропологияның нәтижелеріне табан тіреу керектігін аңғартады. Онсыз жекелеген тұғырнамаға, түсінікке, идеологияға икемдеу жалғаса бермек. Зерттеуші рецепциясының түрлене беретіні даусыз.

Әрине, мәдени антропология алаңында да бірдей ұстанымның қалыптаса қоюы қиын. Алайда бір мәселе анық: абайтанудың деңгейі әлемдік гуманитарлық ізденістердің іріктелген, жүйеленген және нәтижелерге қол жеткізген әдістемелік ұстанымына қарай бағыт алатыны сөзсіз.

Біздіңше, абайтану пәнінің басқа деңгейге көтерілетін мезгілі жетті. Оның үлгісі әлемдік әдебиеттанудың философиямен, психологиямен, мәдениеттанумен, әлеуметтанумен, тіл білімімен бірлікте қол жеткізген нәтижелерімен өрелесу арқылы ғана жүзеге аспақ. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттанудың идеологияға негізделген тұғырнамасы бұл үрдістен шеттеп қалғаны жасырын емес. Ал қазір ғылым мәселесін әлемдік межеге қарап орнына қойдық деп айтуға әлі ерте. Үйреншікті рецепция әлі күшінде.

Зерттеудің деңгейі алдымен Абай жазған шығармалардың мәнін, бірегей жаратылысын психологиялық, феномендік, эстетикалық жүйелі құбылыс ретінде әдебиеттану ғылымының қазіргі нәтижелерімен пайымдауы тиіс. Бұрынғы зерттеулердің жарамдысы да, жарамсызы да осыған қарап белгіленеді. Абай туралы айтылар сөздің мағынасы ақынды ғана емес, мына біздің әлеуетімізді, ғылыми

шама-шарқымызды да анықтап көрсетеді. Өзімізге, қоғамға, адамға, уақытқа қалай қарайтынымызды жария етеді.

Абайды замана контекстінде зерделеу – қазіргі ғылымның міндеті. Себебі уақыт, құндылық, теориялық-әдістемелік ұстанымдар өзгереді. Шектеулі көзқарастар қол байлау бола алмайды.

Ал енді ізденіс ше? Бұл жерде әңгіменің төркіні қазақ әдебиеттану ғылымы ыждағатпен игермеген герменевтиканың, постструктурализмнің, феноменологияның зерттеу тәжірибесіне қарай ойысатыны анық. Бұрынғы тұғырнама жарамсыз болып, орнына жарамдысын қойдық деп айтуға ауыз бара қоймайды. Жекелеген ізденістерді ғана қанағат тұтуға тура келеді. Картинаны тұтастай елестетер болсақ, бояуында үйлесімді сәйкестіктен гөрі алақұла шалалық басым.

Осымен отырып Абайды қалайша танымақпыз, қалай танытпақпыз?

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымын иектеп алған оқырман рецепциясы зерттеу мәртебесіне ие. Абайдың өзі емес, одан қандай әсер алғандықты алға тартады. Ақынның тұлғалық келбеті, өлеңдерінің мәтіндік тұтастығынан туындайтын ой мен сезімнің ағымы, структуралық құрылымның идеялық бүтіндікке қарай түзілісі, ақындықтың астарында тұрған психологиялық иірімдердің басымдыққа (доминант) ие көріністері, адам өмірінің социуммен, уақытпен, өліммен, абсолют ақиқатпен арақатысы, мәні туралы ұғымдардың эстетикалық, философиялық, психологиялық шешімі сияқты толып жатқан сауалдарға жауаптың жоқтығы да осыдан өрбиді. Шығармадан алатын әсерге түйінді байлам жасау шекарасыз. Бұл – адамға және уақытқа қарай тоқтаусыз түрленіп кете беретін үдеріс.

Бұрынғының тұғырнамалық және идеологиялық ұстанымдарын мансұқ еткен, қазіргі заманның зерттеу мектептеріне ден қоймаған әдебиеттану ғылымының сипаттамасына сағымнан басқа бейнелі көрініс сәйкес келе қоймайды. Әсіресе, Абайдың бірер сөзіне дүниенің бәрін тықпалау – мәселені негізгі нысанадан алып кететін, субъективті рецепцияға жол ашып беретін ыңғайлы жағдай. Бұл бетімізбен ақынымыздан адасып қалу қауіпі бар.

Қалай болғанда ізденістің дінгегі Абайдың өзіне, ақындық тұлғасына негізделуі тиіс. Таратылатын сөз Абайдың ақындық болмысынан, өмірлік ақиқатынан көз жазбағанда ғана сыры ашыла бастайды. Мұны ашуға еуропалық ілім-білімнің қазіргі қол жеткізген тәжірибесі теориялық, әдіснамалық және әдістемелік үлгі ұсынары

даусыз. Оны іріктеу, ұлттық болмысымызға және ділімізге лайық іске жарату – ғылымның шаруасы.

Осы бір олқылықтың орнын толтыруда мынадай бір мәселелерге ден қойған орынды болмақ:

1. Абайдың өлеңдерін зерттеудің негізінде, бұрынғы еңбегімізде атап көрсеткеніміздей, мәтін тұтастығы, сондағы діңгекті идеяның интерпретациясы маңдай алдымызда тұруы керек [1, 28 б.]. Мәселе өлеңнің әр сөзін, тармағы мен шумағын санамалап, талдап отыруда емес. Ғылыми тұжырымға арқау болған жекелеген үзіндінің қандай контекстен алынғаны, мәтіннің бүтіндігінен пайда болатын ой мен сезімнің жалғасқан байланысы, тұтас дүниенің аңғартып отырған идеясы ескерусіз қалмауы керек. Онсыз жекелеген өлең жолдары кез келген ойдың дәйектемесі қатары алына береді. Қолданыста шекара жоқ.

Структурализмнің, постструктурализмнің, феноменологияның базалық негізінде мәтіннің құрылымын, семиотикалық таңбалық мәнін, ой мен сезімнің тұтас идеяға бағытталған ағымын мәтін тұтастығынан тарататыны кездейсоқ емес. Онсыз құрылымдық жүйе толық болмайды. Структураға логиканың, тәсілдің, баяндаудың, бейнелеудің, ой мен қиялдың, функцияның, мотивтің, инварианттың т.б. жүйеге түскен сипаты, бас-аяғы бүтінделген көрінісі алынады. Бұл жағдай белгілі бір заңдылықты, қалыпты құбылысты өрнектейді. Ұғымдардың бірлігі экзистенционалды ойлаудың, көңіл-күйдің, нарративті көзқарастың белгілі бір жүйесін ұсынады.

2. Абай өлеңдерінде және қара сөздерінде түрлі инварианттық үлгіде қайталанатын ой мен сезімнің өрнегі кездеседі. Бұл құбылыс ақынды жиі мазалайтын ұғымдар ретінде бейнелі сөздің түрленген үлгілерін ұсынады. Ситуациялы жағдайлардың, оқиғалардың көңіл-күйге және ойға әсер еткен зардабының жинақтала келіп конститутивті (французша *constitutive* – «негізін, негізгі белгілерін» деген мағынада) ұғымға айналады. Бұл үдеріс тұлғаның психологиялық және рухани әлемінің салмақ басар негіздеуші ұғымдары ретінде іріктеліп шығады [2, 467 б.]. Абайдың социуммен арақатысы, оқырман туралы ойы, өлең жазудың дерті, өмірге түрлі уақыт дистанциясынан көз жіберуі, өз болмысына үңілуі, қателікті мойындауы сияқты психологиялық ахуалының қайталанатын белгілері межелі бір ассоциациялық өрісте жүзеге асатыны байқалады.

Абай өлеңдерінің феноменологиялық және эстетикалық қырсырына осы тұрғыдан үңілер болсақ, ой мен сезімнің жалғасқан сипатын, сөз өнерінің Абайға ғана тән өрнегін, өмірлік тақырыптық

бірліктердің көңіл-күй иірімдеріне қарай бірігу жүйесін бағандау мүмкіндігі туады.

Зерттеуде Абай поэзиясының осы бағыттағы қыр-сырына үңіле отырып, үйірілген ой мен сезімнің ақынға тән түзілісіне, негіздеуші ұғымдардың жинақталу ерекшеліктеріне назар аударатын боламыз.

ЖАН-ДҮНИЕ ҮЙЛЕСІМІ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ «КАПИТАЛ»

Абайдың ақындық тұлғасы туралы мәселенің кеңірек қарастырылатын аспектісі оның әдебиет алаңында қызмет ету «траекториясымен» байланысты. Шығармашылық психологияның әлеуметтік астары мен себептері, түптеп келгенде, ақынның көзқарасы мен ұстанымдарын жүйелі түрде таратып алуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, өмірдің өлеңде көркем сөзге қозғау салған, өмірмәндік құндылыққа айналған ұғымдардың әлеуметтік ортамен ықпалдасу жағдайы шығарманың арғы жағында бүркеулі жатқан үдерістерді айғақтайды.

Пьер Бурдьё қарастырған «әдебиет алаңы» ұғымының мәні ақынның әлеуметтік ортамен арақатысынан, қызмет ету және өлең жазу мақсатынан, тұлғалық болмысынан туындайды [3, 60 б.]. Мұны мәтін немесе мәтінаралық ұғымдардан ғана емес, оның сыртындағы әлеуметтік ортаның ахуалынан да тарату қажет. Себебі сыртқы факторлардың ықпалы шығармашылық үдерісте белгілі бір структуралық түзілімге әкелетін құбылыс. Бұған Абай өлеңдерін талдау барасында бұрынғы еңбегімізде азды-көпті тоқталған едік [1, 31 б.]. Солай бола тұра кейінгі ізденістер барысында Абайдың ақындық өнерінің психологиялық бітіміне тұтастай ой жібергенімізде тағы да қаузайттын мәселелердің барын аңғардық.

Алдымен П.Бурдьенің рухани кеңістіктегі «капитал» ұғымына көңіл аударайық. Ойдың салмақ басар ауырлығынан байқалатыны адамның интеллектуалдық әлеуетіне, қоғамдағы орнына, қызметіне, қадір-қасиетіне, қабілет-қарымына негізделген әрекеттің қозғаушы күші кез келген қоғамда белгілі бір мүддеге, нақтылай айтсақ, ұтымды пайда табуға орайластырылады екен.

Ақын-жазушылардың да әдебиет алаңындағы әрекет ету «траекториясында» осындай экономикалық, мәдени, символдық және әлеуметтік «капитал» жинақтау мақсаты тұрады. Ой түбінде жатқан мүдделі нысан әрекет етудің сипатына, мазмұнына, жағдайға сай шешім қабылдануына ықпал етеді. Мұны қандай да бір суреткердің жиған-терген еңбегінің жалпы мән-мазмұны белгілейді [3, 60-74 б.].

П.Бурдьенің бұл анықтамасындағы әлеуметтік қатынастардың мінездемесі институционалды сипат алған елдердегі жағдайдан туындайды [3, 65 б.]. Жазушының статусы, атқаратын қызметінің қоғам тарапынан сұранысқа сай орындалуы, осыған сәйкес

жүйеленген әлеуметтік нормалардың қызмет ету тәртібі қалыптасқан ортада тұлғаның ой еңбегі, мүмкіндіктері, қабілет-қарымы «капитал» бола алады. Тұлғаның әлеуметтендірілуі қоғамдық қатынастардың және қалыптасқан қоғамдық институттардың сипатына қарай белгіленеді.

П.Бурдые сөз етіп отырған Батыс Еуропа елдерінде, әсіресе Францияда, қоғамдық институттардың қызметі басы бүтін жіктеліп, белгілі бір ретке келтірілген жүйе. Мұндай жағдайда рухани кеңістіктегі тұлғаның әрекеті Бурдые айтқандай капитал бола алады.

Ал ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының ахуалы мүлдем басқа. Отаршылдық қамытын киген елдің жағдайында ұлттың мүддесіне қызмет ететін институттардың жойылатыны даусыз мәселе. Хандық дәуірдегі жыраулар мен билер институты жарамсыз күйге түскен. Олардың билікпен барабар болған әлеуметтік статусының мәні жойылған.

Ұлтқа қызмет ететін қоғамдық институттарға отар елде ресми түрде орын қалмайтыны түсінікті жағдай. Абай дәуірі осы көріністің толықтай дәлелі бола алады.

Ал енді өз халқының мән-жайына қанық, артығын да, кемін де көріп-біліп отырған Абайдың қай жағалауға шығуы мүмкін? Бұл П.Бурдыеге таныс емес ахуал. Ақынның әдебиет алаңында қызмет ету «траекториясының» Еуропаға белгісіз басқа бір көрінісі, басқаша бір мінездемелік сипаты бар мұнда.

Абайдың әлеуметтік ортадан алған жүктемесі негізінен психологиялық ахуал ретінде өрнектеліп отырады. Экзистенционалды ойлаудың сипаты көбіне-көп өз жан дүниесімен сырласу, соның дегенін сыртқа алып шығу. Дертті жағдайдың сыры сырттан болған жай-күйдің әсерінен қоздап, сол дертті әлеуметтік ортаға алып шыққанда өзгерісті, үйлесімді ортаны аңсау, жатса-тұрса соған деген ұмтылысты сездіреді. Өлеңнің өтеуі – өзгеруі тиіс қазақ қоғамы. Бұл Абай үшін ақы алып атқаратын шаруа болмай шығады.

Абайдың әлеуметтік ортадағы орны біреуден сый дәм етіп, өлең жазатын ситуациядан бөлек. Ондай ақындар болса, Абай көзқарасында тұғыры жоқ, тұрлаусыз, қаңғып жүріп күн көрген, болмашы нәрсені саудаға салатын аянышты жан.

Ал бұдан экономикалық, әлеуметтік, мәдени және символдық «капитал» жасау Абай табиғатына мүлдем келмейді. Институцияланбаған ақынның қоғамдағы жағдайы Абай үшін бишаралықпен барабар.

Ендеше қазақ қоғамын түзеуге және кеселді мінездемеден айықтыруға жарайтын іс – отар елде жалғыз жүріп жол салу. Өтеуі –

адамшылық, имандылық, ел тағдыры, ынтымағы, бірлігі, еңбегі, білімі. Тұтастай алып қарағанда, ұлттың осы жолға түсуін қалаған ақынның мүддесі – ақы беріп атқарта алмайтын жүректің шаруасы.

Енді осы үдерістерге себепкер болған шығармашылық психологияның қыр-сырына үңіліп көрейік. Бұл жердегі ең маңызды ұғым – ақын мен социум (оқырман) арақатысына байланысты айшықталады. Автор және оқырман байланысы структуралық жүйе құрайды. Мәселеге кеңірек келсек, өлеңнің мазмұны мен жазылу мақсатын осыдан тарату мүмкін болады.

Абайдың оқырман туралы ойының екі адресатқа жинақталатыны бұдан бұрынғы зерттеу еңбегімде арнайы қарастырылды. Мәселенің психологиялық аспектісіне көңіл аудару үшін оларды тағы да еске сала кетейін: бірі – санасы оянған, сөздің мәнін ұғатын, байыбына баратын бірлі-жарым оқырман; екіншісі – келешекте оялатын, көптің ішінен шығатын («жүрегі – айна, көңілі – ояу») потенциалды оқырман [1, 171 б.].

Абай өлеңдерінде бұлардың оқырман ретінде мінездемесі берілетін себебі – ақиқатында реалды оқитын, ойға қалатын адресат осылар. Бұл – ақын жағына шығатын шағын топ. Олардың жайы ақынға белгілі.

Солай бола тұра көңіл күйдің рухани сергелдеңінде Абайдың ойға алған оқырмандарының үлкен жиыны бар. Олар – ұғымсыз, надан, тасыр, жалпақ жұрт. Мәселе қисынсыз сияқты.

Абай өлеңдеріне зер салып, үңілер болсақ сөздің нысанаға алған мазмұнындағы адресат, түптен келгенде, осылар. Жатса-тұрса ойдан шықпайтын қалың жұрт тағдыры – ой ізденістің және көркемдік үдерістердің өзегіне айналған.

Шығармашылық акттен орын алған коммуникативтік байланыстың қарсы тарабында тұрған оқырманды ақын жалпыланған, көпшілікке қатысты позицияда ұстайды. Оқыса да, оқымаса да мәселенің төркіні, сөз айтудың мақсаты осыған барып тіреледі. Ақын көзқарасының және жан-дүниесіндегі сергелдеңнің мәні – тікелей осы жалпақ жұртпен байланысты ахуалдан өрбиді. Автордың ниеті, өзгерісті қалаған мақсаты, қадап айтқан сөзі – шығарма жазудың идеялық мәнімен, кімге, не айтқалы отырған мазмұнымен байланысты. Авторлық интенция (ниет) сананың және сезімнің беталысына, ұстанған позицияға қарай бағыт алады.

Сондықтан да көркем шығарма «интенционалдық нысан» («интенциональный объект») ретінде субъектінің ойластырған мақсатын, өзіне де, оқырманға да қоятын талабын, қай бағытта сөз айтатынын айқындайды [4, 104 б.]. Ниетке бастама болған жағдай

коммуникативтік қатынастың сипатын, адресатын, нысаналы мақсатын бірлікте ойға алады.

Абай «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» ұғымын оқырман ретінде тұтастай бетке алған. Себебі осы жұрттың өзгеруін қалаған. Әлеуметтік ортаның мінездемесі бөліп жармайтындай тұтас. Жекелеген топтың, кеселді әрекеттердің рухани кеңістікке тигізіп жатқан ықпалын оқшаулап, бөліп айтатындай жағдай Абай өлеңдерінің контексінен аңғарылмайды. Сөздің адресаты және бағытталған мәні жалпақ жұрттың мінездемесімен бірге әдіптеледі.

Бұл құбылыстың ұйтқысы болған жағдай – Абай көзқарасындағы социум бейнесінің тұтастай қалыптасқан себеп-салдарлы нәтижесі. Социум белгісіз бағытқа, рухани адасуға түскен. Оның бейнесін, бет-әлпетін дәуір шындығымен беттестіргенде кеселді көріністер әлеуметтік мінездеменің басы бүтін көрінісіне айналған.

Бұған тосқауыл болатын бірден-бір күш – жалпы жұрттың саналылығы.

Абай мұны көріп-біліп отырды. Социум әлеуметтік өмірдің барлық саласында – білімде, ғылымда, мәдениетте, шаруашылықта, адами қарым-қатынаста, моральдық мінездемеде түпкілікті өзгеруі керек еді.

Абайдың ақиқатында белгілі бір мүддеге, әлеуметтік бөлек бір топқа, пікірталастың ағымына қарай сөз айтудың жөні жоқ. Ұлтты жөнге салу ұмтылысы келелі мәселені бөліп-жармай тұтас қарауды қажет етті.

Абай шығармашылығында психологиялық үдерістердің сипаты басым екендігі – оның оқырман туралы ұғымынан және өлең жазудың себеп салдарлы нәтижесінен байқалады. Абайдың ақындық өнерінің мән-мазмұнын өз ортасынан, заманынан, әлеуметтік жағдайдан бөліп қарай алмайтынымыз осыдан. Түптеп келгенде, оны толғандырған танымдық және шығармашылық үдерістерге алдымен сол ортаның мән-жайы түрткі болғандығы анық. Шығармашылық психологияға қозғау салып, ой мен сезімнің нысанасына айналған дүние – XIX ғасырдың екінші жартысындағы көзбен көрген, жүреппен сезінген, ішкі толғаныстың сүзгісінен өткен өмірлік ситуациялардың және олардың рухани өріске шығарылған сыр-сипатының жиынтығы.

Абай тұлғасы заманмен бірге өріледі. Бұл жердегі мәселе ақын өлеңдерінде өмірлік жағдайлардың қалайша көркемдік шешімін тапқандығы ғана емес. Тарихи шындықтың бейнеленуі мен поэтикалық түрленуі әдебиеттануда аз айтылып жүрген жоқ. Көркем

шығармадан мазмұн мен форма іздеу, көркемдік тәсілді талдау қалыпты жағдайға айналған.

Шешуді керек ететін күрделі мәселе – шығармашылықтың мәні мен психологиялық астарына үңіле отырып, сыртқы күштің әсерінен ішкі дүниенің түрлену сипатына ой жіберу, ортадағы ықпалдастықтың мәнін ашу. Осы тұста көркем шығармаға арқау етіп алынған әлеуметтік ортаның бейнесі мен сипаты шығармашылық психологияға қаншалықты үйлесетіндігі, өлеңнің жаратылу үдерісіндегі әлеуметтік ортаның ақын үшін қайтарымды реакциясы қалай болған дейтін сауал бедерленіп шығады.

Бұл ретте оқырман туралы ұғымның психологиялық-философиялық аспектісі шешуші мәнге ие. Атап айтқанда, Абайдың шығармашылық үдерісінен орын алған *абстрактылы оқырман* бейнесі өзара әлеуметтік ортаның кескін-кейпімен дара байланыста жинақталады.

Мәтін арқылы жүзеге асқан коммуникативті актінің мәні мен қозғаушы күшін пайымдағанда бұл екі ұғымның өзара байланысты екені даусыз. Авторлық тұғырнаманың мазмұны және бағыт-бағдары оны қабылдап алуы тиіс оқырманды ойша нысанаға алады. Онсыз адресаты ойға алынбаған, мақсаты мен міндеті белгісіз шығарма өз-өзінен тумаса керек.

Абстрактылы немесе имплицитті (жасырын) оқырман – ашық түрде анықталмаған, бірақ санада тұрған, оймен тұспалданған болжалды оқырман [5, 6 б.].

Автордың нысанаға алған оқырман бейнесі шығарманың мазмұны мен идеясынан туындайды. Қабылдап алушыға айтар өзгешеліктерімен сөз оның мінездемелік сипаттамасымен, әлеуметтік портретімен, автор көзқарасындағы өзгешеліктермен, өзара байланыста зерделеніп, бейнелі сөзбен және образдармен бірге әдіптеледі. Бұл үдерістің зердеде құйылуы жай ғана баяндап шығу емес, нарративтік структура құрайтын құбылыс [5, 10 б.]. Демек, үдеріс түрлі көңіл-күйді, тілек-талапты, жүректің қалауын қамтиды.

Бұл жағдайда ситуация баяндалған объектіге ғана қатысты болып қалмайды (диегетикалық), ол ең алдымен баяндау (экзегетикалық), яғни авторға тиесілі ұғымдардан құралады. Себебі автор оқырманнан күтетін нәтижені, өз әрекетіне қайтарылатын реакцияны ой елегінен өткізіп отырады. Бұл үдеріс шығармашылық актпен тікелей бірге өріледі [5, 11 б.]. Сөйтіп шығарманың туу үдерісінде әлеуметтік ахуал, адамгершілік нормалар, ұлттық мәдени кодтар, эстетикалық түсініктер мен психологиялық иірімдер, топтаса келіп коммуникативтік актының бір тарабына жинақталады. Мәтінге

көшкен бұл үдерістердің ұзын-ырғасы авторға тиесілі. Өз бетімен атқарылған әрекеттің бастамашысы автордың өзі. Мәтінге жан берген, сөздерді тірілткен оның рухы, ішкі жан-дүниесі.

Бір ғажабы жан-дүниенің осы ахуалы субъектінің жеке үдерістері ретінде көрініс тапқанымен оның жүзеге асу тетіктері объектімен гносеологиялық жұптастықта танылады. Атап айтқанда, шығармашылық актке түрткі болған объектінің мән-жайы субъектінің танымы мен сезінуі арқылы қайтадан объектіге қарай бағытталады. Субъектінің санасынан өткен үдерістердің (эстетикалық, танымдық, психологиялық т.б.) немесе белсенді әрекеттің беталысы – объект [6, 704 б.]. «Субъектіден тыс объект жоқ» деген Э.Гуссерльдің ойына сын көзімен қараған Р.Ингарденнің пікірінше, коммуникативтік қарым-қатынастың қарсы тарабында тұрған оқырманның болмыс-бітімі авторлық интенциядан орын алмай қоймайды [4, 104 б.].

Коммуникативті құрылымның бір басында потенциалды абстрактылы оқырманның бейнесі орын алса, екінші басында соған қарай бағытталған шығармашылық акт тұрады. Мұндай жағдайда шығарманың мазмұны мен бітімі қабылдаушының ерекшелігі мен мінездемелік қасиеттерін қадағалап отырады. Арадағы қатынастың мәні автордың ойға алған бағыт-бағдарының мақсатын белгілейді.

Осылайша нысанды бейнелеудің ракурсы авторлық сананың бастапқы мақсатымен бірге сол нысанға ықпал етуі тиіс автордың ырқын да білдіреді. Баяндаудың нарратологиялық аспектісінде шығармашылық акт қабылдаушы санасының өзгеруін қалайды. Автор үшін оқырманның өз жағына өткені, өзіне жақтас болғаны оңды. Сондықтан қабылдаушының бейнесі санада үнемі жаңғырып отырады. Бұл жағдай ашық және тікелей айтылмайтындықтан көбіне-көп имплицитті (жасырын) сипатта [5, 34 б.]. Мұны шығармашылықтың бағыт-бағдарынан тұтастай аңғара аламыз.

Абайдың «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» дейтін өлеңінің соңы былай аяқталады:

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық,
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір, ақсақалдар айтпады деп
Жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық.

Елде сөзді ұғарлық бозбала жоқ. Автор өзгерісті күткен. Өмір өтсе де үміт үзілмеген. Қартаймастай көрінген тіршіліктің бозбалаға, «бес күндік бір майдан ер сынарлық» екені байқалмайды. Күлкі, қалжың, қуаныш, құмарлық мендеп алған. Бұлар бозбала еншісіндегі қылықтар. Алда оларды «уайымы көп шошынарлық» мезгіл күтіп тұр.

Өлеңдегі «қалжыңбассып өткізген қайран дәурен, түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?» осы көп бозбалаға қарата айтылған сөз, сонымен қатар автордың ойға алған оқырманы да осылар. Басында әке, ағайын, ақсақалдар айтпаған сөз болса, енді оны автор айтып отыр. Оқырман – түптеп келгенде, жастықтың мәнін түсіне алмаған бозбалалардың өзі. Автордың бетке алған оқырманы – потенциалды мүмкіндігі ең аз оқырман. Бірақ түбінде ойлануға тиісті имплицитті адресат осы. Сөз соған арналып тұр.

Абайдың «бір кісі емес жазғаным жалпақ жұрт қой, шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар» деуінің мәні сынға ұшыраған топқа айтылған сөз. Себебі шамдану солардан шығады. Жалпақ жұрттың ішінде ақын назарында тұрған пенде шамданатындай жағдайға душар болған. Бұл – кемшілікке, олқылыққа, надандыққа толы ортаның жинақталған бейнесі. Ақын сөзі шамданатын жұрттың мінездемесіне асимметриялы өрісте. Солай бола тұра сөз төркінінен сол жұртты өзгеріске және жарасымға шақырған мақсат аңғарылады.

Абай оқырманының бейнесі реалды өмірде жөнге жүретін, ақын позициясына үйлесе кететін оқырман емес. Олай болса өз дәуірінде шығармаларының оқыла қоятын мүмкіндіктері де шамалы.

Жағдайдың осылай қалыптасуы шығармашылық актының бағыт-бағдарына да, мән-маңызына да ықпал ететіні Абай өлеңдерінің структуралық бітімінен аңғарылады. Көңіл-күйді жайлап алған сәйкессіздіктің мәні ұйтқы сөз (доминант) ретінде саналы әрекеттің мазмұны мен нәтижесіне қайта оралып, зердеде жаңғырып тұратынын көреміз. Абайдың өзін толғандырған, қолына қалам ұстатқан, жан-дүниесінің жарасына дауа іздеген әрекетін үнемі қайта бағамдауы – шығармашылық актпен тығыз байланысты.

Нәтиже не берді? Істеген істен не шықты? Абай үшін бұл іс – нәтижесі аз, күйігі мол, жан азабын тарттырған, мақсатқа жетпеген іс болып шығады. Талай рет ойға оралып, сезімді қозғаған жағдай айтылған сөздің (өлең), арадағы қатынастың, өткен өмірдің мәнін қайта таразыға салдыртты. Тіршіліктің мәнін іздеу үнемі санада тұрды. Көңіл-күйдің сергелдені жан дүниеледе жаңғырып отырды.

Өтті өмірім,
Қайтты көңілім
Бұл дүниенің ісіне.

Жасы құрбы,
Жаны тұрғы
Дос па деген кісіге.

Ел керексіп,
Сөзге емексіп,
Не болады мақтаның?

Пейілі шикі,
Ақылы күйкі,
Осы жұрт па тапқаның?

Ақын жанының күйзелісі – жолдаулы сөзінің діттеген жеріне бармауы. Алаңдаулы көңіл нысаналы межені анық белгілегенімен нәтиже көңіл көншітпейді. Бұл жағдай ақынның социуммен арақатысын экзистенционалды ойдың тезіне салып, ішкі дүниесінің дауасын рухани өрістен, адам өмірінің мән-маңызынан табуға бағыттады. Қуат беретін күшті, қажымас қайратты ақын рухани әлемнен іздеді, содан алды. Жанның жай табуы осылай ғана мүмкін болды.

Абайдың «Білімдіден шыққан сөз», «Сегіз аяқ», «Келдік талай жерге енді», «Өзгеге көңілім, тоярсың», «Менсінбеуші ем наданды», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Қайғы шығар ілімнен», «Адамның кейбір кездері», «Альбомға» (М.Ю.Лермонтовтан), «Ерекше естен кетпес қызық қайда?», «Дұға» (М.Ю.Лермонтовтан), «Қуаты оттай бұрқырап», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» сияқты өлеңдеріндегі шығармашылық актының психологиялық астарында ақынның абстрактылы оқырманмен арақатысын пайымдауы маңызды орында тұр.

Шығармашылық үдерістің нысанаға алған мақсатында орындалмаса да орындалуын күткен, кеселді қалпында қалдыруды қаламайтын анық мұрат-мақсат тұр. Бұл тұрғыдан келгенде Абай оқырманы – ақиқатында сол заманда оқымайтын көпшілік. Ақынның ойға алған оқырманы – бүкіл қазақ жұрты.

Сонда алдымен көкейге келетін түйткілді сұрақ мынау: өлең жазудың мәні неде және оны кім үшін жазасың? Бұл сауалға тоқталмай тұрып нысанаға алған абстрактылы оқырманнан күткен нәтиженің көңіл-күйдегі зардабына үніліп көрейік.

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып Тәңірім берген-ді.

Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық бір адам
Біздің сөзге ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Шықтық міне белге енді.

Оқырман – ұғымсыз. Оның жөнге жүретін, сөзге еретін түрі жоқ. Ақынның «білімсізбен алысуы» – сөзін өткізе алмауы. Өткен өмір өкініші – ақынды мазалаған ой-тілектен және арман-аңсардан оқырманның оқшау қалғаны. Өмір бойғы өршеленген әрекет – нәтижесіз.

Ақын өкініші өз ісінің терістігінен туындамайды, оқырманның ұғымсыздығынан келіп шығады. Өмір осы ортада өтіп жатыр. Солай бола тұра автор тұғырнамасында қайтпас қайрат бар. «Өршеленіп өлгенше» білімсізбен алысу – оның өмірлік ұстанымы. Бұл – бір орайы келгенде айтылған сөз емес, парасат биігіне алып шыққан өмірмәндік ұғым.

Сөз – соның нәтижесі.
Енді аяңда, жығылма,
Сыймас жерге тығылма,
Қой бұрынғы желгенді!
Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын тұйыққа,
Сергі, көңілім, сергі енді!
Балапан құстай оңдалып,
Қанатыңды қомданып,
Жатпа ұяда қорғанып,
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!
Көңілде қайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді!
Іште қайғы дерт пысып,

Көкіректі өрт қысып,
Айтуға көңілім тербенді.
Өзің жалғыз, надан көп,
Ұқтырасың сен не деп,
Әулекі, арсыз елге енді?
Тыныштық сүймей қышынып,
Өтірікке тұшынып,
Пәледен тұрмас шошынып,
Тұл бойын желік жеңген-ді.

Ақынның көңіл-күй пернесінен екі түрлі бағыттағы ахуалы айшықталып шыққан. Бірі – қайғы, мұң-зар, орындалмаған арман, істеген істің өмір өріне шықпаған сиқы. Екіншісі – жүдеген көңілге дем беріп, тұйықтан шығатын жолға қарай ұмтылыс. Көңілдің сергуі – сөз айтуды тоқтату емес, керісінше сөзді жаңаша өрбіту. Ақынның «айтатұғын сөзім бар», «өрбі, сөзім, өрбі енді!» деуі өзінің сөз айту миссиясын қайта пайымдаудан өткізіп, өмірдің межелі бір шағында жан дүние қиналысынан шығуды қалағанын көрсетеді. Тұжырым – ең алдымен ақынның өзі үшін, мұң-зарын басу үшін қажет болғандай. «Іште қайғы-дерт пысып, көкіректі өрт қысып» шыдатпаған жағдай, сөзді айтқыштықтан гөрі, дертті басу екені ақындық рефлексияның көрінісі.

Ақынның іште қайнаған қайғысының сөзге ақтарылуы – дертті жеңілдететін жол. Надандыққа ақынның қарсы қоятын қаруы – ақиқатқа, әділдікке сүйенген, соны ғана сүйген шын сөзі, көңіл қалауы.

Осы ретте «енді аяңда, жығылма, сыймас жерге тығылма, қой бұрынғы желгенді!» деген жолдардың мәні өлеңнің жалпы контексінде ақынның ендігі айтар сөзінің өмірлік тәжірибемен толысқанын, мән-жайға мұқият қарап, қанық болғанын белгілейді.

Туған жерді қия алмай,
Тентекті жеңіп, тыя алмай,
Әлі отырмыз ұялмай,
Таба алмадық өңге елді.

Абайдың нысанаға алған оқырманы жалпы жұрт дедік. Өзін тыңдаса да, тыңдамаса да, түзелсе де, түзелмесе де сөз төркіні осымен байланысты. Ақынның басқа өлеңдерінде айтылған «жүрегі – айна, көңілі – ояу», «көкірегінде болсын көз» дейтін оқырмандары көпшілік ішінен іріктеліп шығатын, беті бері қарайтын аз ғана бөлігі. Оларды

өзіне қаратудың арғы жағында тұрған қалаулы ырық – жалпы жұрт. «Тентекті жеңіп, тыя алмай, әлі отырмыз ұялмай», «арсыз елмен әуре етті», «адам қылмас халқым бар» сияқты тіркестердің мәні ақынның ойға алған оқырманымен арақатысын, қол жеткізген нәтижесін, дұрысы нәтижесіз аяқталған ісін анық аңғартып тұр. «Әлі отырмыз ұялмай» деген тармақтың мәні – арада ұғынысудың орнамағандығы. Автор оқырман ісінен, мінез-құлқынан ұялғанымен, олар ұялмаған қалпында. Бірақ сөз астарында мен «ұяттымын», сендер «ұятсызсыңдар» деген менменсу әсте жоқ. Сондықтан сөз өзіне жолданған. Сөздің түпкі мәні ұят ұғымының және автор ұстанымының өзінде қалғанын аңғартады.

Осы ретте «туған жерді қия алмай», «таба алмадық өңге елді», «тағдырға білдік көнгенді» жолдары ақын тағдырының өз халқымен байлаулы екенін анықтап білдіреді. Соған сәйкес оның диалогқа шақырып отырған оқырманы да сол ел.

Өлең былай аяқталады:
Барма топқа шақырмай,
Жат үйінде шатылмай,
Шыдармын ба, япырмай,
Жатуға шықпай үйде енді?
Қатыныңның ойнасын
Көрсен, білсең қоймасын,
Не ойлар едің өз басың,
Сонымен тең біз де енді.

Абайдың рухани жалғыздығының көрінісі – басқамен шатылмай, үйде жату. Мұны тура мағынасында үйден шықпау деп түсінбесек керек. Топтан бөлінудің мән-маңызы сананы жаншыған, үйлесін таппаған рухани алшақтық болғандықтан бұл істің салмағын көтеру үшін асқан шыдам мен сабыр қажет. Көппен үйлеспей ғұмыр кешу – ауырдың ауыры. Бұл жағдайды ақын әйелінің опасыздығын көріп-біліп отырған адамның көңіл-күйімен теңестіру арқылы өмірде орын алуы мүмкін ситуациямен ғажайып үйлестіреді. Ақын мен оқырман арасындағы өзінен басқаға түсініксіз қатынастың мәні ассоциациялық өріске осылай шығарылады. Автордың оқырманнан күтетін қайтарымды әрекетіне алатын жауабы – өз әдетіне қарысқан топтың қайырымы жоқ, опасыз қылығы.

Солай бола тұра ақында қалған ақиқат бар: оған – сенген, қиынына – көнген. Ауыр жүкті көтеру – саналаумен келген әрекет. Ақиқат – адасқан жұртпен бір болмау, адамдық жолынан айнымау.

Әзелде Тәңірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күңіреңтті,
Тағдырға білдік көңгенді.
Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар,
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар —
Тұла бойым шіміренді.

Абайдың ақындық тағдыры ел тағдырынан бөлінбейді. Оның жалғыздығы – рухани бағдарынан адасып қалған елдің саяқтанған жағдайын түзеу ниетінің нәтижесі. «Адам қылмас халық» – жалғыз қалған халық. Абай халықтың осы тағдырын түбірімен өзгертіп, оны адамзат көшіне қайтару үшін мәселенің қарсы тарабы – рухани жалғыздықты таңдады.

Экзистенционалды ойдың тезіне салынған әлеуметтік ортаның бейнесі ақынның жан-дүниесімен бірге әдіптеледі. Бұл екеуінің үйлесіп-үйлеспеуі, қарым-қатынастың қайшылықты болуы субъектінің сол ортадан өзіне орын белгілей алмауымен байланысты. Сыртқы дүние ішкі дүниемен зерделеніп, қарым-қатынасының мәні ой елегіне салынады [7, 40 б.].

Сонда Абайдың сынауы – тіл тигізу, жәбірлеу емес, санаңды ояту, жамандықтан бойыңды жиып алу, надандықтың өз басына қандай ауырлық әкеліп жатқанын бүкпесіз жайып салу.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан ұялып.

Барымта мен партия —
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?

Татулықты, тыныштықты
Қоңыр көрер, кем көрер.
Ұрлық пенен қулықты
Қызық көрер, өңі енер.

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы?

Келеңсіз қылықтар мен кеселді әрекеттер авторды қажытқан. Кемшілікті бетке басып, нұқыған-түрткеннен гөрі ауырлығын өзіне алған ақынның жан күйзелісі оқырманды ортақтастырмай қоймайды. Ұялған өзі, өзгелердің еркіне қол сұқпайды. Ал өткір сын үшінші жақта, «оларға» айтылған. Олар – көп, барша жұрт. Кеселді мінездемелердің ішінде кім бар, кім жоқ – оны оқырман өзі шешеді.

Автор баттасқан кемшіліктердің жанды жаралаған зардабын қалың жұртпен бөлісіп отыр. Адресатты өзімен бірге болуға, түсінуге және сезінуге шақырады: «Сендерге де қанықпын, жұртың анау баяғы», «мұндай елден бойың тарт, мен қажыдым, сен қажы!».

Ақынның іздеген жақтастары надан атанған көпшіліктің ішінде. Олар ситуацияның рухани салмағын, әлеуметтік мәнін сезіну арқылы ғана автормен ортақтаса алады. «Сен» адресаты ақын жағына шығатын оқырмандар.

АҚЫН ЖӘНЕ ОҚЫРМАН

Абайдың оқырман туралы ойы, өлеңнің мазмұны, әлеуметтік жүгі, өлең жазудағы мақсат, қиыннан қиыстырған сөз, саудаға салынбайтын сөз айту миссиясы, надан жұрт сияқты өзара байланыстағы тақырыптық бірліктер ойлаудың біртұтас бағытына біріктірілген. Осы үдеріске қарай бұл бірліктер бірін-бірі толықтыратын, бірін айту арқылы келесісіне өтетін психологиялық ахуалдың сындарлы белгісіне айналған. Ахуал осы бірліктермен үздіксіз байланыстағы континуумдық ұғымдар ретінде көңіл-күйдің, мақсатты әрекеттің, өз ісін қорытындылаудың нәтижесі қатары саналанады.

Осыған орай мәселенің эстетикалық қуаты да айшықталып шығады. Себебі осы тақырыптық бірліктерді өзара өрелестіру өлең жазудың өзегіне айналады. Бұларды жалғасып жатқан ой мен сезімнің бірыңғай ағымына біріктіру – эстетикалық өрісте ғана жүзеге асатын іс болып шығады [5, 38 б.]. Дені рухани жүк арқалайтын абстрактылы сипаттағы түсініктер, көңіл күйдің қалауын, сезім иірімдерін жеткізетін ұғымдар жиынтығы.

Мәселе осы тақырыптық бірліктердің шебер қиюласып, көркем баяндалғандығымен шектелмейді. Олардың әрқайсысының субъект өмірінен алатын орыны және мән-маңызы тексеруден өткен, ой мен сезімнің таразысына түскен саналы әрекет ретінде іріктелген. Эстетикалық жүктемесі өмірлік тәжірибемен бекітілген.

Тақырыптық бірліктердің өзара тіркесуі олардың әрқайсысына жаңадан мағына үстемелеп, семантикалық өрісін тың санатта біріктіреді. Байланыс күші ой мен сезімнің жаңаша үйлескен эмоционалдық, эксперссивтік мазмұнын белгілейді. Ақын мен социум арасындағы қарым-қатынастың мазмұнынан, оқырман мінездемесінен, өлең жазудың қайтырымсыз нәтижесінен, Ж.П.Сартр айтқандай, бұрын белгісіз жаңа туынды дүние (сотворенная вещь) пайда болған [8, 11 б.]. Ол дүние ақынның жан күйзелісінің түйінді айғағы ретінде қайнап шығады.

Осы ретте назарға алатын айрықша бір мәселе бар: тақырыптық бірліктердің өзара үйлесіміне жан беріп, рухтандырып тұратын күш-қайрат орын алмайынша бұл бірлікке қан жүгіруі қиын. Онсыз әсері әлсіз, қуаты кем, жасанды жолмен жиналған ұғымдар ешкімді де тебіrentпесі анық.

Абай өлеңдеріндегі тақырыптық бірліктердің үйлесімі – олардың әрқайсысының жанға ауыр тиген, қиналыстан өткен шама-

шарқымен келіп қиюласқан. Өлең жазу мақсаты, оқырманның жағдайы, өзінің әлеуметтік ортадан алатын орыны, өмірінің мәні, ақын ретіндегі қызметі – әлде кімге есеп беретін баяндау сөз емес. Бұл – Абай өмірінің, ақындық миссиясының түйінді тұсы. Мұң-зарды, жапа шегуді, жұрттан қалған көңілді белгілеп, бедерлеп қоюдан бұрын сол үдерістердің анық өзін, күйзелістің мәнін жеткізу маңызды.

Эстетикалық тұрғыдан алғанда сезімге өткел берген феноменологиялық ахуал үшін оқырманның оқымайтындығы, социумның түзелмейтіндігі, өлеңнің не үшін жазылғандығы, наданның надандығы сияқты ұғымдар – жан азабының себеп-салдарлы түрткіжайты (факторы). Бірінші кезекте тұрған хал – ақынның осы жағдайлардан және келеңсіздіктерден қиналған жай-күйін, жан күйзелесін жайып салғандығы. Сыр ақтарылды, иықтан ауыр жүк түсті. Сөз межелі жеріне айтылды. Бізді ақын жағына шығаратын экзистенционалды қарым-қатынас осыдан өрбиді. Ақиқат сананы шарпып өтеді.

Абайдың ішкі әлемін жаулап алған мұндай дүниенің соқтықпалы ізі орайы келгенде орала салатын сөз емес. Оның ақындық қызметін үнемі таразылап тұратын толғамды ойы осыған келіп тіреледі. Өлең жазуды социум мінездемесінен бөліп қарамайтын ақын үшін басқа бір бағыт, идеологиялық мазмұн, мүдделерді біріктіретін қондырма мәнді идеялар жүйесі орын алмаған. Басты нысана – социумының өзі. Мақсат – сол жұртты жөнге салу.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды.
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Өлеңнің мазмұны мен жазылу мақсаты оқырман жайымен бірге әдіптелген. Таң қалудың мәні – сөзді ұқпайтын қауымның құлағын түрген, бірақ ұғымсыз халін аңғартады. Оларға айтылған сөз басқа,

мүлдем жаңа мазмұнда өрнектелетіндіктен тосаңсудың орын алатыны анық.

Бір назар аударатын мәселе – оқырманның оқитыны емес, құлағымен тыңдайтыны. «Алдыңғы айтқанды ұқпай тұрып, және айта бер» дейтін жұрт – ауызша дәстүрге үйренген, «батырды, қызды, қызықты қыздырмалатып айтқанды» күтіп отырған қауым. Ауызша айтудың талғамымен қалыптасқан жұрттың үйреншікті өз сұранысы бар. Айтқан сайын қызықты оқиғалардың легі үдей түсіп, тыңдаушылар бір желпініп қалады. «Айтшы – айтшылап жалынар, ұққыш жансып шабынар» көпшілік осы.

Абай өз сөзін мүлдем басқа арнада өрбітетінін, енді өлеңнің мазмұны да, айтылу (жазылу) формасы да өзгергенін ескертіп отыр.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Сөздің түзелуі оның әлеуметтік мазмұнымен, сатылмайтын бағасымен байланысты. Ол – ақылдың, ардың, намысты қайрат-жігердің, ұяттың адалдықтың, әділдіктің таразысы.

Тыңдаушының түзелуі – «көкірек көзінің ашылуы», талаптануы, түзелген сөздің мәніне ынта қоюы, надандықтан алыстап, адамдыққа бет бұруы.

Екі ортадағы байланыстың дәнекері болу – ақынға да, тыңдаушыға да ортақ. Тыңдаушы тарапынан қайтарымды әрекет болмаса, онда бұл жағдай – ақынның қайғы-қасіреті, сөз айту мақсатының орындалмағаны.

Абайдың тыңдаушыларды сабырға шақырып, сөз мәніне ой жіберіп, жүрекпен, көкірек көзімен қабылдауын үнемі ескертіп отыруы жайдан жай емес. Бұл түптеп келгенде тыңдаушыдан гөрі оқырманнан күтілетін нәтиже. Социум мінездемесі осылай болғандықтан бұл жағдаймен ақын санасуға мәжбүр. Алайда ауызша тыңдау ақын мен социум арасындағы үйлесімсіз құбылыстың бірі ретінде жанға жайсыздық, шығармашылық үдеріске қолайсыздық тудыратын жағдай.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін, –
деп отырған Абайға, оның шығармашылық психологиясына «құлағымен қармайтын», «қисық-қыңыр, қырын келетін», «және айта

бер» дейтін, «ұқпай жатып жалығар» қауым қалап алған тыңдаушы да, оқырман де емес. Себебі сыдыртып өте шығар сөздің ойға да, бойға да жұқпайтын сырын Абайдай білген ақын кемде-кем.

Бұл жердегі ең түйткілді мәселе – ақын сөзінің ауызша немесе жазбаша түрде жеткізілетіндігінде ғана емес. Мәселе ақын сөзінің ішінен қайнап шыққан, арыдан келген аса күрделі жаратылыс табиғатында. Осыны алдымен аңғарған тұлға – А.Байтұрсынов. Ол былай деп жазды: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықса, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады» [9, 217 б.].

Пікір Абай сөзімен бір жерден шықты: «шу дегенде құлағың тосаңсиды өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей». Құлақпен қармау да, шапшаң оқу да – Абай шығармаларына жарамсыз іс. Бұл үдерістің сырын түсіну – сырттан тон пішіп, долбарлай салатын пікірлердің санатына жатпайды. Мәселе шығармашылықтың ішкі табиғатымен астасып жатыр. Өлеңді қағазға түсіріп отырған Абайдың сөзі көңіл көзімен, терең оймен жазылғандықтан, оның осындай деңгеймен қабылдануын да қалаған ырқы бірге. Бұлар – сәйкестікте орайластырған үдеріс нәтижесі. Өлеңнің тууы бір ғана тараптан болған әрекет сияқты көрінгенімен, оның мазмұнында қабылдаушының абстрактылы бейнесі тұрады дедік. Онсыз қанша жазылса да, не жазылса да объектіге айналмайтын шығарма автор үшін де, оқырман үшін де мәнсіз әрекет.

Осы үдеріс туралы Ж.П.Сартр былай дейді: «Но процесс письма подразумевает процесс чтения как свой диалектический коррелят, и эти два различных исполнителей. Лишь благодаря соединенным усилиям автора и читателя возникает такой конкретный и воображаемый объект, как продукт умственного труда» [8, 48 б.]. Оқырманның мінездемелік сипаты шығарма мазмұны мен структуралық бітіміне ықпал етеді. Мақсаттың алдан шығатыны автор үшін күтілетін жағдай болғандықтан ол санада тұрады.

Сол үшін де Абайдың тыңдаушылардан (оқырмандардан) қалған көңілі зіл батпан. Өмірлік ұстанымдардың социуммен үйлеспеген жағдайының зардабы осы. Бұл ахуал ақын жан дүниесінің ең бір жаншылған тұсы. Өте шығатын, уақыт факторымен ысырып тастайтын шаруа емес. Бір қызығы осы бір ой шырмайтын көңіл күйдің жағдаяты қайталамалы екен.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан
Қалғып кетер артынан.

Абай өлеңдерінде доминанттық мәнге ие болған эстетикалық тақырыптық бірліктің бірі осы – тыңдаушылардан қалған көңіл-күйдің жайы. Ой мен сезімнің нысанасына алынған бұл жағдай жұртшылықтың жай ғана құлақ аспайтын қылығы емес, мәселенің әлеуметтік салмағының ауырлығында.

Абайдың ойға алған оқырмандары (тыңдаушылары) және кеселді мінездемелердің қайнар көзі болған социум бірге, бір құшаққа буып-түйілген. Жөнге жүрмейтін, тыңдамайтын, надан қауым – Абайдың саналы түрде сөзін арнаған, түзетпек болған қалың елі.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тілінді алмас,
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсін бұйрығың.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын

Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?

Абайдың жалпақ жұртқа арналған сөзі – өлеңдері. Сөз айтудың мәні –өлеңдердің мазмұнында жинақталған. Бұны бір мінберде, не болмаса жиындарда айтылған сөз деп түсінбейміз. Ықылассыз жұрт – өлеңді қабылдамаған жұрт. Демек бастағы оқырман санатында тұрған ұғым осы қалың жұртпен байланысты түйінделген. Ақынды күйдіріп отырған жәйт – осы жұрттың тыңдамайтындығы (оқымайтындығы) және соған сәйкес түзелмейтіндігі.

Контекстен аңғарылатыны – жұртта оңалатын ниет жоқ. «Қайрылып сөзді кім ұқсын» тіркесі сөзді естісе де естімеген, ұқса да ұқпаған, есті сөзден қашқан жұрттың халін жеткізеді. Осыдан туған зауалды салмақ барша ауырлығымен ақынның өзіне түсіп отыр. Бұл жағдай ой мен сезімнің бірлескен, айрықша жан азабын тарттырған қайғы-дерт ретінде эстетикалық өріске шығарылған.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!

Енді анық болды. Ақынның жалғыздығы – оқырмандарының жоқтығы. Сонымен бірге жөнге жүретін, ақын дертін бөлісетін жанның жанынан табылмауы. Психологиялық ахуал өмірден алынған ащы шындықтың ақын рефлексиясында осылайша оқырман және социумның бірлескен бейнесінде көрініс тапқан. Көңіл күйдің түкпірінен орын алған бұл жағдай ақын үшін түйінді мәселеге айналғанын байқаймыз.

Сөз болып отырған «Сегіз аяқ» өлеңінің жазылған мезгілі 1888 жылдың шамасы. Абай мұнан кейін де талай рет өлең жазған. Сондағы түйткілді сұрақ мынау: не үшін тағы да өлең жазылады?

Бұл жағдайдың жауабын алдымен ақын өлеңдерінен іздеп көрейік.

Соның бірін осы өлеңнен табамыз.
Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Мақсұт – алыс, өмір шақ.
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожақ?!
Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес.
Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ.
Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір.

Адамға өмір шақталып берілген. «Не болады құр қожақ?!» – физиологиялық өзгерістің нәтижесі. «Мақсұт алыс» – рухани дүниенің өлшемі.

Надандарды түзетуге қысқа ғұмыр жетер емес. Солай бола тұра ақын үшін бұл «қайтар жол емес». Жол азықтың аздығы – нәтиженің көңіл көншітпейтіндігі. Жалғыздың мыңға, жөндінің жөнсізге сөзі өтпейтін заман туған. Айғаймен кеткен қу өмір – орындалмаған мақсұт. Сонымен бірге мақсұттың «алыстығы» рухани азықтың өліммен бітпейтінін де аңғартып тұр.

Жолдан қайтпаудың мәні – рухани беталыс. Қысқа ғұмыр, адасқан жұрт оған тосқауыл бола алмайды. Сөз айтудың, жөнге салудың, мыңға қарсы шығудың мәніне тек қана рухани дүние өлшем бола алады.

Аса күрделі ұғымдардың эстетикалық феноменологиялық редукциясы ақынның жан сезімі ретінде көрініс табуы – мұң-зар, жеке адамның трагедиясы қатары бейнеленеді. «Қайратым мәлім, келмейді әлім», «қадірлі басым, қайратты жасым», «қорлықпен өткен қу өмір» тіркестері әсердің жанға әкелер зардабын батырып жібереді. Тыңдамаған елге ыза болғандай күйге түсесің. Сөздің эстетикалық қуаты тыңдаушыны да өзімен бірге шарпып өтеді.

Өлең адресаты және оның нысаны болған жалпақ жұрт ұғымының бір бағытта, бір арнада зерделенуі сөздің әлеуметтік мазмұнын, жазылу мақсатын, сатылмайтын бағасын да бірлікте

қамтитын континуумдық ұғымдар тобын құрайды. Олар ой мен сезімнің бірыңғай ағымына үйіріліп, нәтижесінде тұтас туынды (Сартр) дүниеге келген.

Ендігі жерде жоғарыда айтылған тақырыптық бірліктердің феноменологиялық тұрғыдан жинақталу сипатына назар аударайық. Себебі өлеңнің объектісі болған жалпақ жұрт (социум) ұғымы – сөздің әлеуметтік мазмұны, сөз айтудың мәні, оқырманның жайы, сөздің нарқы мен парқы сияқты ұғымдармен бірлесе келіп, автордың тұғырнамасында өзара байланыстағы ой жүйенің бір тұтас белгі-нышаны болғанын көріп отырмыз. Бұл ретте оқырман (тыңдаушы) және жалпақ жұрт ұғымдары бір контексте, *негіздеуші ұғым* (конституирования) ретінде қолданысқа ие болғанын аңғару қиын емес. Сөздің қоғамдағы рөлі, сөз айтудың тәжірибелік нәтижелері осы ұғымдардың төңірегіне үйіріліп, осымен байланысты өрнектеледі.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінің дінгекті идеясы – жазудағы мақсат, айтушы мен тыңдаушының надандығы, жаңа мазмұн, бұрын малға сатылып келген сөз туралы толғамды мәселені қамтиды. Ой мен сезімнің түйінді жері: «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел, сендерге де келейін енді аяндап».

«Ақыл сөзге ынтасыз» жұрт енді түзелген сөзге ден қоюы тиіс. Өлең былай аяқталады:

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Бір қарағанда осы шумақтың өлең идеясына тікелей қатысы жоқтай. Байыптап қарасақ, бұл жолдардың мәні, керісінше, сөздің бағдарламалық жүгін толықтай арқалап тұр. Абай өлеңдерінің әлеуметтік салмағын, идеялық мазмұнын жинақтайтын түйінді мәселенің феноменологиялық редукциясы осылай өрнектелген. Бұл – оқырман ретінде ойластырылған жалпақ жұртқа айтылатын сөздің тоқ етері, әрі олардан күтілетін нәтиженің де тұжырымдалған үлгісі. Сөздің әлеуметтік салмағы және оқырман туралы ұғым бір контексте, өзара байланыста зерделенген. Оқырманға айтылатын сөз – оның мінездемелік сипаттамаларын негізге ала отырып, мақсатты түрде бағытталған сөз. Оның құндылығы – оқырманды өзіне шақыратындығы [8, 54 б.].

Ақынның түзелген сөзі – адамгершілік қасиеттердің әлеуметтік контексте, ұлт болашағымен, өмір сүрудің мәнімен байланысты жаңаша зерделенуінде.

Өлеңнің кімге және не себепті жазылғандығы – оның мазмұнын айқындайды. Осындай туындының бірі – «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол». Адам өмірінің тал бесіктен жер бесікке дейін өлеңмен және әнмен әдіптелетін мәніне ой жіберген Абайдың жинақтауында – сөз қадірін түсіруге болмайтын мазмұн оның әлеуметтік қызметімен таразыланады. «Мағынасы түзу» өлеңнің сипаттамасы өмірмәндік контексте ғана анықталады. Өмір мен өлеңнің жұптастығы – жалпақ жұртқа қоятын талаптың өресін ақыл-парасаттың биігіне көтереді.

Абайдың көзқарасында бұл сөз сатылуға тиісті емес.

Сый дәметпе, берсе – алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйсінерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.

Оқырман – жалпақ жұрт құрылымы өлең мазмұнымен қоса, оның сатылмайтын қызметін де бағамдайтыны анық болды. Дұрысы – ол сөз белгілі бір мүддеге орайластырылады. Абай үшін мұндай мүдде – сөз қадірін кетіретін мәнсіз әрекет. Себебі ол қоғамда мүдделі сөзге тапсырыс беретін, сөздің әлеуметтік салмағын таразылайтын қоғамдық құрылымның өзі дүниеге келмеген. Жанға жағатын мақтау сөз әр жерде-ақ, әркімге-ақ мал үшін айтыла беретін құнсыз дүние.

Абай бұл көрініске жан-тәнімен қарсы. Мұндай сөз бен өз сөзінің арасы жер мен көктей. Абайдың алдымен бойын аулақ салған әрекеті – сөз қадірін түсірмеу. Бұл әрекет – өлең сөздің мақсаты мен мазмұнын әлеуметтік салмағымен бірлікте пайымдаудың редуциялық түзілісі екені анық.

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Тақырыптық бірліктердің тағы бір эстетикалық түзілісі алдымыздан шықты. Мазмұны ақынның басқа да өлеңдерімен тәркіндес. Доминанттық ұғым ақын жанының қиналысы ретінде өрнектеліп шыққан. Ойын-сауықтың ойда жоқ болу себебі – алға

қойған мақсатпен қабыспайтындығы. Бұл жол ақынның әуел бастан таңдаған, сөз өнерінің қызметімен бірге саналған әрекеті екені мен мұндалап тұр. Тіл ұстартудың мәні сөз мазмұнымен бір қатарға, бір оралымға қойылған. Таңдау – басқалар салған жол емес, өзі қалап алған «соқтықпалы соқпақ». «Соры қалың соққы жеген» ақынның жан айқайы да осыдан өрбіп шыққан. Өлең жазудың мәні және жалпы жұрттың жайы іштей байланысқа түсіп, тірлік-болмыстың мазмұнын белгілеген. Надандықпен алысу – түптеп келгенде, жайсыз жағдаймен, қарсылықты әрекетпен бетпе-бет келу. Бұл жерде думан-сауыққа орын қалмайтыны айдан анық.

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық – кәннің бірі¹,
Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындай наданның жыртты бірі.

Тағы да сол жасыған көңілге демеу болған амал – өлең жазу. Көп дүниені көргеннен кейінгі кірлеген көңілдің іздегені өлеңнен табылған. Өлең – рухани айықтыратын, кірді тазартатын, көңілді ашатын күш.

Оқырман – *жалпақ жұрт* құрылымының ақын көңіл-күйіне ұялаған зардабы – жалғыздық сезіммен де үндесіп жатыр. Көңіл-күйдің осы бір жағдайы әрі өлең жазудың мақсатымен, әрі одан алған нәтижемен байланысты аңғарылады. Қалай болған күнде түйткілді мәселе оқырман жағдайымен де, ақынның ішкі дүниесін демейтін өлеңнің рухани салмағымен де бірлікте зерделенген табиғаты буырқанып тұр.

Абайдың ақындық қызметінің түйінді қорытындысы қатары қабылданатын өлеңі – «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын». *Оқырман* – *жалпақ жұрт* контексіндегі өлең жазудың өмірмәндік нәтижесі жазудың мақсатымен, мазмұнымен, сол жұрттың әлеуметтік жағдайымен бірлікте тұтастай бағамдалады.

¹Кән (арабша) – кен, кеніш. Ауыспалы мағынада: мейірімділік бастауы, қайырымдылық, ізгілік.

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып алаңдама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

Мақсат орындалмапты, нысаналы меже алынбапты. Адасып қалған жұрттың «қамалған» қалпы өзгермеген. Ақынның сөзі «ішкі мұзды» ерте алмаған.

Сөздің эстетикалық қуатының күштілігі сондай, ішкі дүниедегі ашылмаған «жүрек көзінің» жағдайын ерімейтін мұзға баламалау – теңдессіз ассоциациялық өріс тудыратын ұғым. Ақынның нысанаға алған оқырманының ішкі дүниесі ерімейтін, жөн сөзге ермейтін болып шықты. Әңгіме үшін шығарылмаған мақсатты сөз өз міндетін атқара алмаған.

Осыдан аса қызықты психологиялық ситуация туындайды. Өлеңді оқып отырып, қай тарапқа өтуге болар еді? Сөзсіз, ақын жағына. Себебі ішіне мұз қатқан, сөзге ерімейтін топтың ішінде қалу «арланып ұялатын» іс. Ақылсыздың қылығы осыған өлшем. Ал «көздің жасымен, жүректің қанымен» жазылған сөз, ерте ме, кеш пе, іштегі тоңды жібітпей қоймайды. Түзу іс, мазмұнды әрекет, мәнді тіршілік осы жақта.

Абай көзқарасында жалпақ жұртты жолға салатын амал – сөздің қуаты мен мазмұны. Сондықтан да ақын сөзі ертегі де, ермек те, думан-сауық те емес.

Өлеңнің соңғы шумағы тағы да сол тақырыптық бірліктердің ішінен сөздің әлеуметтік статусын маңдай алдымызға алып шығады.

Абайдың ақын ретінде толғануының да, қиналуының да сыры – шығармашылық психологиясының қазақ жұртымен және оның тағдырымен байланысты түйткілді ойымен біте қайнасып жатқандығында. Бастағы ойға алған оқырманы да осы жұрт.

«Өзеге көңілім, тоярсың» өлеңінің соңында ақын сөзді кімнің ұғып, кімнің ұқпайтынын, реалды оқырманның сол қалың жұрттың ішінен шығатынын анықтап бөледі.

Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.
Не пайда бар - мың надан
Сырттан естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті
Ішкі сырын аңғарсын.
Өздерің де ойландар,
Неше түрлі жан барсың.
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсың.
Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнаарсың?!

Оқырманның жайы осылай болғанда ақынға не қалады? Сарнаудың мәні неде? Сөз далаға айтылып тұр ма? Сөздің «ішкі сырын аңғарған бір есті» нені өзгерте алғандай?

Оқырмандар жалпы жұрттың ішінен іріктеліп шығатын аз ғана саналы тобы екен. Олардың жолы надандармен бір емес. Ақын үшін біреу де болса өз жағына шығатын, сөз мәнін аңғаратын тұлға маңызды.

Әйткенімен сөздің о бастағы нысанасында бөлінбеген жұрттың тұтас бейнесі тұр. «Кім таныса сол алсын» тармағы бөліп-жармағандықты білдіреді. Күтілетін нәтиже – жүрегімен тыңдайтын оқырманның көп болуы. Шығармашылық психологияның алғышарты көпшілікті надандықтан алып шығу ниетімен байланысты. «Мың надан», «неше түрлі жан», «даладағы аңдар» сөз тыңдап социум ретінде жөнге жүріп, түзелуге бет бұруы тиіс қауым.

Ақынды толғандырған ойдың бел ортасында – адасқан жұрт. Оны жылатқан да, өлеңді жазғызған дерт те сол көпшілік.

Қазақ жұртының әлеуметтік бейнесі мен мінездемесі ақынға дерт болып жабысқан. Ақын үшін бұл дерттің емі біреу-ақ: үздіксіз күресу, сананы өзгерту, сөзді сол үшін айту.

Өлеңнің тууына қозғау салған психологиялық үрдерістер ақын санасына ауырлық әкелген әлеуметтік себептермен бірлікте зерделенетіні байқалып тұр. Ақынға тән сезім дүниесінен құралатын эстетикалық бейнеліліктің астарында тұрған ахуал – өзі мен өзгелердің ортасындағы рухани сәйкессіздік. Жан дүниенің қажеттілігі, көңіл-күйдің түрлі пернесі, іздеген азығы енді өлеңнен табылады. Ақынды сабасына түсірер жауап та, өзімен өзін қалдырар тағат-төзім де осында.

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.
Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.
Қара басқан, қаңғыған,
Хас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.
Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.
Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.
Мендей ғаріп кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.

Абайдың өзі үшін өлең жазудың мәні толық ашылған деуге болады. Әлеуметтік ортадан қалған «қара көңіл» осылай ғана дәтке қуат, дертке дауа жолды тапқан. Ақын дерті – психологиялық «капитал». Жазудағы мақсат – өз жүрегін толғанып, кеселді құбылыстың рухани салмағын өз ішінде таразылау арқылы бір шешімге келу. Шешім дертін ақтарып, қалауын білдіру,

шығармашылық психологияның жаңа түзілімдермен аяқталатын нәтижелерін қорытындылау.

Абай жағдайында қоғам дертімен ауырған тұлғаның мұнан басқа жолы, өзіне де, өзгеге де ем болар шипасы, рухани ахуалды айықтырар амалы табыла қоюы қиын. Тіпті жоқ есебі. Ақын ақиқатындағы жалғыз жол – осы. Таңдау – психологиялық шығармашылық үдерістер арқылы жүзеге асқан. Іштегі дерт зарлау, жас ағызып жылау ғана емес, барынша «қызыл тілді» сайрату, «жылай-жырлай» дертті шығару, шығар жолды іздеу. Дерт пен сөз «әуелейтін», «қалқитын», «от жалын боп шалқитын» құбылыс. Ақынның жан қалауы осында.

ТҰҢҒИЫҚ СЕЗІМ

Ендігі жауабын күтіп тұрған түйінді сауал – Абайдың өлең жазуына, ақындық жолға түсуіне итермелеген жағдай тек осы әлеуметтік қайшылықтардың жанға тигізген зардабы ғана ма? Олай болса, табиғат туралы, ғашық сезімді асқақтатқан, жақындарын жоқтаған, немесе көңіл-күйдің қуанған сәттерін арқау еткен өлеңдердің жаратылу себептерін, эстетикалық өрнектелуін немен түсіндіруге болар еді?

Сөз жоқ, әлеуметтік қайшылықтардың, адам мінездемесінің Абайдың өлең жазуына түрткі болғаны, оқырман ретінде жалпы жұртты таңдағаны оның шығармашылық психологиясының көптеген қырларын ашып берері анық. Алайда өлең жазудың бірден бір себебі осыған ғана тіреліп тұрған жоқ. Әрбірден кейін бұл жағдай шығармашылық үдерістің себеп-салдарлы нәтижелерін зерделеудегі түйінді мәселені толықтай тарқатып бере алмайды. Себебі өлең жазудың қозғаушы күші ең алдымен субъектінің жазу үшін ерекше трансценденталдық эстетикалық өріске шыға алатын қабілет қарымымен байланысты.

Ойлау мен сезім дүниесінің эстетикалық өріске өтуі – әлдебір әсерден, көңіл күйдің түрлі жағдайынан, қоршаған дүниенің өзгеше үйлесімін тауып, өз бетімен біріктіруден барып тілге шығатын үдеріс. Бұған көңілдің толуы да, толмауы да, толқуы да, қобалжып, абдырауы да, тіптен, қайғы-қасірет те, шалқыған шаттық та нысан бола алады. Соған сәйкес көздеген мақсат, болмыстың түрлі мән-жайы белгілі бір тақырыптық бірліктерге көше алады.

Ақын таңдауы – дүниенің бейнесін, өзара байланысқан себеп-салдарлы көрінісін өзінше ұштастыру, жаңаша қарым-қатынысқа ұластыру; осылайша байланыстың түрін молайту арқылы жаңа туынды дүние жасау. Атам заманғы өтіп кеткен оқиға мен дәл қазіргі көңіл күйдің арасына, ғашық болған жігіттің албыртқан сезімі мен кәрі шалдың құлазыған жан дүниесіне, жапырақтың сыбдыры мен жүректің дүрсіліне байланыс орнатқан әрекет – суреткер жаратқан тың туынды дүние. Байланыс сезімге, суреттілікке, бейнелілікке, субъектінің көзқарасындағы талпынысқа және көңіл күйдің қалауына қарай орнайды. Мейлі ол сөзбен, мейлі ол әнмен бейнелі көріністі көз алдымызға келтіреді, жадымызда жаңғыртады.

Ақынның өз ісінің мәнділігін, қоршаған дүниенің түрлі құбылыстарын және нысандарын санамен, сезіммен біріктіре алатын қабілет-қарымы, аңғарғыш қасиеті, түйсінуді, ақылға түйюі – өлең

жазудың басты психологиялық алғышарты. Ақын өз қабілетін сезінген сайын дүниенің түйткілді мәселесіне дендеп кіріседі. Өнер дүниеден қашудың да, оны игеріп иілтіп алудың да жолына және тәсіліне айналады [8, 43 б.]. Мұны сезінген ақынның өз өнерімен қоштаса салуы қиын. Себебі – тым тереңде. Салдары – экзистенциялық ойлаудың мотивациясында.

Экзистенционалдық анализдің тұжырымдамалық түйінін айтқан А. Лэнгленің пікіріне жүгінер болсақ, бұл жағдайды адамның жеке-дара феноменологиялық мінездемелік ахуалының психотерапиясы ретінде қарастыра аламыз. Үдеріс мақсаты – адамның өз еркімен күйзелісті бастан кешіруін, шындыққа сай позиция ұстауын, сөйтіп өзіне де, өз әлеміне де жауапкершілікпен қарауын қамтамасыз ету болып табылады [7, 15 б.].

Ақынның бейнелі көруі мен экзистенционалды ойлауының бір араға келуі – шығармашылық үдерістерге қозғау салған себеп-салдарлы жағдай. Үдеріс ақын дүниетанымында іштей диалогтық қатынас орнатады: сыртқы дүниемен де, ішкі дүниемен де үйлесім табу түсінігі айшықталып шығады [7, 50 б.]. Үйлесім орнады ма, әлде жан дүниеге зардабын тигізді ме, оның бәрі ақын дүниетанымынан өткізіледі.

Бұл үдерістердің рәсімделуі мен жинақталуы – ақын жаратқан туынды дүниенің сөзге өтуі, өлең түрінде жүзеге асуы. Буырқанған, іште қайнаған, сыртқа шықпасына қоймаған ұғым, ерікті шешім – түйінді ой, түйдектелген сезім түрінде сыртқа шыққан.

Абайдың өзін сыртқы дүниемен орайластыру (самоотнесенность) үдерісі экзистенционалды диалогқа негізделген қатынастың бір ғана тарабын қамтиды. Екінші тарабы – ішкі дүниедегі үдерістердің психологиялық тұрғыдан қалай жүзеге асуымен байланысты. Ақынның ойы мен сезімінің өрнектелуіне өткел болған көркемдік тәсілдер, бейнелеу құралдары, айшықты сөздер мен тіркестер мәселенің туу себебін емес, салдарын ғана куәландыра алады.

Ақын сөзден бұрын өзі жарататын туынды дүниемен іштей байланыс орнатады. Сөз – таңба емес, нысанның өзі.

Сөз заттай айғаққа, жаратылған дүниенің баламасына, көңілмен көрерлік белгісіне айналғанда барып тілге шығады. Үнсіз байланыс сөз арқылы заттанады [8, 15 б.].

Үдеріс аяқталғанда барып не болып, не қойғаны, қай сөздің қайдан келгені алдымен ақынның өзіне мәлім бола бастайды. Себебі ақын өлең жазу үдерісінде сөз құрастырумен әуре емес, сезіммен, оймен бірге келген ерекше хал-жаймен «арпалыс» үстінде. Хал-жай

сөздердің сомасымен белгіленбейді, органикалық бірлігінен келіп шығады. Түптеп келгенде, бұл үдеріс тілге көшкенде көп нәрсені жоғалтады. Себебі өлеңнің туу үдерісіндегі ішкі дүниеде жүріп жатқан үнсіздіктің бәрі бірдей тілге шықпайды [8, 49 б.].

Ақынның осы жағдайының табиғатын түсіну үшін өлеңдеріне жүгінген абзал. Онда да әлеуметтік салмағынан гөрі, жанға залалсыз, күйінішінен гөрі сүйініші алда жүретін табиғат лирикасын пайымдап көрейік.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы¹ жүр, ол – бір керуен.
Қай ауылды көрсең де, жабыраңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл серуен.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңісіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы.
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы.

¹Астық екпеген ел басқа елге түйемен барып астық алып қайтады, сонда түйе бос барады да, шом артады.

Киіз үйде отырған ауылдың жүдеу қалпы реалистік бейнесімен көз алдымыздан бір-бірлеп өтіп жатыр... Шындыққа сай емес деп ешкім де айта алмастай. Өлеңнің өмірлік негіздемесі – көшпелі тіршіліктің табиғатпен етене жақын жаратылысын қаз-қалпында жеткізгендігі. Жаздың жылуы кетіп, төніп келе жатқан аяздың күні бұрынғы ызғары жақындап қалған. Көңілге ұялаған көрініс ары қарай сезімге ұласады. Тура бір үлкен сынақ алдында тұрған ауыл тіршілігінде айтылмаған сыр бардай...

Табиғат па, ауыл тіршілігі ме? Мұны күзді күнгі көшпелі қазақтың маусымға, табиғатқа тәуелді өмірінің ажырамас кескіндемесі десе болады. Әсерінде көңілдің жүдеуі басым. Әлде жыл мезгілімен еншілес келген «көңілсіз қара суық», әлде қоңыр тіршіліктің алда сынға түсер жағдайынан белгі берген жабырқаңқы көңіл... Объект – тұтас. Жабырқау табиғатқа да, адамға да ортақ.

Осы бір бейнелі көріністі дәл олай емес, былай деуге кім-кімде ерікті. Мәнін табиғат деп те, көшпелі өмір деп те, жабырқаған көңіл деп те тарқатуға болады. Ал қазір сөз болып отырған мәні маған, зерттеушіге, тиесілі рецепция. Дәйекті негіз – менде емес, авторда. Өлеңнің туынды дүниесін түрліше түсінуге есік ашатын, оқыған сайын түлеп отыратын генеративті сипаты маңдай алдымызда.

Осы тұрғыдан бұрын біз талдаған «Жаз» өлеңіне де қайта бір үңіліп көрейік. Бір ғажабы мұнда табиғат пен көшіп қонған ауыл, жанға жайлы жаз бен жайдары күлкі бірге құндақтаулы. Реалды жағдайда дәл осылай бір мезгілде, бір кеңістікте тізбектеліп, қиюласуы көбейген полотнолық көріністер мен ситуациялар жиынтығы көшпелі өмірдің жайлаудағы көңілді бейнесін айшықтап шығады. Бәрі де автордың бір нүктеден көруі арқылы қабылданады. Көрініс – жанға жайлы, мамыражай. Жаз жайлауға көшкен ауыл табиғаттың түлеуімен қатар келген көтеріңкі көңіл құшағында. Көрініс бір сәтке ұйып қалғандай...

Бейнелі полотно дәлме-дәл көшірме емес. Көңілдегі әсері әлдеқайда күшті. Болмыстың кескін-келбетін сезіммен қабылдау, одан рухани жүк арқалайтын түйін жасау – суреткердің феномендік эстетикалық қабілетінің көрінісі. Дүниені қабылдаудың өзгелер сезінбеген сыры, өзін ғана мазалаған құпиясы – қалам ұстауға итермелеген түрткіжайт. Оқу-оқымаудың жазуға тосқауыл бола алмайтын жайы осымен байланысты. Ерекше трансценденталды өріске шыға алатын туа бітті қасиет сезімтал дүниемен байланысқа шыққан сәттегі қимас дүниені құр қалдыра алмайды. Үдеріс сөз түрінде мұқаммал қазынаға айналды.

Өлең жазудың машақаты – психологиялық үдерістердің, біз әлі танып-білмеген ішкі толғаныстардың нәтижесі. Оның арғы жағындағы бейсанадан келген, саналаудың түрлі деңгейлерінен өткен құпия құбылыстар Абай шығармашылығы негізінде әлі талай қаузалатын болады.

Басы ашық мәселе, ақынның өлең жазу үдерісіне ешкімнің де ортақтаса алмайтындығы. Түсіну мен түйсінудің де түрліше болатыны осыдан. Күздің түнеріп жабырқауы, жаздың жадырап күлуі табиғаттан ба, адамнан ба, тұрмыс-тіршіліктен бе, оны түптеп келгенде, ақынның өзі айтпаса, басқалар дәл осы еді деп қолға ұстата алмайды. Бұл үдеріс ақын рефлексиясына тиесілі. Ал оқырман рецепциясы болса – түрленіп кететіні заңды.

Авторға жақындайтын жол – әдебиеттанудың психологиялық және феноменологиялық аспектілерін тереңінен және ақын идеясына аналог бола алатындай әдістемелік деңгеймен өрелескенде барып мүмкін болмақ. Онсыз оқырман рецепциясында шекара жоқ.

Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.

Сәулең болса кеудеңде,
Мына сөзге көңіл бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.

Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі.

Ақын санасы оқырманға соншалықта тәуелді емес. Сөз мәнінде өлең жазуға итермелеген күш те байқала қоймайды. Керісінше, арада рухани сәйкестіктің орнайтынына үміт аз. Байқалатыны – өлеңдегі өрбіген ой, көңіл-күй құбылысы жазудың мәні ақынның өз ішкі дүниесіндегі толғанысына бағытталғандығы. Психологиялық үдеріс сыртқы күштің ықпалымен қалыптасқан десек те, оның көңілдегі нәзік толқынысы ақынның өзіне ғана тиесілі ахуал.

Абайдың осы бір ұлы суреткерге тән жағдайында «сөзді ұқпау», «сәуле болмау», жасыған көңілге өлеңді медеу қылу – басы бүтін сөз ұқпайтын надан типін бетке алғандығынан ғана емес. Бұл ақын көңіл-күйінің қыр-сырын аңғара алмайтын қауымға да қатысты ұғым.

А.Байтұрсынұлының Абайға қарата айтқан пікірі қапысыз шындық: «Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» [9, 217]. «Сырымды тоқтатайын айта бермей» деудің де рецепциялық бір мәні осымен төркіндес.

Өлеңге тоймау және қоймау – рухани азық болумен бірге, дертті шығаратын жол екен. «Тыңдамаса еш адам, өз жүрегім толғансын» сөзі ақын қалауының екіұшты еместігін, өлеңнің өтеуіне оқырмандардың да, ол болмаса өзінің де жүретінін білдіріп тұр. Жоқ оқырманның өтеуі – ішкі мақсат-мүддеге сай рухани салмақтың өзінде қалғаны. Бұл да болса жанға – азық, көңілге – медеу.

Қуаты оттай бұрқырап,
Уэзінге¹ өлшеп тізілген
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз –
Надамға қадірсіз.

Өлеңнің қайдан, қалай келгенін анық, ашық бағамдап шығу мүмкін емес. Бейнелі дүниенің саналап алудан бұрынғы «жаңбырлы» жағдайы ағыстан тұратынын аңғартады.

Ағыс – дараланған түйсіну қабілетінің оқшауланған бөлшектерін бірігуге қарай бағыттайды. Сөз қуатының оттай бұрқырап, таразыға түсуі – туынды дүниені бүтіндеу барысындағы сөздердің пара-парлығы үшін таласын көрсетеді. Бүтіндеу – сөз сараптап отыру емес, бейнелі дүниенің қуатын, отты әсерін сезіну үстіндегі іріктелу үрдісі. «Көк бұлттан үзілген» сәт – сөздің әрі бейнелі, әрі жанды дүниеге өткен кезі.

Сөйткен сөздің наданға қадірсіз болатыны – осындайдан мақұрым қалғандық. Контекстегі мәні – сөз жай сөз емес, ақынның жан сөзі. Өлеңнің бірінші шумағынан осыны аңғарғандай болдық.

Абайдың қуаты күшті нұрлы сөздің жаратылысына жаңбырлы жайды психологиялық параллелизм ретінде алуы кездейсоқ емес. Басқа өлеңінде («Жалын мен оттан жаралып») осы ахуал тағы да бір қырынан бейнеленеді.

Жалын мен оттан жаралып,
Жарқылдап Рағид² жайды айдар.

¹ Уэзін (арабша) – өлең өлшемі.

² Рағид – дін ұғымында нажағайды, күнді күркіретуші періштенің аты.

Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Ары қарай үшінші шумақта:
Жалын мен оттан жаралған
Сөзді ұғатын қайсың бар? –

дейтін жолдардың мәнінде өлеңнің туу үдерісі жаңбырдың жауған сәтімен бірлікте пайымдалады. Жаңбырдың жерге таралуы мен сөздің жанға таралуы – өрісі бір бағыттағы ұғымдар. Жаңбыр көк бұлттан үзілсе, қайран сөз – жан дүниеден үзіп алған қимас дүние. Бұл сөз өзгенің жан-дүниесін гүл жайнатуы тиіс.

Сөздің қуаты, «оттай бұрқыраған» күші оймен құрастырылғанында емес, ынталы жүректен келгенінде:

Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

Жанға бататыны – осы сөздің оқырман жан-дүниесіне бармайтыны, жатқа айтса да сырғып өте шығатыны. Бұл жағдай Абай шығармашылығында сол кезде де, қазір де орын алуда.

Өлеңнің туу үдерісіндегі экзистенциалды ойлаудың табиғаты сыртпен де, ішпен де диалогтық қатынасқа түсетін сипатын көрсетті. Абай шығармашылығының сыры – қоғаммен де, өзінің танымдық үдерістерімен де күрделі байланысқа түскен синтездік түзілісінде.

Ақынның өлең жазып, оның ішіндегі көл-көсір рухани дүниемен көңіл жұбатуы, оған қалың жұртты шақыруы – аса өмірмәнді мұратпен қабысып жатыр.

Бұл қазақ даласында бұрын-соңды болмаған шығармашылық өнердің, рухани кеңістікте жасалатын «капиталдың» жаңа формасын дүниеге әкелген құбылыс. Пайдасы – ақынның жан-дүниесіне керекті, нәтижесі – адамдықтың ақ жолымен жүруге шақыратын рухани азығы болып қалатындығында.

АРЫЛУ

ӨТКЕН КҮННІҢ ӨКІНІШІ

Абай өлеңдерінің сезім иірімдеріне тұтастай бір көз жіберіп қарар болсақ, тұңғыық эстетикалық сапардан кейін санада тұрақтап қалатын тағы бір сыр бар. Ол – өкінішпен, опық жеумен, ағат кеткен істің межесін белгілейтін көңіл-күймен көмкерілген сезім өрнегі. Жалғыздық зардабының сарапталған ізі – өткеннің өкініші, дер шағында атқарылмаған әрекеттің қапа қылған нәтижесі.

Екі түрлі кезең, екіге жарылған көңіл-күй... Бірі – ұстана алмай қалған адами қасиеттердің өткізіп алған уақыты, екіншісі – өкінішті наланың саналанумен келген, опық жегізген уайымды салдары. Екеуінің де жабыққан көңілдегі таразылануы – өткенге қарайлап арбалу да, содан айналшықтап шықпау емес. Әрекет пәрменді түрде қайта жинақталған өмірлік тәжірибенің мәнін болашақпен жалғау мақсатын көздейді.

Өткен уақытта парасатқа салынбаған, ақылмен мөлшерленбеген ағаттық бар, қазіргі уақытта әлеуметтік ортамен үйлеспеген, жанды жүдетерлік ахуал бар. Екеуі де көңілге медеу бола алмайды.

Себебі не деген ұғымның түйіні келіп Абайдың ақындық тұлғасы мен әлеуметтік ортаның бір-біріне сәйкеспеген қарама-қайшылығына тіреледі. «Мөңіреп қайтқан ой» кермек дәмімен жанды жаралап өтеді.

Ішіп, терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын,
Жұрттың жалған шуларын.

Асылы, әшкерелеудің сыры – ішкі жан-дүниені кеулеген сенім дүниесі белгілі бір өмірмәндік межеде жақсылық пен жамандық атаулының жол айрығына келген арпалыспен байланысты. Өткен өмірдің ащысы мен тұщысының мәні жаңа реалды шындықпен бетпелет келгенде бәрінің тұтастай қайта пайымдалатыны байқалады. Саналау барысында сенген дүниенің, көзқарастың, байыбына бармаған әрекеттің дұрыс-бұрыстығы пәрменді түрде қайта елеспекшеуден өтеді.

Міне, осы тұста орын алған олқылық, ойланбаған іс, сараланбаған сенім өмірлік тәжірибенің жаңа контекстік мәнінде сыр болып ақтарылады. Сыр – әшкерелеу түрінде.

Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Сырдың әшкереленуі өлеңге шыққан эстетикалық өріспен біте қайнасып жатыр. Жан-дүниеге мезгілдік қашықтықтан қарағанда нысанаға айналған дүниенің «жұртқа жаяр» сыры әшкереленбек [8, 36 б.]. Себебі сыр ашу мен сенім білдіру, ағынан жарылу риясыз көңілмен ғана жүзеге асатын құбылыс.

Кемеңгердің жан-дүниесіндегі үдерістердің сығымдалып шыққан бір көрінісі – мұң-зардың, ашу-ызаның өзіне қарата айтылуымен, өзін-өзі айыптаумен байланысты. Өз мінездемесінің парқына бару – жан-дүниенің сырын бүкпесіз ақтаруға алып келетін үдеріс. Іс жүзінде бұл нарратордың өзін-өзі әшкерелеуі болып шығады [8, 24 б.].

Абайдың сын айтуы мен өз сырын ақтаруы өзара құндақтаулы жатқан дүние болғандықтан оның эстетикалық қуаты өзгелерді шарпымай қоймайды. Әшкерелеуден кім-кім де сырт қала алмайды. Психологиялық үдеріс әмбеге әрі таныс, әрі бейтаныс. Жағдайы сыр шашумен және сынға алумен байланысты.

Жаза басқан қадамды, ағат кеткен істі, үйлеспеген қимылды ағынан жарылып ақтару – әлемдік әдебиетте арылу түрінде (исповедь, *conversio*, *confessio*, *circconfession*) мазмұндалатын жанрға айналған әдеби дәстүр. Бұл жанрдың эстетикалық өрнегі мен психологиялық аспектілері көптен бері қаузалып келе жатқан тұтас дүние.

Қазақ әдебиетінің тарихында арылу арнайы жанрға шықпағанымен, бұл ахуалды сезімнің қазанында қайнатқан, бүкпесіз ағынан жарылған үлгісін Абай өлеңдерінен табамыз.

Арғы-бергі қазақтың тарихында өзіне өткір сынын қадаған Абайдай ақын кемде-кем шығар. Өз заманының кеселді дертін бетке шығарған ақынның сыны өзіне келгенде аянып қалмағаны айдан анық. Мұның да себеп-салдарлы мәні бар.

Абайдың өткір сыны бір тарапты болмай, өзіне де, өзгелерге де бірдей жүретін біртұтас сындарлы дүние. Оның себебі әлеуметтік ортаның жай-күйі ақынның тағдыр-талайымен, жаза басқан қадамымен, мұң-наласымен бір өрісте жатқандығында. Олай болмаған жағдайда бір ғана тараптан баяндалып отыратын сынап-мінеудің астарына оқырман мән бермей қоймайды. Автордың ойы

мен сезімін жеткізуінің себебіне үңілгенде менсінбеушілікті, менменсуді, ақылгөйсуді оқырман қалт жібермей қадағалап отырады. Аздаған күдікті жағдайдың өзі оқырманның сырт айналуына жеткілікті.

Абайдың экзистенционалды талдауының нәтижесі – социум мінездемесіне үйлеспейтін қарсылықты позицияда. Солай бола тұра ақын өз болмысын сол ортадан бөлек, басқа бір уақытқа және басқа бір кеңістікке алып шықпайды. Не болса да ситуация сол ортада, сол қалың жұрттың ішінде өз тағдырымен бірге қайнап жатыр.

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Түйінделген ойда, жинақталған көңіл-күйде үйлесім жоқ. Ақын өз әрекетінен күткен нәтижесін ала алмаған. Әрекеті – қарсылықты ісі, түзетпек болған сөзі, ерік-жігері, саналанған ақындық қызметі. «Көнбеді ешкім сөзіме, әдетіне қарысып» деген жолдар әркімге жеке-жеке айтылған сөз емес, сол көп наданды нысанға алған тұғыр. Осы контексте «менсінбеуші ем наданды ақылсыз деп қор тұтып» деген жолдардың да мәні ашылады.

Көңіл-күйдің бір кездегі ахуалын білдіретін бұл сөздің мәнінде автор және надан арасындағы дистанцияда менсінбеушілік орын алған. Автордың ағынан жарылуы – сол наданға жол таппақ болған әрекетінің менсінбеушілікпен қабыспайтындығы. Өткен шақта айтылған наданды қор тұту және өзін зор тұту – заманды түзетуге жарамайтын мінездеме.

Бұл ақын позициясында кейін айқындалған құбылыс. Себебі сөзіңді арнаған адресатпен олай сөйлесуге болмайтыны автордың адамгершілік ұстанымына және осыдан туындайтын шығармашылық психологиясына тікелей қатысты.

Ақын арадағы алшақтықты жақындату үшін менсінбеушілікке емес, қайғы-зарына, бүкпесіз сырына, жүрек жарды сөзіне жүгінді. Бұл позиция ең алдымен автор мен оқырман ортасында болуы тиіс

қатынас. Арада ағынан жарылған сыршылдық пен шынайы пиғыл болмайынша жақындық орнамайды.

Бұл бойынша Ж.П.Сартрдың зерттеуінде өлеңнің феноменологиялық эстетикалық табиғатын ашатын орынды тұжырым бар. Өлеңнің әсерлі қуаты – ағыл-тегіл еңіреуде емес, бұл – адамды қорлайтын жағдай, сондай-ақ құрғақ ақыл айту да емес, бұл да адамды төмендететін әрекет. Бізге керегі – егілген жан дүниенің ахуалын жасырып тұрған байыпты ой, шынайы сезім [8, 35 б.].

Абай өлеңдерін оқығанда сынау мен әшкерелеу қаншалықты күшті, өткір болғанымен ақылгөйсуде, зарлау да жоқ. Керісінше, жан ашу, барлық кесірліктің азабын өз ойымен, өз тағдырымен байлап-матап отыру бедерленіп шығады. Жан-дүниенің қиналысы терең оймен, өмірдің бұлтарыссыз шындығымен бірге әдіптеледі, егілудің себебі ақыл таразысына, өз басының тағдар-талайына салынады.

Арадағы алшақтық – көптің надандығынан ғана болған зауалды себеп емес, менсінбеушіліктен, өзін зор санаудан да кеткен ағаттық. Автор позициясында осыны ағынан жарылған, мойындаған әшкере сыр бар.

Арылудың мақсаты мен мазмұны жаза басқан қадаммен, оны мойындаумен ғана байланысты болмайды. Өткен өмірдің жан-дүниедегі келбеті, әділетті салмағы адам бойындағы сеніммен жалғас. Ілесе шыққан ой мен сезімнің түйіні имандылық ауылына барып қонбайынша, кәміл бола алмайды. Сенім мен арылудың әлем қаламгерлерінің көркем туындыларында қатар өрілетіні бекер емес.

Абай дүниетанымында да бұл дәстүр тұтас. Сенімді айналып өткен амалда сезікті шүбә көп. Мәселе иманның кәмілдігі туралы болғанда сенімнің саналануы қатар жүреді. Абай шығармашылығынан да мұның ізін анық аңғарамыз.

Патша құдай, сыйындым
Тура баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды,
Тобықтының езіне.

Ақынның сөз айту миссиясы Жаратушыға деген сенімімен жалғасып жатыр. Автор өз сөзіне «таңырқау» мен «қор болудың» мәнін референттік талқыға салғанда сөздің имандылықпен

таразыланғаны сыйынумен байланысты ұғымның континуумдық жалғасы болып шығады.

Ақынның өзін бағалауы әлеуметтік ортамен арақатысын бағандау, өзіне деген көзқарастың түрлі ортада қалай қалыптасқанын пайымдау арқылы берілген. Сөз айтудың бағыт-бағдары социум мінездемесіне және көзқарасына қарай белгіленгендіктен, референттілік өзімен өзгелердің қатынасын маңызды орынға қояды.

Сонда сөз, әйтеуір бір айтқыштық қабілет емес, сыйынумен бірге келген, жүрек көзінен шыққан иман таразы дүние. Оның әлеуметтік ортаны тезге салатын қызметі бар.

Саудаға түспеген сөздің парқы мен нарқы – қоспасыз таза мәнінде және рухани салмағында. Оған ден қоймаған қоғамда кесел бар, болашағы бұлыңғыр. Ой ашық айтылмағанымен, көңіл-күйдегі өрісі әлеуметтік ортаның тарылған тынысын айшықтап тұр.

Кеселді түйін шешілсе,
Кердең мойын кесілсе,
Келмей кетпес кезіне.
О да – құдай пендесі,
Түспей кетер деймісің,
Тәңірінің құрған тезіне?

Ақынның сыйынуы мен сөз айтуы – бір бағдардағы өріс. Мазмұны – тұлғаның рухани-ахлақтық бейнесімен астасып жатыр. Ортаның «кеселді түйіні» Тәңірінің тезіне түскенде барып тарқатылмақ. Шын сөз – иман таразы сөз. Ақын сөзінің мәні осында.

Байқайсыз ба, ажарлау, айшықтау, құбылту сияқты көркемдік бейнелеу құралдары өлеңнің өрнегін бедерлеп тұрған жоқ. Әдетте тілге тиек ететін суреттілік те байқала қоймайды.

Сонда өлеңнің эстетикалық қуат-күші қайдан келіп тұр? Ақынның сенімі мен сөз ұстарту өнерінің әлеуметтік ахуалмен түйіскен торабындағы көңіл-күйдің күйзелісінен келіп шыққан сөз бұл. Ақында анық мақсат бар, сенім бар. Мәселенің ендігі шешімі социумда қалған. Ал жан-дүниенің көтерген жүгі болса жеңілдеген жоқ. Көкейдегі түйткіл оқырманға да беріледі.

Сезімнің өрнектелуі – эстетикалық өрісте. Ағынан жарылу – сөз айтудың мәнін әлеуметтік контексте қайта пайымдау.

Арылу мен ағынан жарылу өмірлік өткелдерден өту барысында тұйыққа тірелген мінездеменің және адамдық қасиеттердің кеміген тұсында тұлға тарапынан пәрменді түрде қайыра зерделенуімен

байланысты. Абайдағы арылудың салмақ басар тағы бір көрінісі – өз мінездемесінің кейіп- келбетіне қатысты көмкерілуі.

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.
Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Біржаң-қылжаң ит мінез дегендейін.

«Арылмас әдетке» ұшыраған жанның күлкішілдігі – талапсыз, ойсыз, мақтанмен төркіндес. Ұйық сияқты тартатын орта кім-кімге де құрулы қақпан. Мінез-құлықтың қайта үлгіленуі– бұрынғымен қоштасу арқылы ғана жүзеге аспақ. Арылудың мәні жан-дүниенің рухани өрісіндегі ізденіспен сабақтасып жатыр.

СЫР ШАШУ

Абайдың ақындық тұлғасындағы саналанған ойы мен әрекетінің шу басында өзі қайда, социум қайда, арада не бар, не жоқ дейтін сауалдар соқталанып шыққаны және оның шығармашылық психологияның басты қозғаушы күшіне айналғаны анық. Бұған сәл бұрынырақ тоқталған болатынбыз. Сөз болып отырған мәселеге қатысты таға да айтар болсақ, өмірдің «соқтықпалы-соқпақсыз» өткелінде өз басынан кеткен ағат іс, әділетсіз пиғыл қайта саналанған тұста үзілді-кесілді сынға ұшырайды. Сын – арылу мен мойындау түрінде өзін кінәлаудан басталды.

Ниет пен құлқын тежелмейінше сөз айтуға кім-кімнің де қақы жоғы Абай үшін саналанған әрекет. Бұл жағдай түрлі кезеңде үнемі жүрек таразысына салынып отырған. Өлең жазудың жауапкершілігі мен мақсаты – саудаға түспейтіні. Бұл Абайда басы ашық мәселе.

Сол Абай неге өзін жиі сынайды?

Өйткені өмір күңкілден, күндестіктен, мақтаннан, пысықайлықтан, менсінбеуден, қошеметтан, қулық асырудан, жауласудан, татуласудан, тағысын тағы қарым-қатынастан тұрады. Бұған басы бүтін илікпей отыру – ешкімнің де қолынан келмейтін іс. Ол үшін тек арақашықтықтан бақылаушы ғана болу керек.

Абай үшін мұның ауылы алыс. Жалпы кім болса да басы бүтін оқшаулану мүмкін емес әрекет. Қалатыны – «махаббат пен ғадауат майдандасқан» ортада жүріп жол табу. Ендеше сол ортада жаза басудан, пендешілікке бой алдырудан кім-кім де тыс тұра алмайды. Мәселе үйлеспеген істі сезінуде, жөнсіз қылықтан, таза емес ниеттен бой тарта білуде. Мұның бәрі – тұлғаның ой көзіне, болмысының тазалығына келіп тірелетін парасат пен адамгершілік дүниесі.

Абайдың ахлақтық келбеті осыдан өрбиді. Ол өз-өзінен бөлек отырған моральшы емес. Өмір толқыны қай жағаға ұрса да соның ішінде отырып дер кезінде адами қасиеттердің атын атап, түсін түстей білген тұлғалық қасиеті оны осы жолға алып келген.

Сыр ашу – болған істі жуып-шаю емес, жүйкені жейтін әрекет. Мақтанға басқан елдің ортасында отырып өз-өзінді әшкерелеу – андысқан жұртқа өзінді ұстап берумен барабар.

Ақын мұның да тамаша көркемдік шешімін тапқан. Өз атынан айтып отырған сырдың ащы дәмі кейде нарратордың атына көшіріледі. Жеке тұлғада тұрғын сөз нарраторға тиесілі болады [5, 12 б.].

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен.
Қайтіп қызық көремін
Әуре-сарсаң күнімнен?
Қайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен.
Қайғылы, қартаң біздей шал,
Қарай берсең, қайда жоқ?
Есер, есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ.

«Ат шаба алмас мін» – автордың өз мінездемесі. Оның ойлы бейнесін ілім және білімнен шыққан «қайғы мен ыза» оқшаулап тұр. Үйлеспеген көңіл-күй болса автор мен социум арасындағы қайшылықтан шығандап шыққан ахуал.

Мұның бәрі «қартаң шалдың» өмірлік ақиқаты және өз мінін мойындаған санадағы зардабы ретінде арылудың басты мотивіне айналған. Зауалды түйін өзіне де, қоғамға да тиесілі. Автор өз жағдайының әуре-сарсаңға түскен салдарынан күйінуде. Кеткен кемшілік бір адам көтеретін жүк емес, «ат шаба алмас мін» болып шықты.

Енді осы жағдай өлеңнің соңында аса қызықты нарративті баяндауға ауысады. Кемшіліктің мінездемесі фабулалық оқиға арқылы «қартаң шалдың» мінін толықтай әшкерелейді.

Дәулеті жоқ бурыл шаш,
Үйіңе кет, топтан қаш!..
Ағайынның ішінен
Шыға қалса тайталас,
Партия жиып, мал сойса,
Бата оқисың, жейсің бас.
Басалқа сөз сенде жоқ,
Айтқан сөзің «малың шаш».
Итше індет тілемей,
Жат үйінде, өлсең де аш!
Ойлап-ойлап қарасам,
Осындай шал қайда жоқ?
Қозғау салып қоздырғыш
Кезбе шалдан пайда жоқ.

Баяндаудың тәсілі үшінші жаққа өтті. Фабула – шалдың мінін нақтылы ситуациямен өру арқылы «партия жиып, мал сойған» жерде әділ сөзін айтқанның орнына бүлдіргі жолға түскен бұзық пиғылды әшкерелеп тұр. Мәні – өз басына айтылған «ат шаба алмас мін».

Нарратордың оқиғаны үшінші жаққа ауыстыруының себебі – сыр шашудың қауіпті межеге келгенін көрсетеді. Елді былғап жатқан істің салмағы көптік мағынаға ауысты. Авторлық интерпретацияда бұл – жүгенсіз кеткен кезбе шалдың көбіне ортақ мінездеме. Жеке тұлғаның қайғысы мен ызасы мұны тоқтата алмайды. Мәселе өзін күйдіреді, бірақ ырқында емес. Зардабы әлеуметтік кеселді індетке айналған.

Автор өз басының мінінен арылғанымен, қоғамды жайлаған кесапат қаз қалпында. «Қайғылы, қартаң шал» (өзі) мен «кезбе шал» (басқалар) осы тұста жол айрығына келген.

Бәлкім, бұл санадағы түбегейлі өзгеріс пен арылудың нәтижесінде пайда болған бұрынғы мен кейінгінің бөлінген жағдайының мінездемелік сипаты болуы әбден мүмкін. «Кезбе шалдың» ауыр міні енді келіп саналанған үдерістен кейін «қайғылы, қартаң шалдың» ахуалына көшкен. Сыр бүгіліп қалғанға ұқсайды. Өз атынан айтуға болмайтын фабулалық ситуацияның мәні көпшілікке ашатын сыр емес. Сол себепті де «ат шаба алмайтын» кемшіліктің интерпретациясы шалдың сыңарына көшкендей.

Жұмбақ адамның тағы бір сыр ғып бүккені осы болар, сірә.

Қоғамды жайлаған кеселді әрекетке әлі тоқтау жоқ. Ал нарратор болса бұл әрекеттің санадағы күйдіргі салмағын да, әлеуметтік зардабын да әшкере қалпымен оқырманға тұтастай алып шықты.

Өлеңнің ассоциациялық баламасына назар салып көрейік. Қартаң шалдың бейнесі екі түрлі мінездемелік полюске бөлінеді: бірі – жамандықтан бой тартқан, тіршіліктің мәніне ой жіберген, қайғыға түскен, кемшілігін мойындаған адамгершілік жолындағы тұлға; санадағы өзгеріс анық; өткен өмірдің қателігінен арылу үдерісі көз алдымызда; екінші – ел ортасындағы тайталастың «қоздырушысы», пірге қол берген «іші залым, сырты абыз», «бата оқып, бас жеген» бүлдіргі шал.

Екеуінің арасында түбегейлі өзгерген мінездемелік айырмашылық бар. Өзгеріс – «ойлап-ойлап» барып өмірден түйген әрекет нәтижесі. Бұл әуре-сарсаң тірліктің, қапа болған көңілдің келген межесі. Екі шалдың бір түптен өрбитінін өлеңнің құрылымдық жүйесі айқын аңғартып тұр: «Қайғылы, қартаң біздей шал, қарай берсең қайда жоқ?» // «ойлап-ойлап қарасам, осындай шал қайда жоқ?», «тіршіліктен пайда жоқ» // «кезбе шалдан пайда жоқ».

«Қайғылы шал» ортадан зардап шегеді, «кезбе шал» ортаға зардабын тигізеді.

Ал енді өлеңді тұтастай алып қарағандағы елдің жайына зер салар болсақ, азып-тозған әлеуметтік ортаның кейіп-келбетінде кісі сүйсінерлік қылық аз. Осы ретте кезбе шалдың миссиясын ашатын мынадай жолдар бар:

Сыйласа елін ұлықтап,
Араласаң қызықтап,
Қызық пенен тыныштыққа
Қазақ тұрмас тұрықтап.

«Партия жиып, мал сойған» елдің іздегені тыныштық емес, талас-тартыс екен. Іздегенге – сұраған. Кезбе шал ісі мен топтың мүддесі бір жерден табылды.

Қазақтың әдеби дәстүрінде христиан әлеміндегідей сыр ашып, күнәсін мойындау және одан арылу (исповедь) Абай заманында болмаған үрдіс. Абайдың өз басындағы сырды ашуының себебін орыс жазушыларынан үйренудің нәтижесімен түсіндіруге болмайды. Өз мінін ашып, өзін әшкерелеу қоршаған ортаға лайықты ықылас емес. Мақтан жайлаған ортада өзінің күнәнді мойындау желсөзге жол берері анық.

Әрине, Абайдың Л.Н.Толстойдың шығармаларымен, оның ішінде дүниетаным мен діни сенімнің түйінді сауалдарын жүрек толғанысымен талқыға салған «Исповедь» туындысымен таныс болғандығы байқалады.

Алайда ұлы орыс жазушысының бетпе-бет келген діни ақиқаты мен Абайдың маңдайын тасқа тіреген әлеуметтік шындығы екі басқа. Абайдың бой тартқан мінездемесі – өзі бел ортасында жүрген әлеуметтік ортаның «қоздырғыш» күшіне айналған қалып-келбетінен арылу мақсатымен төркіндес.

Өлең 1892 жылы жазылған. Бұл Толстойдың шығармасы жарық көргеннен кейін (Женева, 1884) сегіз жыл өткен уақыт. Арада қазақ даласының кеселіне айналған ел бұзар әрекеттердің түпкі себебін түсінерліктей уақыт өткен. Оның үстіне М.Әуезовтің Абай туралы жазған тарихи-өмрбаяндық пікірі де осыған сай келеді: «40 жастан асқан соңғы Абай, бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі: өмірге үйлескісі келмей, заманнан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақылшы, ақын-данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі: күндегі өмірдің бетімен елдің сөзін ұстап, бұрынғыша партия тартыстың, билік, әкімшіліктің жолындағы ру басшы, ел меңгеруші Абай. Абайдың ішінен екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп,

жыртылып айрылады. Заманнан ақыл сезімі артып, басы озған жалғыздық трагедиясы (қайғысы) туады» [10, 65 б.].

Асылы өз мініңді поэзияда сюжеттік оқиға арқылы ашу – өзінді ашық әшкерелеу және ұстап беру болады. Санадағы түбегейлі өзгерісті бейнелеу үшін баяндаудың түрлі тәсіліне жүгінуге мүмкіндік бар.

«Ат шаба алмас мін» – жеңіл-желпі кемшілік емес, әлеуметтік зардабымен бірге зерделенген зіл батпан ұғым. Мұның психологиялық салмағын нарратор өзіне алғанымен, фабулалық мән-жайын үшінші жаққа ауыстырып отыр. Мәселенің эмоционалдық және эстетикалық мәні ақиқатты жеткізіп отырған нарраторға нұқсан келтірмеуі тиіс. Басалқы сөзі жоқ, «итше індет тілеген» шал тура мағынасында нарратордың өзі бола алмайды.

Көркем туындының ерекшелігі сонда – қағазға сыр ақтару, күнә мен кемшіліктен арылу нарративті қиялдан шығарылған факторды да жоққа шығармайды. Сонымен бірге субъектінің ақиқатты жеткізуіне, сырын ашып, өзін әшкерелеуіне көркем шығарма дәнекер бола алады [11, 210 б.].

Күнәдан арылып, тәубаға келу әрекетінің өзі турадан тура атқарылғанда ислам діні бойынша ортаға біреуді салуға көнбейтін шаруа. Тәубеге тізе бүккен адам ойдан қосылған жанама пиғылға, біреудің көмегіне жүгіне алмайды.

Ал көркем туындыда болса, ақталу мен арылуға түрлі қырынан келуге, жинақтауға, лирикалық шегінуге, жан ауыртатын жағдайды жұмсартуға мүмкіндік бар. Француз философы Жак Деррида Жан-Жак Руссоның «Арылу» романын талдау барысында бұған көз жеткізген. Ол туралы А.Смулянский былай деп жазды: «На деле заложенная в текст повествовательная потребность здесь носит иной оттенок: нарратор нимало не опирается на свое превосходство – напротив, ему необходимо объяснить неудачу и реабилитироваться, для чего сойдет любое лицо, любой Другой» [12, 305 б.].

Абай өлеңіндегі екі ұдай мінездемеге бөлінген шал бейнесінде аса күрделі танымдық және психологиялық үдерістерді эстетикалық тұрғыдан игерудің теңдессіз үлгісі жасалған. Бұрын да, қазір де орын алған бұрыс әрекет өз басының да, әлеуметтік ортаның да нұқсанды ісі қатары тұтастай жинақталып тұр. Автор өз кінәсінен бой тартқанымен, әлеуметтік орта қаз-қалпында. Қөңіл-күйдегі зардабы мен ахлақтық ауыртпалығы автордың өзіне ғана салмақ боп түскен.

Абайдың сыр ашып, өзін-өзі аяусыз сынға алған өлеңдерінің бірі – «Ойға түстім, толғандым». Өлең кейін табылған, жазылған жылы белгісіз. Бастан-аяқ өз мінін қопарып шығатын мінездемелік

сипаттаудың мәні – нарратордың өз-өзіне жақпаған қылығын мінеп-сынау.

Қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды орын алмаған құбылыс. Абайдың басқа өлеңдерімен салыстырғанда лирикалық қаһарманның болыс бейнесінде өз қылығын бастан-аяқ әжуалағаны ойға оралады. Ал мына өлеңде бәрі де автордың өз атында. Әшкерелеудің көптігі сондай, бойдағы кінәраттың бәрі бірінен кейін бірі тізіліп шығады. Мәтіндік талдау үшін өлеңді тұтас алып қарайық.

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес.

Осынша ақымақ болғаным
Көрінгенге қызықтым.
Ғәділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін.

Жалмауыздай жалаңдап,
Ар, ұяттан күсіппін.
Құлық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын;
"Сіз білесіз" дегенге

Күнге күйіп, пісіппін;
Мақтанбасқа мақтанып,
Деп жүріппін «пысықпын».

«Тау тасынан аз емес» міннің көптігі сондай, бір кісінің бойында топтасқаны реалды жағдайдан гөрі нарративті түзілісті бедерлеп тұр. Коммуникативтік құрылым кемшіліктерді бірыңғай жинақтайтын сипатқа ие. Өлеңнің біртектес ұйқасқа құрылуы (аз емес, таза емес, саз емес, наз емес, бұзыппын, үзіппін, тізіппін, күсіппін, ұшыппын, пісіппін, «пысықпын») кісі бойындағы кінәратқа сараланған жүйелік сипат береді. Өлеңнің діңгекті идеясы өзін әшкерелеуден гөрі өзгенің осындай жолға түспеуін қалайтындай. Демек баяндау инстанциясында автордың мәселеге жанама түрдегі қатысы – мәтіндегі үйіп-төккен кемшіліктердің көптігінен және оның бәрінен бір мезгілде арылудың мүмкін еместігінен аңғарылады.

Нарратор қазақ қоғамын жайлаған және әлеуметтік статус алған мінездемелік кемшіліктердің бәрін өз мойнына алғанға ұқсайды. Әшкерелеу – өзі арқылы қоршаған ортаның мінездемесін межелі жерде жинақтауды көздегендей.

Межелі жер әлеуметтік психологияның қалыптан шыққан сиқын сезіну және оған өзінің күйіп-піскен жан-дүниесін қосақтау формасында көрініс тапқан деуге болады. Нарратор өзін әшкерелеуге келгенде аянбаған. «Ал, мені көріңдер!» деген емеуріннің астарында тұрған ишара – өздеріңді осының ішінен тауып алыңдар деумен барабар.

Авторға қарай айыптау психологиясымен тұра ұмтылмайтын себебіміз де осында. Әркімнің өз айыбы өзіне аян, «қалап алған көп мінезден» ешкім сырт қала алмайды. Ақиқат әркімнің өз ішінен табылады. Әм бірегей, әм бірыңғай жағдай.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында адам бойындағы мінездемелік кемшіліктерді сынға алу – дидактикалық формада жүзеге асты. Нарратор сырттан бақылаушы және сынаушы рөлінде болды. Оның тұғырнамасы – ақиқаттың үлгісі қатары қабылданды. Ақынның көңіл наласы, өртті өкініші өзгелерге тиесілі, өзгелердің зобалаңынан, заманның бет-әлпетінен келген қырсықты ылаң болып ұғылады.

Абайдың шығармаларынан да мұны аңғардық. Қоғамға зәбір-жапа шеккізіп жатқан небір пысықайларды, мақтаншақтарды, менменсіген паңдарды, кулық пенен сұмдықты жамылған өсекшілерді, ылаң салған «абызды» талай рет түйреп өтті.

Сөйтсе де кесір-кесапаттың сырт айналып жүретін, басқа жақтан келетін мінездеме емес, әр адамның өз ішінде жатқан,

жаратылысымен бірге қосақталып жүрген қаскөй күш екенін сезіну – Абай дәуірінде өңгеріле бастаған жағдай.

Мұны алдымен сезген ақындардың бірі – Дулат:

Күнәм – жойқын, тәубем – аз,

Тіршіліктен не таптым?

Дүние – жемтік, мен – төбет,

Соны бақпай, не бақтым?

Ырылдасып әркіммен,

Не қапқыздым, не қаптым?

Адамның жан-дүниесіндегі өзгерістің кінәраттан арылумен, тәубеге келумен байланысты жайын поэзияға алып шығудың қиындығы – өзінді-өзің ашық әшкерелеу арқылы жүзеге асатын шаруа. Бұған кім-кімде болса бара бермейді. Басты себебі – өмірлік тәжірибеде ақын өзінің осындай өткелдерден өту барысында ұтылғанын, жүрек наласын, қиналған жайын жайып салуы керек. Онсыз әшкерелеудің мәні ашылмай, түйін авторға ғана қатысты түйіліп қалуы мүмкін.

Абайдың өзін-өзі сынға алуы бұрын-соңды сыры ашылмаған құбылыс. Қоғамды аяусыз әшкерелеу мен өз мінін қатар өру ақын тұлғасын сол ортадан бөлектеп тастамайды, керісінше, не болса да сол өмірдің ішінен соқталанып шығады. Жаңсақ ақыл, жаңылыс қадам, әділетсіз әрекет ақынға да ортақ. Ол, ол ма, кейде түрткі салған теріс жағдай бар...

Ақын тұлғасынан айналсоқтап шықпайтын себебіміз бұлтарыссыз ащы шындықтың оған да, саған да үлестес болуында. Абай шындығы – ақын болып бақылап отырған кәсіби мамандықпен келген «көрегендік» емес, ыстығына күйіп, суығына тоңған тіршіліктің өзі. Болыстық сайлау да, болыс болып жүру де, бас жеп, басалқы сөз айту да, талас-тартыс та, таяқ жеу де өз басында бар жағдай. Олардың артық-кемі өзіне ғана мәлім. Болған іс көнбістіктен, әділ емес шешімнен, айтыс-тартыстың ауқымынан аспаған жағдайдан тұруы әбден ықтимал.

Керек десеңіз, қисынын таппаған келеңсіз іс көп болмаса, аз болмауы – сол заманның реалды шындығы. Бұл жерде әлдеқайдан аспаннан түскендей тұлғаны қолдан жасаудың қажеті жоқ. Абайдың кемелдігі сонда – қалың нөпірдің ішінде жүріп, өзін жоғатып алмағаны былай тұрсын, дүние құбылыстарының әлеуметтік ара салмағын орын-орынына қоя білгендігінде. Иллюзиялы ойдың жетегіне еру – Абайда жоқ қасиет.

Жадағай жайдақ тізбелеудің жайы – Абай үшін не өзіне, не өзгелерге керексіз дүние. Не жазсам екен дейтін сауалдан гөрі, жазбасына қоймаған сор татыған өкініш пен сөз дерті қолына қалам алдырған сыңайлы. Осы тұста сын мен әшкерелеу өзгемен қосып өзін де шарпып өткен. Себебі ақын күйдіргі оқиғаның сыртынан тұрып көз жібергендіктен емес, ішінде жүріп кермек дәмін татқандықтан да осылай. Сезімнің қайшылығы іштен қайнап піскен. Ақын қайшылықты ең алдымен өзінің ішкі дүниесінен көрген.

Абайдың арылу үдерісінде өзінің де, қоғамның да дерті тұр. Өз басының трагедиясы дүние-мүлікпен, атақ-дәрежемен, алынбай қалған қамалмен, жете алмай қалған амалмен байланысты емес, қоғамды жегідей жеген әлеуметтік мінездемелердің алға шығып кеткен жағдайымен төркіндес. Жеке бастың тағдыры қазақ қоғамының тағдырымен ұштасып кеткен. Өзін жайсыз сезіну – қоршаған ортаның жайсыз мінездемесінен. Ол түзелмей –ақынның жай-күйі де түзелмейді.

Абайдың өлеңдерін оқып шыққаннан кейін ғажайып бір психологиялық ситуация қалыптасады. Ақын сырын ақтарды, ағынан жарылды, кемшіліктерден арылды... Жеңілдік орнай ма? Енді тазарған жүрекпен сол қоғамға қайтып баруға бола ма?

Әй, қайдам, әлеуметтік орта қаз-қалпында. Ақынды қайтадан жұлма-жұлмасын шығарып, тоңмойын қалпында қала беретіні – көңіл-күй пернесінен аңғарылып тұр. Себебі ақынның өзі «деп жүріппін», «пісіппін», «күсіппін», «тізіппін», «бұзыппын» деген сипаттардан арылғанымен, қоғам қозғалған жоқ. Бұл мінездемелік белгілер жеке субъектінің жан-дүниесінде бір-бірлеп «тар жол, тайғақ кешуден» өтіп барып саналанғанымен, дәл осы контексте әлеуметтік мәнімен жинақталып тұр. Оқырман социум мінездемесімен бетпе-бет қалады. Ақынның өз бойына жинаған кемшіліктерінің бәрі енді сізбен бірге. Дұрысы – мінез-құлықтың қайсысы қайда деген сауал уақытпен бірге қосақталып отырады.

Осының бәрін ақынның өз атынан, өз міні сияқты етіп бейнелеуі – қоғам дертін өз дерті қылып алғандығынан. Кемшіліктен тыс тұрған ешкім қалмайды.

Өлеңнің қуат-күші – тұлғаның қоғам мінін мойнына алып, «мен де сондаймын», «менің де басымда бар», енді осыдан бәріміз бірге арылмасақ болмайды деген аса әсерлі өміршең идея туындайды. Өз тағдырымен бөлісу – оқырманды бей-жай қалдырмайтын, қызуымен басқаларды шарпып өтетін әрекет. Поэзияның эстетикалық қуатын жарқырай ашқан құбылыс – кеменгер ақынның өз тағдырымен бірге өрілген ақиқатында.

ҚАЙТА КЕЛМЕС УАҚЫТ

САҒЫНЫШ

Әлеуметтік ортаның жай-күйімен үйлеспеген суреткер ойының экзистенционалды табиғатында сол ортаға сын көзімен қарау және ішкі дүниеде болып жатқан толғаныстарға мән беру қатар жүріп жататын құбылыс. Олай болатыны сыртқы дүние өз-өзімен даяр тұрған нысан бола алмайды, оның мәні ішкі дүниеде таразыланған, ой елегінен өткізілген, әсері сезімге, сезінуге ұласқан ұғымдар ретінде реттеледі. Сыртқы дүниенің ықпалы танымдық үдерістердің өзгерісіне қарай үнемі қайта пайымдалып, субъект өмірінің тарихи мәнімен қайыра өрелесіп отырады.

Бұл үдеріс ақын шығармашылығында сырттағы дүниеге әр қырынан, әр түрлі мезгілдік арақашықтықтан қарауға мүмкіндік береді. Абай өлеңдерінен орын алған мұндай үдерістердің белгі-бедері әлеуметтік ортаның мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын мінездемесінен анық байқалады. Ақынның бұл мәселеге үнемі қайырылу себебі өмір сүрудің мәнімен, әлеуметтік қатынастардың көңілге ықпал еткен келеңсіз көріністерімен байланысты. Өмірдің мәні мен ақиқаты дәл осы әлеуметтік ортаның бейнесінен туындайды.

Әрине, бұл бейненің көркемдік тұрғыдан жасалуы мен жинақталуы әр суреткерде әр түрлі болғандықтан субъективті сипаты дараланып тұрады. Солай бола тұра кезінде дұрыс пайымдалмаған, байыбына тереңдеп мән берілмеген ұғымдар мен әрекеттер мезгілдік арақашықтықтан қайта зерделенеді. Себебі танымдық үдерістердің уақытпен бірге өзгертіні, толысатыны, реалды өмірмен жаңаша ықпалдасатыны табиғи жағдай.

Міне, осы үдерісте ұлы суреткерлердің көбінде дерлік бұрын артық-кем кеткен ісі және қазіргі тіршілігінің мәні мезгілдік дистанцияда бой көрсетеді. Бұл жағдай көркем әдебиетте ағынан жарылу, сыр ашу, күнәдан арылу, тәубеге келу, қателікті мойындау, өкініш сезімін білдіру сияқты ұғымдармен қосақталған түрде өрнектеледі.

Өткен уақыттың маңызды оқиғасы қазіргі уақыттың ақиқатымен беттестірілгенде екі мезгілдің де ең бір сезімтал тұсы соқталанып шығады. Беттестіру кейде қайта жаңғыртуға және жаңаша пайымдауға алып келсе, кейде қарсылықты мәнін ашуға мезгілдік меже ретінде алынады.

Өткен өмірдің мәніне мезгілдік арақашықтан үңілу – Абай поэзиясына да тән құбылыс. Әр жылдарда жазылған өлеңдерінің құрылымдық бітімінде өмірлік меженің өткені және қазіргісі ой мен сезімнің жаңаша өрнектелуіне тұғыр ретінде алынады.

Мәселенің мәні танымдық үдерістермен тікелей байланысты болғандықтан ой мен сезімнің эстетикалық, психологиялық және философиялық бітімі бедерленіп шығады. Сондықтан да бұл үдерістерді бірыңғай көркемдік тәсіл мен құрал арқылы тарату мүмкін болмай қалды. Себебі ақынның ойы мен сезімі, төлтума жаратылысы, болмысты қабылдауының және бейнелеп беруінің редукциялық түзілісі, экзистенциалды ойлау жүйесі – аса күрделі үдерістердің нәтижесі ретінде көрініс тапқан.

Бұл жерде шығармашылықтың табиғатына түрлі қырынан үңілудің қажеттілігі нысанның ерекшеліктерінен туындайды. Нысан әртарапты және көпқабатты құбылыстан тұратындықтан, оны танып білу де бір ғана көркемдіктің аясына сыймайды. Бұған қоса мәселенің философиялық және психологиялық аспектілері де маңызды мағынаға ие.

Осы ретте зерттеудің ғылыми парадигмасы суреткер санасының феномендік жаратылысына қарай бағыт-бағдар алғанда ғана өлеңнің не екенін емес, ақынның кім екенін біле бастайтын боламыз. Өлеңнің сөз өрнегін мазмұндап беруден бұрын сол өрнекті салған сананың қыр-сырына үңілу маңыздырақ. Ақын сөзінің түп негізі және түрленіп туындауы сананың интенционалдық табиғатымен байланысты. Көркем шығарманың мағыналық ауқымы кең болғанымен оның жиынтық мәнін автор интенциясы белгілейді. Сананың бір нысанға, ойға алған түйінді мәселеге қарай бағытталуы шығарма өзегін құрайтын әрекет [4, 161 б.].

Абай өлеңдеріндегі авторлық интенцияның айрықша бір үлгісін көркемдік уақыттың жіктелісінен аңғара аламыз. Атап айтқанда, адам өмірінің мәні екі түрлі мерзімдік кезеңге бөлініп жинақталатыны байқалады. Бұл екі кезеңнің өзара ықпалдасуының психологиялық және философиялық иірімдері ақын санасының феномендік табиғатын тануымызға мүмкіндік береді.

Бұдан бұрынғы зерттеуде Абайдың ғашық жайын бейнелейтін өлеңдеріндегі көркемдік уақыттың екіге бөлінетін ерекшелігіне арнайы тоқталған болатынбыз. Сондағы негізгі уақыттың мәнін басқа бір ситуациялы уақытымен қатар қою барысында ғашық болған сәттің мәңгілік осы мезет санатын иемденетіні қарастырылды [1, 147 б.].

Мәселеге бұдан да кеңірек келсек, көркемдік уақыттың осылайша жіктелу табиғаты Абайдың танымдық дүниесінде өмірдің

мәніне ой жіберу барысында аса маңызды тұғырнамалық тәсіл болғанын аңғарамыз. Сыртқы дүние ішкі дүниенің экзистенционалды таразылауына түскен тұста субъект өмірінің түрлі кезеңі бір нүктеден, тәжірибелік жинақтаудың өткелінен өтіп барып ой мен сезімге оралады.

Бірінші. Оқиғаның болған уақыты. Ол – ғашықтардың аулақта құпия кездескен сәті; жаздың тамылжыған көрінісі; аңшының аң аулау кезіндегі дүниені ұмытқан халі; жастық шақтағы көңілдің кірлемеген тазалығы. Кейде ақын өткен уақытқа үйлеспейтін қарама-қарсы позицияда. Мұндайда бұрынғы жағдайына қарсылық білдіру, кезінде менсінбеу орын алғанын, байыбына бармағанын мойындау, өкінішпен еске алу қазіргі уақыт контексінде көмкеріледі.

Екінші. Араға уақыт салып болған оқиғалардың көңіл-күйдегі қалған ізі, жан дүниедегі қадір-қасиеті мен ауыртпалығы өмірдің басқа бір кезеңіндегі маңызды ситуациямен қайта ықпалдасады. Субъект өмірінің қазіргі мәні, келешегі өткен күндердің мазмұнымен бірлікте зерделенеді [13, 137 б.]. Уақытпен бірге өрілген пайымдаудың санадағы тәжірибесі өмір мен өлім дихотомиясына, өмірмәндік платформаға қойылады.

Мәселе жалпы гуманистік, жалпы адамзаттық контексте бағамдалатын құндылықтарға қарай ойысады. Бұл ретте имандылық, толық (кәміл) адам, адамгершілік, адамдық, хакімдік жайы осы өмірмәндік ұғымдардан таратылады.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Қызарып, сұрланып», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Жаз» өлеңдеріндегі мезгілдік арақашықтықтан бейнеленген ситуациялардың мәні ақын өмірінің тағы да бір сынға түскен немесе көңілге қайта тоқылған мезгілімен ұштасқанда бұрынғы жағдайдың мағынасы үстемелейді, өмірлік салмағы тұтастай зерделенеді. Бағалау мен пайымдау – ойдың тазалығымен, ниеттің түзулігімен сезімнің пәктігімен бағандалады. Қайта айналып соққанда сағыну, аңсау, жүректің, сезімнің тазалығын асқақтату орын алады.

«Есінде бар ма жас күнің» өлеңі жастық шақтың артықшылығын толығымен сезімге жүктейді. Көңіл-күйде кіршіксіз бейнесімен тұнып қалған өмірдің ең бір қимас мезгілі ерекше ықыласқа бөленген. Өмір өткелдерінен өтіп барып сол өмірдің мәніне тұтастай көз жібергенде таңдау жастық шаққа түседі. Таңдау сағыныштың уақытпен келген ынтызарлық күйімен байланысты: бір жағынан қайратты, күш-қуатқа толы кезеңнің, екінші жағынан достық пен махаббатқа, ниеттің тазалығына, көңілдің ақтығына дақ түспеген шақтың мәнімен таразыланады.

Жастықтың артықшылығы физиологиялық мүмкіндіктің молдығымен ғана емес, мазмұнының маңыздылығымен де ерекшеленеді. Мазмұн ең асыл қасиеттер – достықтың және махаббаттың мәнімен күшейтілген. Асылында бұлар жас адам өмірінен кейін де орын алуы мүмкін қасиеттер. Кімге болса да, қашан болса да керекті дүние. Бірақ автордың бұларды жастыққа байлауының себебі бар: Әлеуметтік ортаның уақытпен жоғалтқан қасиеттері осылар. Кінәрат – қоғамда.

Өтіп кеткен уақыттың артықшылығы – ойдың, сезімнің әлі кеселді ортаға, жайсыз жағдайға түспей тұрғандағы жаратылыс болмысы. Оны аңсаудың мәні әлеуметтік ортадан қашу ғана емес, жастық шақтың өтіп кеткенін, өмірлік меженің басқа бір реалды шындықпен беттескенін білдіреді. Жан-дүние тазалықты, жастықты, пәктікті қалайды... Сағынады. Салыстыра қарағанда еңіске қарай бет алған өмірдің қызығы артта қалған. Эстетикалық нысан өмірдің мәнін сезіммен, сезінумен, жанға жылу әкелетін әсерімен қабылдайтын тұсқа тақалған. Сонда бұл сұм жалғаннан шегінетін, жақындап келе жатқан өкінішті межеден көңіл қалған жағдайды бедерлей түседі.

Абайдың өмірден тепкі көріп, тауы шағылған тұста «не болып, не қойды» дейтін сауал соқталанып шығатыны көңіл-күйдің түкпірінде жатқан шуақты сәттерді де, сұм тағдырды да жарыстыра өретініне тірек болғандай.

Байқайсыз ба, жастық шақта кең дүниеге қызғаныш жоқ. Махаббат та, дос та, мал да, бақ та ортақ. Енді келіп соның бәрі қайда кетті?

Лириканың мазмұны мұны тікелей ашпайды, салмағын сана-сезімге жүктейді. Өзіңнің жаратылыс болмысыңа үңілесің: «Жалынасың, боқтайсың, сағынасың, жоқтайсың». Адамның уақытпен бірге жоғалтқан, қайтып келмейтін қимас шағы енді оралмайды. Жүрекке жара түсті. Бұған өмір өткелдері шеңгелін қадаған. Экзистенционалды дихотомия әлеуметтік ортаның бейнесімен ғана емес, адамның физиологиялық мүмкіндігімен де байланысты.

Структуралық құрылымына тұтастай көз салғанда, осындай «мәңгілік сәт» санатын иемденген, ой мен сезімнің айрықша ықыласына бөленген шақ соншалықты көп те емес. Абай ақиқатында тіптен санаулы ғана.

Олар, айтып отырғанымыздай, кіршіксіз махаббат, достық, жастық шақ, таза ниет, ақ көңіл орын алған сәттер. Бұлардың өзі, Абай шығармашылығына зер салғанымызда, социумнан аямай таяқ жеп жатқан мінездемелік қасиеттер.

Рухани келбет – қоғам нәтижесінен ғана емес, адамның туа бітті қасиеттерінің таза, қоспасыз табиғи жаратылысымен еншілес.

Ал енді осы қасиеттердің әлеуметтік ортамен түйісер жері – қашан да залалды, жанға жара салар кеселді сипатымен бейнеленеді.

Бұл жағдайға келгенде көркемдік уақыттың екі межесі бір-біріне қарама-қарсы бағытта. Мұнда да субъект өмірінің екі кезеңі экзистенционалды ой таразысына салынады: *бірі* – жастық шақтағы пәк көңіл, шынайы сезім, жан-дүниенің тазалығы және осыларды әлеуметтік ортаның кірлеткен жайы; *екінші* – өткен өмірде кеткен қателіктер: менсінбеушілік, пендешілік, өзімшілдік орын алғандығы және оларды мойындау, өкіну, арылу психологиясы. Бұл көбіне сыр ақтару, ағынан жарылу түрінде өрнектеледі.

ОПЫҚ ЖЕУ

Замана контексінде пайымдалатын өмірдің түрлі кезеңдері, түптеп келгенде, өмірде не мән бар, қызығы қайсы, кімдермен бірге болдың, өз өміріңнен нендей ой түйдің, енді не істемексің, алда не күтіп тұр дейтін сұрақтар тізбесімен бірлікте байыпталатыны заңды. Себебі бұлар – ойшыл тұлғаның Э.Фромм негіздеген экзистенционалды дихотомиясының діңгекті мәселесі. Әсіресе, Абай өмірінің шындығында өз ортасынан рухани сүйеу таппаған ақиқаты өмірмәндік ұғымдарды белгілеп, бедерлеп отыруға түрткі болған факторы.

«Динамизм человеческой истории порождается наличием разума, заставляющего человека развиваться и благодаря этому создавать собственный мир, в котором он мог бы существовать в согласии с собой и другими людьми. Каждый сделанный шаг оставляет его неудовлетворенным и обеспокоенным, и именно это беспокойство заставляет его продвигаться к новым решениям. У человека нет врожденной «тяги к прогрессу»; только противоречия его существования заставляют его двигаться дальше по тому пути, на который он вступил» [14, 58 б.]. Үзіндіні толық келтіріп отыруымның себебі бар. Абайдың өз ортасына сын көзімен қарауын, көңіл-күйін жайлаған келеңсіз көріністердің себебін «прогреске ұмтылыс» деп көрсету – қазақ әдебиеттану ғылымында орныққан тұжырым.

Абай шығармашылығының және әдебиет алаңындағы әрекетінің бірден-бір жауабын осыған әкеліп тіреу – көп мәселенің бетін бүркемелеп тастайды. Ол прогрестің түпкі мәніне үңілгенде Кеңес дәуірі болып пайымдалады. Астарында жаңа дәуірді ағарту, өткен дәуірді қарайту пиғылы идеологияға сәйкес өз-өзінен сұранып тұрады.

Прогресс ұғымы адамның жан-дүниесіндегі үдерістерге өз-өзінен жетекші бола алмайтыны – Л.Н.Толстой тарапынан саналанған құбылыс. Қарама-қарсылыққа ұшырап, өмірдің мәнін түсінуге бағытталған танымдық үдерістерде прогреске деген сенімнің жарамсыздығы белгілі болған [15, 16 б.].

Атеистік тұрғыдан алғанда, болашаққа деген көзқарастың тоқайласар жері осы прогресс. Оған деген сенім – әлеуметтік ортадағы экзистенционалды дихотомиядан арылудың амалына айналған. Дұрысы, материалистік тұғырнама интерпретациясында дәуірлік қайшылықтардан арылудың жолын прогреске деген ұмтылыспен түсіндіру орын алған.

Шындығына келгенде, экзистенционалды дихотомияны Абай дәуіріне ғана қатысты ұғым деп санамаймыз. Себебі бұл үдеріс қай қоғамда да орын алатын және ойшыл тұлғаның өмірінде саналаудан өткізетін ісі. Э.Фромның жеке бір дәуірді бөле-жара қарастырмағаны айдан анық.

Абай өмірінің рухани қайшылығы және ақын ретіндегі жалғыздығы – алға жылжудың қайнар көзі болды десек, артық айтқандық болмас. Қайшылықты жағдайды абстрактылы бір прогрестен гөрі нақтылы ситуациялар мен социум мінездемесінің ықпалынан пайда болған реакцияның нәтижесі ретінде тұжырымдау анағұрлым түсінікті. Шығармашылық – осы үдерістердің рухани өтеуі.

Адамның әлеуметтік ортаға түскеннен кейінгі ахуалының қайшылықты болатынын Абай ерте аңғарған. Бұған өмірден көргендері де, оқыған-тоқығандары да қозғау салғанға ұқсайды. Алғашқы аудармаларынан бастап-ақ назарға іліккен жағдайдың бірі осы.

Түп нұсқасы Д.Шиллерден алынған «Das Kind in der Wiege, 1976» М.Ю. Лермонтовтың «Дитя в люльке» (1829) өлеңінің қазақша аудармасына назар аударайық:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

Кең дүниеге келген баланың өскен соң сол дүниеге сыймайтыны – тыныштық пен баспанаға қолы жетпейтіні. Әлеуметтік орта – адамға жайсыз. Бұл жердегі баспана ұғымы әлеуметтік жағдайдың жұпынылығын да, қорған болмаған сиқын да айшықтап тұр. Тыныштық – рухани өлшем болса, баспана – әділет пен тұрмыс өлшемі. Екеуі де өскен адамға таршылық етеді. Кең жайлау – көшпелі қазақ ұғымындағы ең қастерлі символдық ұғым: молшылық, береке-бірлік, көңілдің көтерілуі, жасыл-желек, өсіп-өну, бәрі-бәрі жайлаумен байланысты.

Осы тұста «Жаз» өлеңіндегі кең жайлаудың зор қуанышты, рахатқа бөленген көрінісін еске ала кету артық болмас. Әлеуметтік қайшылықтарды «ашпай кетудің» (М.Әуезов) себебін – Абайдың кең жайлауды әділетсіздіктен ада, көшпелі өмірдің келісті бейнесін жаз мезгілімен, түлеп жаңарған символдық мәнімен бірлікте алуымен байланыстыруға болатындай. Сондықтан да ол – ұйып қалған тұрақты бір сәт [1, 92 б.].

Кең жайлаудағы жалғыз бесіктің осы жаз жайлаудағы көрініспен бір өрісте жатқандығы олардың символдық мәнін ортақтастырады.

Енді келіп сол кең дүниенің өскенде тарылатыны – адам өмірінің әлеуметтік ортадағы ақиқаты.

М.Ю.Лермонтовтың өлеңі:

Счастлив ребенок
И в люльке просторно ему,
Но дай время сделаться мужем,
И тесен покажется мир.

Қайшылықтың әлеуметтік себептерінен гөрі философиялық салмағы басым. Ер жеткен соң дүниенің тарылатыны – жолы болмаудан, ғашығына жете алмаудан, мақсаты орындалмаудан сондай-ақ әлеуметтік себептерден де болуы мүмкін. Мәні – кең, адам өмірінің саналанбаған және саналанған екі кезеңін айшықтап тұр.

Ал Абай контекстінде әлеуметтік ортаның қайшылығы ашық өрнектелген.

Бұл міндеттеп алмаған еркін де ерікті аударманың рецепциялық түзілісі. Түпнұсқада – өскенде дүние тар көрінеді, аудармада – әлеуметтік қайшылық мәжбүрлейтін халде (зар боларсың).

Абай көзқарасында әлеуметтік қайшылық – кірсіз көңілді кірлететін даяр тұрған қақпан емес. Сол жағдайға алып келетін, кең дүниені тарылтатын себеп пен салдар бой түзеген адамның өз басынан кеткен кінәраттан. Мәселенің философиялық аспектісінен гөрі әлеуметтік мазмұны басты орында. Эстетикалық жүктемесі – жас баланың дүниеге келгендегі қуанышы және оның өскеннен кейінгі әлеуметтік ортадан алатын орнының күйінішті немесе сүйінішті болатын эмоционалдық әсері. Бұл ата-ананың көңіл-күйі арқылы беріледі.

Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?
Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әр нені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.

Жасыңда күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.
Ата көңіл жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса.
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса -
Үміті қайда?
Соны ойла,
Абайла!

Өлеңнің сезімге әсер ететін эстетикалық салмағы ата-ананың ұрпағынан үміт еткен көңіл-күйінің астарында берілген. Балғын бала қуанышы өскенде көңіл қалдыратын сезімге ұласқан. Қайшылықты ситуация. Себебі ашық айтылмағанымен, өлеңнің феноменологиялық редукциясы өмір сүрудің дәстүрлі шартына үңілдіреді. «Молдаға оқытуда», «әр нені үйретуде» – кінәрат бар. Баланы өсірудің, тәрбиелеудің жолы түбірімен өзгеруі тиіс. Өлеңде ол жол көрсетілмеген. Солай болғанымен ой мен сезімде түлеп (генративті) отыратын сипат айқын. Неге олай, не болды, себебі қайдан дейтін сауалдар адам өмірінің мәнімен, бала сүю, ұрпақ қалдыру ұғымдарымен сабақтасады. Бұны өлеңнің жалғасы бекіте түседі:

Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйенерге жарар ол.
Сүйкімі жоқ құр масыл би
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас қайла,
Ойбайла -
Не пайда?
Зарланарсың, ойланарсың,
Не болам деп енді мен.
Құрбылардан қорланарсың,
Тәңірі ісіне сен де көн.
Қайғысыз пенде,
Көрдің бе
Өміріңде?
Тәңірі сорлы етсе, пенде,
Не бітірер құр жылап.
Жігері жоқ ақылы кенде,
Жамбасыңнан жат сұлап.
«Бір жаман мен бе?»»,

Дедің бе
Көңіліңде?

Ситуацияның мәні ата-ананың ұрпағымен басы бүтін байланыстырған үмітінің күйреуімен байланысты. Зарлану, ойлану, қорлану, жылау, жамбастан сұлап жату – шарасыздық белгісі. Уақыт кері жүрмейді. Басқа жолы көрінбейді.

Автор тарапынан бұл істің анықталған позициясы – соңғы шумақтың үшінші тармағы: «Жігері жоқтық, ақылы кенделік».

Барлық салмақ ой мен сезімнің ары қарайғы жалғасына түседі. Өмірдің мәні – ерте ойланатын шаруа. Бала тәрбиесінде ойланбай атқарылған әрекеттің түбінде келіп адам өмірінің мәнімен сабақтасатыны тұтас зерделенген.

Осы ретте «Тәңірі ісіне көн», «Тәңірі сорлы етсе» тіркестері – жазмыштан солай екен дегенді місе тұтқан шарасыз ата-ана психологиясының көрінісін айғақтайды. Себебі соңғы екі шумақ түгелімен ата-ана көңіл-күйінің, ендігі істер ісінің түйіні іспеттес. Көнуден басқа шара жоқ.

Әр шумақтың соңында цезураға шығарылған тармақтар авторлық позицияны айшықтай түседі. Жастық өтті, еркелік кетті, үміт ақталды ма, нәтижесі бар ма, енді не болады? Ата-анаға қарата қойылған сұрақтар өткен істің мазмұнын ендігі өмірдің мәнімен беттестіреді «Не бітті», «босқа өтті», «абайла», «не пайда» сөздері жағдайдың тұйыққа тірелгенін жеткізеді. Ары қарайғы цезуралық тармақтар шарасыз пенденің өзін-өзі жұбатқан психологиясын әшкерлейді.

Қайғысыз пенде,
Көрдің бе,
Өмірінде?

Қайғысыз адамды кездестіру қиын. Демек қам көңілді осымен жұбатуға болады. Оны бекітетін қисынды сөз мынау:

Бір жаман мен бе,
Дедің бе,
Көңіліңде?

Сұрақ қазақ қоғамының қанына сіңіп кеткен психологиялық құптамасын алға тартады. Бұл – ата-ананың болары болған істің мәнін жуып-шайғандағысы. Көңіл жұбату.

Дәстүрлі психологияның әттеген-ай дегізерлік бір кемістігі осымен түйінделеді. Ата-ана психологиясы мен авторлық позицияның қатар өрілуі әсердің қос қабаттылығын ғана емес, проблемалық мәнін

жалпыұлттық контексте сезінуге және ойлануға алып келетін тұғырнамалық жүйе.

Абайдың бағаналап айтқан сөздерінің ішінен бала тәрбиесі айрықша орын алатыны белгілі. Бесінші, жетінші және оныншы қара сөздерінде қазақтың бала тәрбиесіне, балаға көзқарасына қатысты дағдысын сөз ете отырып, Абай осы мәселенің әлеуметтік ортамен, дәстүрлі психологиямен және, ең бастысы, антропологиялық болмысымен бірге қалыптасатын ерекшеліктерін жинақтап айтқан. Бұл мәселе – арнайы зерттелетін тақырып.

Өлеңдерге келер болсақ, қара сөздердегі тұғырнамалық пікірлердің феноменологиялық эстетикалық түзілісін осыдан көреміз. Іс жүзінде Абайдың бала тәрбиесіне қатысты ойларының эстетикалық өріске шыққан өрнегі – өлеңдерінде, прагматикасы – қара сөздерінде.

Жетінші қара сөзде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік», – деген ойдың мәнін зерделеп көрейік. Көңілге бекітер бір түйін – тәннің өз керегі бар, ол да өсуі, қуат алуы керек екен. Ары қарайғы сөйлемдерде тағы да адамдағы тән мен жанның бірлігінен келіп шығатын тұжырым бар: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды».

Денелеп білудің мәні – адам жанының тәнмен біріккен кезінде дүниені мөлшерлей алатын, артық-кемін, жақсы-жаманын сезіну мен бағалаудың жөнін білетін мүмкіндігі. Тән осы өмірдегі адам жанының түрлі болмысын белгілеуде субстанциялық мәні бар категориялық ұғымдарға түзіледі [16; 17, 32 б.]. Тек физикалық дене емес. Дүние-мүліктің де, тамақтың да, ұйқының да, жақсылық пен жамандық жасаудың да, қан төгудің де, махаббат, туыс, дос, бауыр сезімінің де, ләззат алу мен азап шегу де осы тәндегі үдерістермен байланысты. Демек, денелеп білу. Таза жан – мөлшерсіз. Адамзат тарихында шектен тыс аскетизм де, жойласыз тойымсыздық пен ашкөзділік те тәнге қарап мөлшерленген.

Осыны белгілей алмаған жанда кілтипан бар. Оның халі жануардан да жаман. Жанның азығын ерте қамдамаған, күнін өткізіп алған істің нәтижесі осылай болмақ. Өнер жоқ, сана ашылмаған (ел танымау), үйді ғана таныған, шаруаға қыры жоқ қуыс кеуде өсіп шыққан. Өлең идеясы – ата-ана үмітінің осымен қымталған күйін және ендігі көрмек күнінің жүдеулігін қапысыз жеткізеді. «Сүйкімі жоқ» жеткіншек құр пайдасыз ғана болып қалмайды, көзге күйік масылға айналады.

Орны толмас олқылық – тәнді ғана күткен, жаннан хабар алмаған істің нәтижесі. Бұл жағдай қара сөзде былайша түйінделеді:

«Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенде-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Тән мен жанның табиғи сұранысын, екеуінің арасалмағын денелеп білмеу рухани дүниенің сырынан мақұрым қалу. Бұл – тәрбиеден кеткен сорақылық, көзбен көріп, көңілмен зерделемеу, дүниеге көңіл көзімен қарамау. Нәтиже не болады? Негіздеме даяр: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!»

Кеселді ақтайтын тобырлық пайым осы. Өлеңдегі «бір жаман мен бе?» сөзі енді түсінікті болды. Бұл – жұрттың бір-біріне қарайлаған, әлеуметтік ортада айыпталмайтын мінездемелік дағдысы болып шықты.

Өмірмәндік маңызды мәселе тілде бар да, ділде жоқ. Когнитивті диссонанстың нәтижесін топтың психологиясымен ақтап алу орын алған [18, 127 б.; 253 б.].

Жастық шақтың алаңсыз көңіл-күйін есейген кездегі ой түскен кезбен ықпалдастыру – «Тайға міндік» өлеңінің арқауы. Өткенді ашық айыптау болмаса да, мезгіл өткеннен кейінгі бұрынғының мәнсіздігі мен тұрлаусыздығы уақыт арақашықтығынан өтіп барып пайымдалады. Жастық шақтың құнсыздығы – саналы өмірге бағытталмай, әр нәрсенің басын бір шалып, құр алақан қалған жағдайдан туындайды.

Мәселенің бәрі әлеуметтік қатынастарға даярлықсыз келіп, адасып қалған тағдырға тіреледі. Абай бұл жағдайды «біз» тұлғасында баяндайды.

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.
Шала оқудан
Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан?
Бағасыз жастық –
Бозбастық,
Адастық.

Адасу – жаппай тараған ахуал. Әлеуметтік орта қаңырап бос тұр, қарым-қатынаста биік меже, анық мақсат, ахлақтық келбет жоқ. Оқырман баянсыз өмірдің мәніне қайта үңіледі.

Осыншама қалың ойдың жай-жапсарын ақын баяндап отырған жоқ. Көбінің астарлы мәнін сезімге жүктеу арқылы ойды жетелейтін әсерді, жастыққа сай пәрменді әрекеттердің баянсыздығынан туындайтын қам көңілді жеткізу барысында түрлі ойға, сан түрлі сезімге бастайтын дүниенің терезесін ашады. Жастықта не болды, қазір қандай халдемін дейтін сауал әркімнің өз өміріне субъективті түрде сүңгуіне бастап береді.

Өмірлік ситуация әркімде әртүрлі. Бірақ жастық жалын, албыртқан көңіл, алып ұшқан сезім, қуаныш, құмарлық баршаға ортақ. Сезім интерсубъективті сипат алған [11, 139 б.]. Өлеңнің эстетикалық қуат-күші әрі айшықты, әрі әсерлі. Ал бұл жағдайдың көңілге тоқылған мәні уақытпен бірге қайта пайымдалатыны тағы да толқусыз, әсерсіз болмайды.

Эмоциялар қосарластығы бір-бірімен беттескенде уақыттың тоғысуы субъект өмірінің мәнін тұтастай пайымдауға алып келеді. Уақыт өмірмәндік контексте тұйықталады. Ұғым өмір мен өлім дихотомиясына ойысты.

Қайын бардық,
Қатын алдық,
Енші тиді азғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Қала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла –
Не пайда?

Өткен өмірді алдағы перспективамен бетпе-бет қойғанда уақыттың кері жүрмейтіні – ашы шындықты көлденең тартады. Соңына жақындаған өмірдің мәнін, не болып, не қойғанын, мағыналы-мағынасыздығын әрбір саналы адамның пайымдайтыны заңды. Абай бұл жағдайдың әлеуметтік алғышартын да, философиялық-психологиялық тиянағын да қатар ұсынады.

Өлеңнің түлеп отыратын идеялық негіздемесі және эмоционалдық қуаты – адам өмірінің бұлтарыссыз ақиқатына иек артатын шындығында.

Енді осы бір әркімді мазалайтын ойдың әлеуметтік астарына үңіліп көрейік.

Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң, тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң, қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші – қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,
Шартарапты көздемес.
Пайданы қуып алқынып,
Өзгені әсте сөз демес.

Қарашадағы өмірдің алды – тоқсан. Адам өмірінің өлшеулі соңы. Тоқтамайтын уақыт жалынғанмен келмейді. Өтіп кеткен уақытқа тек қана оймен орала аласың. Бір ғажабы, мұны көңіл толқымай еске түсіру тағы мүмкін емес.

Онсыз да сезімді қозғайтын өмірдің түйінді тұсы осылар: бірі – май, бірі – тоқсан. Ассоциациялық өрісінің бейнелілігі сондай, бірі – жылытады, бірі – тоңдырады. Бірі – «Жаз» өлеңіндегі жайдары күлкіні, жадыраған көңілді тірілтеді; бірі – «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңдеріндегі жабырқаған көңілді, жүдеу көріністі, тоңған жұртты қайта еске салады.

Жасыл шөп бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Байқастасақ, жастардың күлкісі, балалардың шуылы жазбен бірге. Ал қарашадағы өмір – қайыршылыққа түскен шал-кемпірдей. Символдық мәнінде өмір өткелдерінің бейнесі айқын. Табиғат маусымының көңіл-күймен, адам өмірімен бірге құндақталған бедерлі көрінісі. Жаз бен күз көңілді екі ұдай күйге бөлейді.

Сөйткен дүние тағы да қарама-қайшылықпен бетпе-бет келді: «Майдағы жұрттың – іші қар». Жаз өмірін өткізіп жатқан жұрттың

әлеуметтік келбетінде, рухани өрісінде мұз боп қатқан кемістік бар. Бәйшешек өнбейтін халде.

Мәселенің бәрі жиылып келіп рухани дүниенің қарауына көшті. «Ішінде кімнің оты бар, қар жауса да, сөнер ме?» тармақтары өмірдің мәнін, саналы тіршіліктің мызғымас ақиқатын түйіндейді: адам өмірінің рухани өрісте ғана мәні бар.

Абайдың өткен өмірді, жастық шақты кейінгі кезеңнің саналанған өткелдерімен ықпалдастыруы – өмірдің мәнін белгілі бір уақыт арақашықтығынан зерделеуге мүмкіндік беретін аса маңызды тұғырнамалық тәсіл. Адамның күш-қуаты тасыған, алаулаған көңілі мен сол тұстағы әрекеті белгілі бір уақыттан кейін өмірмәндік контексте қайта пайымдалғанда кеткен қателік, өткізіп алған уақыт, ескерусіз қалған мүмкіндік өкініш сезімін тудырады. Бұл сезім әлеуметтік ортаның жанға тигізіп жатқан зардабын, мәреге жетпеген мақсатын үнемі еске салатын себеп-салдарлы ұғымға айналады.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм¹ қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ

Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым көп шошынарлық.

«Еһе-еһеге» елірме, бозбалалар
Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.

¹ Мәхрұм (арабша) – бос, құр, бос қалу, құрқалу.

Өтті өмірім,
Қайтты көңілім
Бұл дүниенің ісіне.
Жасы құрбы,
Жаны тұрғы,
Дос па деген кісіге.

Мен паң едім,
Бейқам едім,
Еш нәрседен қайғысыз.
Тез дерттендім,
Кейде өртендім,
Кейде мұз.

Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Шықтық міне белге енді.

(М.Ю.Лермонтовтан)
Жастық құмар үміттің нұры қайтып,
Күңгірт тартты, бәрінің аяғы реніш.

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық.

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Қайғылы көңілім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Көркем мәтіндегі уақыт дистанциясы екі кезеңнің де ең бір көңіл толқулы сәттерін, сындарлы мәнін оқшаулап алу арқылы эстетикалық қуатын еселеп отыр. Әр адамның өз тағдырына, өміріне ой көзімен үңілуге итермелейтін жағдай тек қана әлеуметтік себептер емес, бұған жеке бастың трагедиясы, жақындарынан ерте айырылу, өкінішті нала, шаршаған жүрек, көңілдің қалуы сияқты психологиялық үдерістер қосылады.

Туғанда кіршіксіз болған жүректің өскен соң кірлейтіні – санаға түскен салмақтан. Айнала қоршаған ортаға адам өзінің дүниетанымымен, ар-ожданымен, ақылымен, ішкі дүниесінің қалауымен үйлесуге әрекет жасайды.

Міне, дәл осы үйлесімнің көңіл көншітерліктей болмауы – карама-қайшылықтың көзі.

Жалпы алғанда бар деп ойлағанның өзінде үйлесім ешқашан толық орнықпайды. Себебі адам табиғатында экзистенционалды дихотомиялар орын алмай қоймайды [14, 59 б.].

Абай ойшыл тұлға ретінде бұл қайшылықтарды сезініп қана қойған жоқ, олардың жүрек тебіренерлік мәндісін, шұрайлы сәтін өз қалауымен ақын ретінде эстетикалық өріске алып шығып отырады. Алған әсер, мағыналы әрекет, өзгеше трансценденталды жағдайда болған нәтиже өзін ғана емес, өзгелерді де толқуға, тебіренуге, түйінді мәселенің қуат-күшін сезінуге алып келеді.

Сөз өнері – осы үдерістердің өзгелерге ұстата салуға көнбейтін табиғатын заттандырған, өткерудің айрықша жолын тапқан феномендік және эстетикалық түзіліс нәтижесі болып шықты.

Енді келіп осыншама түйінделген ой, түйдектелген сезім өмірге келу мен кетудің таразысына түскенде мәселе феноменологиялық философиялық санатқа көшеді. Жастық дәуреннің де, есейген естиярдың да мінездемелік болмысы өте шықпайтын құндылықтарға

байланғанда ғана өмірде мән бар. Ол құндылықтар өмірге де, өлімге де ортақ, екі дүниеде мәнін жоғалтпайтын киелі қасиеттер.

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Менімен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Тәннің айтқанына көніп, айдауына жүрген жанда тұйықталатын болмыс бар. Құлқынға ғана қызмет еткен менмен жанның барар жер, басар тауының өлшемі – боқтың қабы. Басқа онда сипат жоқ. Әсердің күштілігі сондай, тәннің ең бір сүйкімсіз күйге түскен жағдайына жанның сезімтал қасиеті көлденең қойылады. Өзгермелі өмірдің өзгермейтін ақиқаты – «Алланың хикметін сезіну», «адамды сүю» ұғымарымен сабақтасып жатыр.

Мәселе имандылыққа және оның адамды сүюге үндейтін гуманистік бағытына келіп тірелді. Таңқаларлық жәйт, «боқ көтерген» тіршілік иесін қалайша сүюге болады дейтін ассоциациялық мағынасы анық сауалдың көкейде тұруы әсерді өткірлейді.

Сүю – басы бүтін рухани өлшемге өтті. Сүю де, сүйікті болу да тәнмен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Кешегі баланың егде тартқандағы өмірінің мәні оның тәнінің рухани мазмұнында. Саналы адамның өмірден тоқтап табар бірден-бір қуат көзі осы.

Көркем бейнелі ұғым ғылыми трактатта баяндауға болмайтын ахуалды толығымен сезімге жүктей отырып, адам өмірінің мәнін тұтастай түйіндейді.

Өмірдің бағандалған екі кезеңінің арасындағы тіршіліктің мәні адамның мінездемелік өзгерісінен де, жас ерекшелігімен байланысты сананың саралануынан да байқалады.

Ақынның жабыққан көңілінің рефлексиялық көрінісі ретінде өрнектелген өлеңі – «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен».

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен,
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен,
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл шөппен, бой жеткен егінмен тең.

Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті,
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған.
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ
Сенің де басың имек жерге таман.

Егілген егіннің көгеріп көктеуі, жайқалып өсуі, ақыр соңында сарғайып орылуы – адам өмірінің баламасына айналған. Табиғи үдерістің айна-қатесіз қайталанатыны және қатар жүріп жатқан көріністің санадағы байланысы – жанды бейнені көзбен көріп, көңілге қондыратындай саралап береді. Адам өмірінің бұрылысты кезеңдеріне егін өсімінің ауа райымен байланысты жылылығы және суығы параллель болуы сезімнің қуатын нақтылайды. Зердеге табиғи заңдылық өз шындығымен құйылады.

Сонда да адам өмірінде ауыр салмақ бар. Егіннің дәні толып иілуі мен адамның жерге таман иілуі – сырты ұқсас болғанымен, іші басқа. Рухани жүктемесі бар. Дәні толып иілу мен рухани толысудың ұқсастығына мағынасыз қартаю балама бола алмайды. Жағдайдың ішкі иірімдері қайғыдан да болады. Сондай-ақ «әсте өлмейтін» келте ойлы адамның физиологиялық ахуалын да көрсетеді.

Адам жанының ақиқатына қатысты ұғымның немен тынары – әр адамды өмірге келу мен кетудің арасалмағын пайымдауға жетелейді. Экзистенциалды толғам өмір мен өлім дихотомиясына ұласты [14, 62 б.].

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа,
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Өлімнің мағынасы өмірдің мәнімен байланысты екені – Абайда саналанған үрдіс. Өлім – жоқ болу емес. Жанның өмірден кейінгі болмысы тәнмен бірге болған сипатынан өрбиді. Жалғасатын мәні бар. Бүгінгі өмірдің «жарқылына» алданған жанда мазмұн аз. Мөлшерді білмеу – әсте өлмейтіндей қылықтың басы. Мөлшерлі дүние тәнмен бірге берілген: адам «өлмек үшін туған».

Абайдың осы бір философиялық ойының және оның эстетикалық өрнектелуінің астарында тұрған ақиқат – өмір мен өлім дихотомиясынан адам қалай қашса да құтыла алмайтындығы. Адамға берілген жалғыз өмірдің мәні кім-кімге де ой салары, сезімді тербетері сөзсіз. Бұдан әртүрлі шешім қабылдануы мүмкін, бірақ мәселені ешкім жылы жауып қоя алмайды.

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Қиял қып өмір сүріп, бос жүріпін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Тағы да өткен күн мен бүгінгі күннің тайталасы. Қиял қылған дүние алдан шықпаған. Өткеннің мәнін келешекпен жалғастыру – үйлесімсіз; бұрылысты кезеңдеріне уақыт арақашықтығынан қарағанда өкінішті наласы бар. Кешегіні сағыну жабыққан көңілге ұласады. Көңілдің құлазитыны сыртқы күштің ықпалынан ғана болған жағдай емес, ішкі иірімдердің де солғын тартқандығынан, адами қасиеттердің кемігендігінен.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға түйме қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Өмір өткелдерінде болуы тиіс қасиеттердің бәрін бірдей түгелдеп отыру мүмкін болмаған. Мәтінастары мағынасында – қазір де жұлма-жұлмасы шыққан. Сәт сайын өзгеріс үстіндегі тыныс-тіршілік айнымай отыруға мұрша берер емес.

Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,
Өзінді өзің күзет, кел, шырағым!

Өткен өмірдің санадағы мейірімді жылуы мына ортаға қуат бере алмайды. Төңкерілген жұрт сынайы жан сарайға сыяр емес. Екеуі орайласпайтын екі дүниеге айналған. Мәселенің бәрі сағымға айналған тіршіліктің социум ахуалына барып тірелгендігін бедерлеп тұр.

Сонда қалатыны – адами қасиеттерді өз бойында қалдырудың қаншалықты мәні бар дейтін сауал. Түйінді мәселенің тарқауы тұтасымен жеке тұлғаға қарай ат басын бұрды.

Саналы адам қызықты қиялды, алдамшы сағымды малдана алмайды. Ақиқаттың қайда екенін іздеуі тиіс. Көптің ауызын күзету адастыратын іс болып шықты. Себебі социумның өзі адасуда. Дұрыс жол – өзінді өзің күзету.

Күзететін дүние тағы да оңай емес. Оның өлшемі мен ауырлығы – өмір бойғы кісілік мазмұн. Уақытпен жоғалтуға болмайтын адами қасиеттердің тұрақты шоғырын өлең оқшаулап жинақтап беріп отыр: «Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш». Бұлар әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсудің бөтен ойсыз, бөгде пиғылсыз шынайы өрісі. Социум мінездемесінен бір сәт алып тастауға болмайтын адал қасиеттер. Әлеуметтік ортаны кеселден айықтыратын ұғым осылар.

Көңіл болса ескі үмітпен қоса кеткен ой-қиялдың енді келіп сор татыған өкінішке айналғанын мұндап тұр. Құбылған жұрттың соңынан ерген ерікпен бірге мінездемелік қасиеттер де қоса кеткен.

Өлең *социум* – *жеке тұлға* ұғымдарының өзара байланысын, пиғылдың арақатысын уақыт контексінде зерделеу арқылы әлеуметтік мінез-құлықтың өмір өріне алып шығар синтездік үлгісін ұсынады.

«Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш» – ең алдымен әлеуметтік ортаға және қарым-қатынасқа ажар беретін, мазмұн дарытатын қасиеттер. Бұларсыз әділетті, махаббатты, ынтымақты ортаның отауына жақындау мүмкін емес. Көл-көсір дүние ішінде жартыкеш қалпында қалдыруға болмайтын мінездемелік қатынастар – жеке адамның да, социумның да ахлақ келбетін белгілейтін ұғымдар.

Түптеп келгенде, бұлардың бәрі – адам өмірінің өткені мен бүгінгісін өмірмәндік контекстік мағынада зерделеудің және сезіммен қабылдаудың нәтижесіндегі үдерістердің өлеңге өрілген біртұтас бітім-болмысы.

ӨЛІМДІ ӨМІР

МӘНДІ ӨМІР

Абай поэзиясында айрықша эстетикалық және феномендік өріске шыққан тақырыптардың бірі – ақынның жақын туыстарының өлімімен байланысты жан күйзелісін жеткізген өлеңдері. Олардың мән-мазмұны және көркемдік кестесі қазақ дәстүрінен орын алып келе жатқан жоқтау жанрымен үйлесетін табиғатымен түсіндіріліп келе жатыр. Расында, жеке бастың трагедиясына басқаларды ортақтастыратын, қайғы-қасіретті әлеуметтік ортаға алып шығатын тамаша дәстүрдің жолын Абай да ұстаған.

Бұл ретте поэзия өзекті өртеген мұң-зардың өзгелерге өткеретін құралы ғана емес, жанды жегідей жеген сезім иірімдерін да заттандырған, ақынның өзіне тоқтам болған өмірлік межесін де белгілейді. Бұл жағынан алғанда Абай өлеңдері дәстүрлі жоқтаудың эстетикалық және философиялық мәнін жаңа белеске көтергенін көреміз. Жоқтау өлеңінің ғұрыппен байланысты әлеуметтік семиотикалық мәні енді келіп ақынның өмір-өлім дихотомиясымен өрелескенін байқауға болады.

Абайдың ақындық тұлғасында өмір мен өлімнің беттестірілуі – шығармашылығында ертерек орын алған ұғымдардың бірі. Іс жүзінде өмірдің мәнін өлімнің мағынасымен жуыстыру – өлшеулі уақытты өлшеусіз уақытпен қатар қою, сөйтіп дихотомиялық ойдың түйініне жауап іздеу маңызды орында тұрады. Бұған біз Абай туралы кітапта арнайы тоқталған болатынбыз.

Ендігі жерде Абайдың жоқтау өлеңдеріне өмір-өлім дихотомиясы тұрғысынан үңіле отырып, ақын ойы мен көңіл-күйінің ахуалына, өзін де, өзгені де жұбату сырына назар аударып көрейік. Бұл ретте жан-дүниені опырып, тіршілікті қақ айырған оқиғаны жұбату деп атаудың өзі шартты ұғым. Себебі күйреген дүниеден кейін ары қарай өмірден үйлесім табу – бар болудың, өз өмірінен есеп алудың мәнімен қабысатыны экзистенционалды дихотомияның өзегі болып табылады.

Өлімнің болатыны хақ. Мұны адам өзгерте алмайды, оның мәнін ғана саналай алады. Саналау жеке тұлғаның қалған өмірден қайтіп және қалай мән табуымен байланысты [14, 59 б.]. Жұбатуды осы тұрғыдан ғана түсіне аламыз.

Абайдың өмір мен өлім туралы жан сырының жол айрығына келген тұсын баласы Әбдрахманның (Әбіш) өлімімен

байланыстыруға негіз бар. Себебі бұл оқиға алдымен жанға батқан, ішкі дүниені ойсыратқан зіл батпан салмақ болумен қатар, ары қарай ақынның мықтап бет бұрған тақырыбына айналғанын көреміз. Өлшеулі ғұмырдың мәніне діни тұрғыдан да, философиялық түсінікпен де үңілудің астарында тұрған ахуалдың феноменологиялық бітімінде Абай өмірінен орын алған оқиғалар тізбесі тұр деуге болады.

Ақынның жанын жаралаған әкесінің өлімі, одан кейін інісі Оспанның өлімі зіл батпан салмақ ретінде Әбдрахманның қазасымен қайта ықпалдасатыны кездейсоқ емес. Экзистенционалды ойдың жетегінде бірыңғай оқиғалардың бірлескен ауырлығы сезіледі. Ауырлық – ары қарайғы өмірдің мәніне, бұрынырақ сараланбаған жағдайдың байыбына тереңнен үңілуге себепкер болғанға ұқсайды. Бұдан жас кеткен баласының өлімі өмір мен өлімнің арасалмағын рухани межемен бағандауға алып келгенін аңғарамыз.

М.Әуезов Әбдрахманның өлімі Абайға қалай әсер еткені туралы былай деп жазды:

«Бұл баласы Абайдың әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек басты көріп» талпынған, білім, мәдениет өзіне алыс болғанда, Абайдың аңсап, іздеп, көп күткені сол баласының келешегі еді. Шынымен көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдрахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері, Оспанның өліміне айтқаннан да зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлімде, осы кездегі барлық басқа өлеңдеріне қайғы мен өкініштің, қалың арманның уытын жайғандай болады» [19, 189 б.].

Өмір туралы ұғымның бүтіндігіне жарықшақ түсті: бұрынғы мен кейінгі бөлінді. Үмітпен жалғау – толығымен қайта пайымдалуы тиіс. Онсыз өмірде мән қалмайды. Бұл үдеріс Абайдың ойшыл тұлғасын өмірдің өте шықпайтын мәніне, өліммен бірлікте қаралатын дихотомиялық жаратылысына қарай біржола бағыт алғанын айғақтайды.

Бұрынғының кейінгіден бөлінуі белгісізді белгілейтін, жауапсызға жауап табатын жанұшырған ізденіспен байланысты. Бұл туралы Э.Фромм былай дейді: «Он должен давать себе отчет в своем существовании, в его смысле. Он испытывает потребность в том, чтобы преодолеть этот внутренний разлом, мучительно жаждет «абсолюта», другой разновидности гармонии, которая избавит его от

проклятия, отделившего его от природы, от других людей, от самого себя» [14, 59 б.].

Бөлінудің пайымдалуы – көңілге жайлы үйлесім тауып, жұбату арқылы емес. Бұл – өмірден жаңа мән іздеу. Өзіне де, өзегін өртеген баласының өліміне де қатысты ұғымдармен жинақталатын жаңа меже. Өз өмірінің мағынасы Әбдрахманның қысқа өмірінің мәнімен бірге қайта зерделенеді.

Ойсыз өмірде мән жоқ.
Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көңілге сәуле толмаса?

Саналы өмірдің қысқалығы көргені мен білгені жоқ ұзақ өмірден жоғары тұр. Адамшылық ғұмыр кешкен жас өмірдің мәнінде қысқа да болса «абсолютпен» түйісетін ғұмырлы мазмұн бар.

Көргені мен білгені
Жүзге келген шалдан көп
Бізге уайым жегені –
Арманда боп қалды деп.

Жаңа жылдың басшысы – ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген ащы сол,
Сүйекке тиді, қарт едім.

Қайғы болды күйгендей
Ол қуатым еді рас.
Көзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас.

Ақын өз өмірінің мәнін ескінің артына қойып отыр. Себебі онда субъективті түйсіну бойынша жетілмеген кемшілік орын алған. Социумның ахуалымен бірге қалыптасқан, ескіліктің шырғауынан арылмаған жағдайда көңіл толатындай бұдыр жоқ. Өткен өмірдің бөлінуі – ескі мен жаңаның рухани мәнімен тоқайласады. «Жаңа жылдың басшысы» болған ғұмыр қысқалығымен емес, мәнімен өлшенеді. Ақынның өткен өмірден шегіну себебі жаңамен жарыса алмайтындығында.

«Шыр айналған артқы жас» қалған ғұмырдың мәнін, енді не істедік дегенді белгілейтін ұмтылыстың сипатын көрсетеді. Бөлінген

тағдырдың ендігі қалғаны шыр айналатыны, мәнін түсіну оңайға соқпайтыны – ақын дүниетанымының бұлтарыссыз шындығы.

Ақынның дихотомияға реакциясы өз басындағы оқиғаның себебі мен салдарының контекстінде түсінуге бағытталғанынан туындайды. Өмірдің мәні жақындарының өлімімен бетпе-бет келгенде ыршып түсерлік ахуал қалыптасқан. Ізденіс пен бағыт-бағдар қайшылықтың түпкі себебіне қарай ойысқан.

Адамның осындай жағдайда өмірдің мәнін іздеуін және оның жауабына қарай ұмтылысын Э.Формм «бағыт-бағдардың және ықылас-ниеттің жүйесі» деп айтады [14, 67 б.].

Абайдың өмірлік құндылықтарды жақындарының өліміне қарап өз алдына жинақтауының астарында тұрған негізгі себептердің бірі осы жағдайлармен байланысты деген ойдамын. Бағыт-бағдар мен ықылас қойған ниеттілік өмірдің түпкі мәніне, жаратылыстың ақиқатына қарай бет алғанын аңғаруға болады.

Алдымен байқалатыны әкесі Құнанбайдың да, інісі Оспанның да өмірлік жолы адамгершілік қасиеттерімен сипатталады. Олардың дені ақынның толық адам мінездемесіне сай жинақталатыны байқалады. Қазақтың жоқтауы бойынша орныққан дәстүрге қарай жақсы жағынан ғана айту ділі сақталған. Ақылдылық, арлылық, әділдік, адалдық, мырзалық, жоқ-жітікке қарасу, ер мінез сияқты асыл қасиеттер Құнанбайдың да, Оспанның да бойынан табылады. Өлімнің барына Құнанбай ертерек қамданған: «Жарлығына Алланың, ерте ойлаған көнбек-ті».

Өлгендер туралы жаман айтуға болмайтын дәстүрлі ұғымның мәні адам өмірінің өлімге дейін болуға тиіс мазмұнымен алмастырылған. Өмір мен өлімнің қарсылықты дихотомиясына қайшы келмейтін ұғымдар – екі дүниенің де айнымас рухани азығын ерте қамдау.

Абайдың өзін жұбатқан, қайғысын басқан, сан-саққа тараған ойы мен көңіл-күйінің тоқтамы болған бір бағыты осыған ойысады. Бұл жағдай әсіресе Әбдрахман өліміне келгенде соқталанып, тірі (өзі) мен өлінің арасына қойылатын межеде кісілік мінездеме ең биік тұғырға қойылады. Әбдрахман – «жаңа жылдың басшысы». Ал ақынның өзі ескі қоғамымен, жетімсіреген қам көңілмен кірлі ортада қалған. Ол ортада кім-кімнің де кірленбей қалуы мүмкін емес.

Әбдрахман – жаңалықтың, ғылым-білімнің жаршысы. Өткен дәуір мұнымен үндесе алмайды. Абай өзін өткен дәуірден бөлмейді. Бұл бөлінуді ақын ойының жоғарыда айтқан өмірлік межесімен белгіленген сипатымен де өрелестіруге болады. Абайдың ендігі

ғұмыры өмірден жаңа мән табуға қарай бағытталады, ықылас-ниет осылай қарай ауады.

Ойдың түйіні Оспанның да, әсіресе Әбдрахманның да жастай кетуі – кірлі қоғамнан кірлемей тұрып кеткендік. Бұл сезім ақынның өзін тыншытпағанымен, өлім үшін пәктіктің белгісі.

Жайнаған туың жығылмай,

.....

Жақсы өмірің бұзылмай,

Жас қуатың тозылмай,

Жалын жүрек суынбай,

.....

Жақсы өліпсің, япырмай!

Оспанның қазасына арналған сөздің ұйтқы мәні – жас өлімнің кірлемей кеткені.

Әбдрахманға арналған өлеңде:

Боямасыз ақ көңіл,

Кірлетпей кетті жүректі.

Ойламаған өлімнен

Жасқанамын демек-ті.

Тағдырға тәбділ¹ бола ма,

Сабырлық қылсақ керек-ті.

Өмір мен өлім ортасындағы дихотомияның ақын үшін шешімді тұсы – өмірден кірлемей кету. Мұны тек жастай өлу деп түсінбейміз. Аз ба, көп пе, жақсы өлу – өмір сүрудің мәні.

Көз жұмғанша дүниеден

Иманын айтып кеткені-ай!

"Бейсенбі ме бүгін?" деп,

Жұмаға қарсы өткені-ай!

Жер күңіреніп, жұрт шулап,

Ағайын түгел жеткені-ай!

Жамиғат тоңбай, күн жылып,

Тәңірім рақым еткені-ай!

Ием қабыл алды-ау деп,

Көңіліме қуат біткені-ай!

Қуаттанып бақсам да,

Күнәлі нәпсім түйтпеді-ай².

¹Тәбділ (арабша) – өзгеру, алмасу

²Төзімі жетпеді, шыдамады.

Ишаралы өлімнен ақынның күтері көп. «Көңілге қуат біту» – мағыналы өмірдің жанға әкелген азығы. Арғы дүниемен бергі дүниенің байланысы бар. Сөйтсе де «күнәлі нәпсі» шыдатпайды, ойсыратып кеткен қазаның орнын тіршілікте ешнәрсе толтыра алмайды. Нәпсі – тірі адамның бойынан қалмайтын құлық. Оның күнәға батыратын жайы бар. Бұл өлімге айқара келеді. Қарсылықты көңіл-күй дихотомияның шешілмейтін мәнін, өмір мен өлім түйіскендегі адамның екі жақтама жағдайын өлең жолдары дәл жеткізіп тұр.

Тірі адамның сезімі тура келген өліммен, ең жақынын жоғалтумен үйлесе алмайды. Қарама-қарсылықты түйсік қалады. Көңіл-күйдің осы бір дәстүрлі жоқтауда бой көрсетпеген қырын Абай сезім иірімдерімен былайша өрнектейді:

.....
Көп жасамай, көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орған,
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі қалдырмай,
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым.
Көп жасамай, тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың.

Қайғыны қағазға түсіру – Абай үшін ішкі жан-дүниені қопарған сезімді өрнектеумен бірге осы бір бұлтарыссыз ақиқатты пайымдайтын да меже болғанға ұқсайды. Өмір-өлім дихотомиясының тұтастай пайымдалатыны Абай шығармашылығында деңгекті мәселеге айналған. Ол мәселе феномендік және эстетикалық өрісте ерекше шешімін тапқан.

Ой мен сезімнің феномендік тұтастығы әкенің, бауырдың, баланың өліміне ғана қатысты болмай, құнарлы ойлаудың нысаналы бағытына керекті түпкілікті сауалдарға жауап іздеуге бағытталады. Өлім адамды айналып жүретін қорқынышты дүние ғана емес, әркімнен жауап алатын ұғым ретінде жаныңда жүреді. Мәселені о дүниеде жауап беру деп қана түсінбесек керек. Өлімге деген жауап тірі адамда. Ойлы адам бұған жауап іздемей тұрмайды. Міне, осы

тұста тұлғаның өмірлік «бағыт-бағдары мен ықылас-ниеті» тармақталып кетеді: дінге сену, құдайды тану, түрлі тұғырнамаларға жүгіну, философиялық ойдан тарату. Тіптен бұл мәселенің атеизмге және материалистік философияға сүйенген тұстарын да тарихтан білеміз. Бұлардың өзі әр адамның интеллектуалды деңгейіне қарай біркелкі болмайтыны айдан анық.

Абай феномені бұған өзінше жауап қатқан. Өмір мен өлім дихотомиясы, бұл екеуінің қалайша жуықтасатыны, «мен» және «менікінің» екі дүниедегі сипаты, мөлшерлінің мөлшерсіздігі экзистенционалды ойлаудың төріне шығарылады. 1895 жылы Әбдрахманның қайтыс болған оқиғасына қатысты бір топ өлеңдерімен бірге Абайдың өмір мен өлім дихотомиясын зерделеген өлеңдері жарық көре бастайды. Атап айтқанда, «Балалық өлді білдің бе?», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдері осы жылы жазылған. Мұның кездейсоқ еместігі анық. Өмір туралы ұғымға жарықшақ түсіп, оның мәнін шындап пайымдайтын кез келген. Бұл ретте Құнанбай мен Оспан өлімінің қайғысын баласының қазасына орайластыру да экзистенционалды ойдың тұтастығын көрсетеді. Ойлаудың бағыт-бағдары және ықыласты ниеттілігі тереңнен, түп негізден жауап іздеуді көздеген.

Нәтижеде үнемі ой қозғайтын, сезімді түпсіз тереңге жетелейтін, үнілген сайын ой дүниені түлетіп отыратын өлеңдер легі жарыққа шыққан деуге болады. Абайдың осыдан кейінгі өмірінде бұл мәселе күн тәртібінен түскен емес. Тақырыптың психологиялық және философиялық аспектілері трансценденталды саналау арқылы түрлі қырынан эстетикалық шешімін табады. Ойлау ғана емес, сезімге жүктеу арқылы мәселенің эмоционалды-экспрессивтік әсері оқырманды басқа дүниеге алып кетеді. Өмірдің өліммен аяқталатыны қатардағы ақпарат емес, жаныңды жаншып өтетін сезімге айналады.

СҰРАУЫ КӨП МҰҢЛЫ СЫР

Өмір мен өнердің сансыз сұрауға ұсынар жауабын Абай өз өмірінен өрбітіп шығарған. Абай өлеңдерін оқығанда «таптым-болды» дейтін мәселе жоқ. Олай десек ақын өлеңдерін догмаға айналдырған болар едік. Адамзат іздеген сұрақтардың жауабын беруге деген ұмтылыс осымен шектелмесі анық. Өмір-өлім тудыратын дихотомияның сұрағы адамзат баласының алдында әрқашан тұрады.

Мәселе Абайдың ешқашан күн тәртібінен түспейтін мәңгілік сауалдарға адамзаттың қазіргі келген межесімен үн қатуында. Байқайсыз ба, Абайдың осы бағыттағы өлеңдерін оқығанда бірқатар мәселеге жауап тапқандай болғанымен, арғы жағында сансыз сауалдар легі бой көрсете бастайды. Ашылған терезенің арғы жағында адамзат білмейтін сауал көп. «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдындағы келер заман», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» сияқты өлеңдерді оқығаннан кейінгі жерде әм белгілі, әм белгісіз дүние толып жатыр. Санаңды ашқан сайын түпсіз. Жауабы жуық арада көріне қоймайды.

Бұл неден? Бұл Абайдың трансценденталды санаға кіргендігінен; сұрауы көп дүниенің терезесін ашқандығынан; көңіл көншітерлік жауапты өзі бергенімен, оның арғы жағындағы сансыз сұрауға сенен де жауап күтілетін тұңғыық сырынан.

Бұл жағдай Абай идеясының өміршеңдігін; өмір мен өлімнің сауалына биік межеден жауап іздеуге сені де шақыратындығын; қанша оқысаң да ой мен сезімнің көбеймесе, азаймайтындығын; айшықтап көрсететін ақындық және ойшылдық тұлғаның синтездік жаратылысын көрсетеді.

Түлеп отыратын генеративті идея нысанның тұңғыық абстрактылы сипатына да, ақынның трансценденталды санамен игерген еркіне де қатысты бірліктен құрылады. Идея өнімділікке және дамымалы сипатқа ие. Онда ой мен сезімге айрықша өріс беретін семиотикалық жүйе бар.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса;

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей улы жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Ермен шықты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд¹ қылып,
Тыныш өлсеңші тегінде.

Алғашқы кезекте табиғаттың өзгерісіне қарай адам көңіл-күйінің ілесе ерген жағдайы бір-біріне орайласқан. Қиюы келген екі құбылыстың қатар өрілуі жарықты күңгіртке, уақытты бейуақытқа, өткен өмір түйінін «қу соқпаққа» алмастыру ассоциациялы әсердің бүтіндігі мен эстетикалық өрнегін заттанған суретті көрініске ұластырады.

Бірінші шумақтағы табиғат құбылысы тұтастай көрінісімен көңіл-күйдегі ахуалды бірлікте жинақтайды. Табиғаттың семиотикалық мәнін көңіл-күй контекстінде қарау керектігі – екі құбылыстың ортақ белгілерінен құралады. Оларды сезім біріктіреді. Батқан күндей өтетін өмірдің «көлеңке басын ұзартып» барып қараңғымен қауышатыны – адам өмірінің санадағы таңбаланған мәнімен қарайлас. Бұл жердегі көлеңкенің ұзарып барып батуын тәннен бөлінетін жанның образымен қабылдауға болады. Әлемдік

¹ Уерд (арабша) – жай жүрген адамды қиыншылыққа ұшырату.

әдебиетте түрлі мәні болғанымен, дәл осы контекстегі мәнінде өмірдің өлімге өтуінің бейнесін тұспалдайтыны байқалады. Күнді уақыттың қызартуы – батып бара жатқан күннің өткен уақыттан ұялған сыңайын тұспалдайды. «Күңгірт көңілдің» бейуақпен сырласуы өлшеулі өмірдің өлшеусіз уақытқа (өлім), өтетінін, мәнді-мәнсізіне басқа дүниеден үңілгендікті сездіреді.

Ассоциациялық өріс біртіндеп жіктеле бастайды: жарық пен қараңғының бөлінуі алдымен уақытқа, сонан кейін барып өмір мен өлім ұғымдарының мәніне қарай ауысады.

Өмір мен өлімнің мәні экзистенционалды ойдың таразысына салынғанда өмірден алынған мазмұн және әсер жинақтала келіп жүрекке у себеді. Бұл сезім бір мезгілден, бірер оқиғадан құралмайды, өткен өмірдің бірінің үстіне бірі жамалған тұтас бейнесінен тұрады.

«Адасқан күшік сықылды // Ұлып жұртқа қайтқан ой» – өткен өмірдің өкінішін соңына қарай пайымдау. Шарқ ұрып іздегенімен азық болар салмағы жоқ. Зардабы – зіл батпан.

Тұтастай алғанда өткен өмірдің мәні ақынның қимайтындай, қарайлайтындай, іздейтіндей дүниесі емес. Әрекет қылып та көрген. Бірақ нәтиже бермеген: «Ермен шықты, ит қылып // Бидай шашқан егінге». Артқа қарай жол жүру жоқ, ендігі қарайлайтыны «алдыңғы тілеу».

Абайдың осы бір көңіл күйі тоғызыншы қара сөзіндегі өрбіткен ойымен дәп келеді: «...Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? - еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге».

Абайдың өмірге көзқарасының төрінде қазақ қоғамының мән-жайы тұр. Ойлы адамға әлеуметтік ортадан алатын әсердің бәрі ойсыраған. Социумның тіршілігін кеселді пиғыл, алдамшы әрекет жайлағандықтан одан жарамды нәрсе табыла қоймайды. Сана болса соларды санай-санай шаршаған. Өмірдің мәні өмір сүрген ортаның бейнесімен астасып кеткен.

Абай үшін бұл мәселенің өмірмәндік маңызы бар. Тұлға ретінде Абайдың әрекет етуінің мән-маңызы қашан да қазақ қоғамының тіршілік-тынысымен, адамгершілік нормасымен, ахлақтық келбетімен бір өрісте зерделенген. Олай болатыны Абайдың ел ісіне ерте араласқандығы ғана емес, ойлы тұлғасына өзі айтқандай қазақты «жақсы көріп үміт етіп жүруді» ішкі дүниесіне серік еткен, қанына сіңірген.

Сол жақсы көру мен үміт етудің арты келіп нәтижесіз, ақталмаған әрекетке, өмірдің мәні туралы ұғымдарға қарай бет бұрған деуге болады. Бұған өз өмірінің үміт еткен інісі мен баласының өлемі қосылғанда ақынның көзқарасымен қарағандағы келешектің картинасы көңіл көншітпесі анық еді.

Өмір туралы жайлап алған «керекке жарамайтын» ұғымдардың зардабы қалған ғұмырға у боп себіліп жатыр. Керек десеңіз бұл – осы өлеңнен бес жыл бұрын «кірлемей кеткен» Әбдрахман мен Оспан өлімінің тіршіліктен алар баламасына айналған көңіл-күйдің ахуалы. Зауалды өлімнің орнын осымен толтыруға болады.

Альтернативті жағдай аз да болса ерте өлімге балама бола алады. Кірлі өмірге батқанша ерте кеткеннің өзі артық.

Ақынның өз тағдырымен сабақтасып жатқан болмысы, ішкі дүниесіндегі астан-кестең көңіл-күйдің себебін түсінуге деген ұмтылысы, еңіске қарай бет алған өмірдің мәні – өлеңде басты орынға шыққан. Ж.П.Сартр айтқандай өлең ең алдымен ақынның өз бейнесін әдіптейді [8, 47 б.].

Экзистенционалды ойдың мазмұны өткен жараны сыздатпай қоймайды. Сырласудың бағыты өлімге қарай бұрылғанда ақынның өз басындағы мұңлы ахуалы да жараны айналып өте алмайды.

Субъективті жағдайдан өсіп-өнген идеяның эстетикалық және философиялық сезімге орануы – алыстағы құбылыстың сырын әркімнің көңіл-күйіне өнер арқылы объективті шындықтай құйып береді. Ой мен сезім адамның ішкі дүниесінің құнды бір сәтіне өте шықпайтындай мағынасымен байланады.

Енді Әбдрахманның өлімінен төрт жыл кейін жазылған Абайдың «Жаман баланың баласы өлгенде» деген бір өлеңіне ой жіберіп көрейік.

Белгілі сөз: “өлді, өлді”,
Белгісіз оның мекені,
Не халатқа¹ әурілді²,

¹ Халат (арабша) – хал-жай, жағдай.

² Әурілді (түрікше сүрілмек) – айналу, түсу.

Қайда қандай екені.

Бір шумақ өлеңнің мәнінде толықтай беймәлімділік бар. Ситуация өмірдің тоқтағанын белгілеп қойғандықты білдіреді. Белгілінің белгісізбен бетпе-бет келгені жауапсыз қалған. «Өлді, өлді» сөзі абыржығандықты, мәні жиі кездесетін оқиғаны аңғартады. Өмірдің өліммен мағыналы беттестірілмегені, жауабы ізделмегені, қайда, қандай жағдайға ауысқаны пайымдалмаған. Өлең мұны үшінші жақтан баяндап отыр. Жағдай әлеуметтік ортаның үйреншікті дағдысынан хабар береді. Социумның өлім туралы ойының келтелігін аңғартады.

Абайдың тұлғалық болмысында бұл мәселеге талай рет ой жібергенін білеміз. Ол, ол ма, «меннің» «менікінен», жанның тәннен бөлінгеннен кейінгі сипатын адам жаратылысының ахлақтық келбетімен бірге зерделенген ойы мен сезімі бірқатар өлеңдерінде оқырманды тұңғық тереңге алып кететіні әлі күнге игеріліп болмаған құбылыс. Олардың біразы бұрынғы кітабымызда арнайы сөз болды да.

Осы ретте айтпағымыз Абай бұл мәселеге даяр ұғымдар арқылы емес, өз жүрегінің түкпірінен, ішкі жан-дүниесінің дегенінен, адами болмысымен жауап табуға ұмтылғаны мен мұңдалап тұрады.

Ислам дініндегі ілімнің мәнін өз санасынан, жүрегінен өткізіп барып сөзге өткергені байқалады.

Ақыл мен хауас¹ барлығын
Білмей-дүр жүрек сезе-дүр.
Мүтәкәллимін², мантикин
Бекер босқа езе-дүр.

Ақылмен білгенді сезіну, жүрекке жүктеу – түйсінуді, бейсананы, жаратылысыңмен сезінуді, ішкі дүниедегі белгісіз құбылыстарды іске қосу арқылы жүретін үдеріс. Бұған біреуді ортақтастыра қою қиын шаруа. Тіптен мүмкін емес.

Бала өлімінің «өлді, өлдімен» аяқталуы – ары қарайғы ойлаудың, сезінудің жалғаспағанын білдірсе керек. Ал бұл мәселеге Абайдың ой жіберген өлеңдерінің дені «Меннің» атынан баяндалатыны кездейсоқ емес. Мәселе сезінудің, зерделеудің, саналап шығудың субъективті сипаты барын ақын бар болмысымен аңғарып отыр. «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат адам өлмес», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңдеріндегі о

¹ Хауас (арабша) – сезім мүшесі.

² Мүтәкәллимін (арабша) - кәләм (ислам философиясын) ілімін қолдаушылар.

дүниелік ұғымдардың мәніне үңілген сайын сауалдардың көбейетіні де осы жағдайға байланысты.

Бұл жерде біз объективті шындықтың табиғатына, абстракциялық ұғымдардың нақтылануына субъективті сезім арқылы ой жібере аламыз. Абай өлеңдерінің түлеп отыратын сипаты да осында.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай поэзиясының өнерлік сыры – оның тұлғалық бейнесімен біте қайнасып жатқан құбылыс. Өлеңдерде өрнектеген түрлі мінез-құлықтың, әлеуметтік ортаның кескін-кейпі елеп-екшеліп, бүтінделген көрініске айналатын үдерісі ақынның өз образымен бірге сомдалады. Бұл образ ақынның дүниені көруінен, қабылдауынан, сезінуінен және оған деген көзқарасынан жинақтала келіп дәлелді, табиғи, шынайы қалпынан құралатыны анық. Бұл бейнеде қоспа жоқ. Тұлғалық жаратылысы, сыр ғып ақтарған ішкі дүниесі, мінездемелік қабылдауы, ой мен сезімді заттандыруы – ақынның өзі.

Мәселе оқырманның қабылдау ерекшелігіне келгенде түрленіп кетеді. Зерттеуші рецепциясы да солай. Араға басқа адамның араласуы қашан да қабылдаудың мағынасына қоспа қосатыны анық. Өйткені қабылдау – субъективті үдеріс.

Ендеше, Абайға жақындау мүмкін бе? Зерттеуші ақынның өзіндей үдерістерді бастан кешірмесе де зерттеу әдістерінің игерген межесімен әрекет етуі – объектіге қарай бағыт алудың мақсатын нақтылайтыны сөзсіз. Себебі антропологиялық ғылым салалары адам табиғатының, оның ішінде шығармашылық психологияның қыр-сырына үңілудің тәжірибесін жинақтау үстінде. Осыған қарай шығармашылық үдеріске арқау болған ақын санасының бірегей бітіміне, феномендік жаратылысына ден қою – назарда тұрған нысана.

Абайдың ақындық тұлғасын біз ең алдымен оның шығармаларынан алып шығамыз. Айғақты дерек, ойға, сезімге, көңіл-күйге қозғау салған, күйіндірген де, сүйіндірген де дүние соның ішінде. Танымның бүтіндігін, психологияның себеп-салдарлы ұмтылысын өзара байланыстағы құбылыс ретінде қарастыру барысында ақындық өнердің жеке тұлғаға тән сипатын, дара бітімін бағандауға мүмкіндік туады.

Ақын және оқырман ортасына белгілі бір дәрежеде килігетін зерттеуші рецепциясы танымдық үдерістердің заманауи тәжірибесіне иек артуы тиіс. Онсыз ортаға тағы бір субъективті рецепцияның қосылуынан келіп-кетер пайда шамалы. Тіптен бұл объектінің өзінен алыстатуы мүмкін.

Абайдың ақындық бейнесін жекелеген үзінділерден құрастырудың ағат кететін тұсы – теориялық және әдістемелік негізі

әлсіз, жүйеге түспеген, ой мен сезімнің жалғастығын, ситуациялы жағдайдың тұтастығын ескермеуден орын алатын олқылық. Бұл жерде объектінің өзгешелігі мен феномендік түзілісіне сай балама бола алатын ізденіс нәтижесі іске қосылғанда ғана біраз мәселенің бетін қайтару мүмкін болмақ.

Бұған ғылымы жетілген елдердің зерттеу мектептерінің тәжірибесі айқын дәлел бола алады. Әдебиеттану ғылымының парадигмалық ұстанымдарының Еуропа елдерінде талай рет өзгерген мәні – шығарма мен шығармашылық өнердің қыр-сырына мықтап тұрып ден қойғындықтың белгісі. Біз оның қайсыбірін айтқандаймыз.

Абай туралы зерттеулерге алдымен мәтін тұтастығынан туындайтын мәселелердің ескерілуі керектігін біз негіз етіп алуға әрекеттендік. Себебі өлеңнің діңгекті идеясы мен ақынның қолына қалам алуының арасында органикалық байланыс бар. Заттанған құбылыстың бейнесі тұтас болмайынша ақын сөзінің бас-аяғы, болмыстан алған әсері жинақтала қоймайды. Тұтастық – өлең шығарушының санасындағы үдерістердің бірігуінен пайда болатын құбылыс. Жалғасты ой мен сезімнің бірігуі ақынның уақытты, әлеуметтік ортаны (кеңістікті), адам мінездемесінің өзгерісін, өмір мен өлімнің беттесуін, рухани қандылықтардың уақытпен өрелесетін мәнін өзінше жинақтайтынын көрсетті.

Абай – бұл үдерістерді эстетикалық өрісте жүзеге асырған ақын. Көңіл-күйдің бұрауы, сезімнің өткірлігі, жан-дүниенің тілге өткен нәзік иірімдері, ойдың тереңдігі ақын бейнесін, ұстанымы мен талғамын әлеуметтік ортадан оқшаулап алып шығады.

Ой мен сезімнің жалғастығы – мәтінаралық деңгейде де көрініс тапқан құбылыс. Абайдың өлең жазуына қозғау салған әлеуметтік және психологиялық факторлар, сыртқы дүниедегі болып жатқан жағдайлардың жинақталуы мен көңіл-күйдегі әсері, мезгілдік дистанциядан қайта бағалануы, өмірлік тәжірибенің дұрысы мен бұрысы белгілі бір дәрежеде қайталанып отырады. Оның басты себебі ақынды мазалаған ой мен сезімнің өмірлік ситуациялармен қайта ықпалдасып отыратындығына байланысты. Адам мінездемесінің сыры өмірдің түрлі кезеңімен, уақыттың сынымен бірге әдіптеледі. Қайта саналаудан өткізілген мінездеменің жарамды-жарамсызы өмірлік тәжірибемен бекітіледі.

Әлбетте, осы үдерістердің бәрінің басын қосатын ықыласты ниет пен ұмтылыс – ақынның эстетикалық талғамына, бейнелі қабылдауына, көңіл-күйдегі әсеріне қарай тұтас дүниеге айналады. Заттанған дүниенің картинасы оқырманды бей-жай қалдыра алмайды. Себебі онда Сізбен бөлісетін, ішкі дүниеніңізге жол тартатын ғажайып

сыр бар. Ашқан сайын айта алмай жүрген, ат қойып, айдар тақпаған ойыңыз бен сезіміңізге жол сілтеп жіберетін бағыт-бағдар бар...

Ақырында өз өміріңіздің мәніне, социуммен арақатысыңызға, қоғамыңызға, заманыңызға Абайша қарау керектігін ұғына бастайсыз. Уақытпен бірге Абаймен сырласасыз.

Абайдың өз басынан өткен трагедиясының психологиялық зардабынан өрбіген өмір мен өлім туралы ойы уақытпен, тән мен жанның бірліктегі (өмір) және ажырағандағы (өлім) сипатымен, адамның рухани ахлақтық келбетімен қоса зерделеуге орайластырылған. Исламдық дүниетанымның аясы ой мен сезімнің елегінен өткізіліп барып саналы әрекетке негіз етіп алынған. Бұл ретте ақынның жүрек қалауы, ой дүниесінің шешімі діни сеніммен аса терең мағыналы өрісте сабақтасып жатады.

Абайдың ақындық өнерге ықылас қоюына себепкер болған жағдай психологиялық үдерістерден бастау алады. Дүниедегі түрлі заттар мен құбылыстардың арасына жанды байланыс орната алатын туабитті қабілет бұл жағдайды ескерусіз жылы жауып қойғанды қаламаған. Өмірден көрген, білген, ойға түйген, сезінген жай-күйдің әсері «мазалай келе» (М. Әуезов) бейнелі сөзге қарай өткен. Ой мен сезімнің өрнегі әрі заттанған, әрі бейнелі көрініске айналған қимас дүние қағазға түскенде барып ақынға байыз таптырған. Беймәлім дүниеден келген жанның мүлкін жайғастырып, психологиялық ахуалдың түйткілді түйінін тарқатқаннан кейін ғана көңіл-күй сабасына түссе керек.

Абайдың өз ортасымен үйлеспеген көңіл-күйі де, әлеуметтік ортадан алған әсері де, адамның түрлі-түрлі мінездемелік сипаты да, табиғат көріністері де, ойға батқан халі де эстетикалық өріске шыққанда жәй ғана реалистік көшірме болып қалмайды. Бұл өрістің арғы жағында сананың ерекше феномендік ахуалы тұр.

Ақынның дүние бейнесін түрлі уақыт дистанциясынан қабылдауы, адам өмірінің мөлшерлі жаспен (сәби, жігіт, орта жас, кәрі) белгіленген кезеңдерін зерделеуі, табиғат көрінісі мен көшпелі тіршілік картинасын мезгілдік ұғымдармен біріктіруі, өмірдің мәніне өлім тұрғысынан ой жіберуі көңіл-күйдің бірыңғай бағытына қарай бүтінделген құбылыс ретінде ұсынылады. Қатар өрілген ситуациялардың, реалды жағдайдағы бөлек көріністердің ара-жігінің байқалмайтындығы сондай, олардың басын қосып отырған ақын емес, өмірдің өзі солай сияқты қабылданады. Іс жүзінде бұның ұлы суреткер қиюластырған дүние екенін ұмыта бастайсың. Ерекше қабілет- қарымның нәтижесінде пайда болған дүниенің (Сартр) Абайға ғана тән екенін арнайы пайымдау керектігін аңғарасың.

Қоғамға үйлеспеген психологиялық ахуал өлеңдерге көшкенде түрлі мінездемелік көріністерді, нысандарды, құбылыстарды басқа бір әлемде – поэзия әлемінде осылай үйлестіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ибраев Ш. Абай феномені. Ғылыми зерттеу. –Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 240 б.
2. Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии и феноменологической философии. Книга первая: Общее введение в чистую феноменологию/ Пер. с нем.А.В. Михайлова; Вступ. ст. В.А.Куренного. 3-е изд. –Москва: Академический проспект, 2019. – 489 с.
3. Бурдьё П. Формы капитала // Экономическая социология. Электронный журнал. Том 6. № 3, 2005. С.60–74. bourdieu.name <http://bourdieu.name.>bourdey>fm>.
4. Турышева О.Н. теория и методология зарубежного литературоведения. –2-ое изд., перераб. –Москва: ФЛИНТА: Наука, 2013. –176 с.
5. Шмид В. Нарратология. –Москва: Языки славянской культуры. 2017, –608 с.
6. Сәбит М. Субъект және объект // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8-том, –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2006, –704 б.
7. Лэнгле Альфрид. Основы экзистенциального анализа. – СПб.: Питер, 2022. –288 с.
8. Сартр Ж.П. Что такое литература. –Москва: Изд-во АСТ, 2020. –448 с.
9. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р.Нұрғалиев. –Алматы: Жалын, 1991. –464 б.
10. Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі// Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі. 2018. –500 б.
11. Ямпольская А.В. Искусство феноменологии. –Москва: РИПОЛ классик, 2020. –342 с.
12. Смулянский А.Е. Исчезающая теория. Книга о ключевых фигурах континентальной философии. –Москва, РИПОЛ Классик, 2021. – 496 с.
13. Никонова С. Живой мир поэтического языка в герменевтике Рикера и Гадамера // Рикер П., Гадамер Х.-Г. Феноменология поэзии. –М: Группа Компаний «РИПОЛ классик»/ «Панглосс», 2019. –353 с.
14. Фромм Э. Человек для себя. –Москва: Изд-во АСТ, 2020, – 320 с.
15. Толстой Л.Н. Исповедь. О жизни. –М.: Изд-во АСТ, 2021. –288 с.

16. Ольшанский Дм. Субстанции тела//Петербургский театральный журнал, № 3 (77), 2014. Ptj.SPb.ru <https://pti.spb.ru>substancii-tela>

17. Соколова Д.М. Телесность как субстанция социального//Известия Саратовского университета. 2012. Т.12. Серия Философия. Психология. Педагогика. Вып.1. -2012. С.32–35. cyberleninka.ru <https://cyberleninka.ru>article>t...>

18. Дэвид Г. Майрес, Жан М. Тунез. Әлеуметтік психология. 12-басылым. –Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. –560 б.

19. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 20 томдық. 15-том. – Алматы, 1979. –1985.

ЖИНАҚТАР, АНЫҚТАМАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР:

1. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. –2016. –296 б.
2. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, –Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2016. –336 б.
3. Абай тілі сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған А.Ысқақов. –Алматы: Ғылым, 1968. –734 б.
4. Абай. Энциклопедия. Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», «Атамұра» баспасы. –1995. –720 б.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Т.1. Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Мәдібаева Қ.Қ. (түсініктерін жазған), Шапай Т.М., Қыдыр Т.Е., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А.Н. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. –640 б.
6. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Т.2. Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Қорабай С.С., Қыдыр Т.Е., Шүкіман Т.Е., Жұматаева А.Н. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. –528 б.
7. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Т.3. Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Қорабай С.С., Қыдыр Т.Е., Әуесбаева П.Т., Жұматаева А.Н. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. –488 б.

АБАЙ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

ЮНУС ЭМРЕ МҰРАСЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа: Сопылық поэзияның тезаурусын құрайтын ашық (ғашық), дерт, мүскін, ғаріп, бейшара, жан (мен), тән (менікі, жанның мүлкі) сияқты сөздердің мотивтік бірліктерге негіздеме ретінде алынатын қызметі Юнус Эмре поэзиясына да, Абай мұрасына да тиесілі дәстүр. Солай бола тұра екі ақынның дүниетанымына және әлеуметтік контексте қолданысына қарай бұл сөздердің мәні өзінің символдық, таңбалық қызметімен оқшауланып тұрады.

Юнус Эмре өлеңдерінде ғашық болудың, дертке шалдығудың, ел кезіп күн кешудің қиындығы сопылық дүниетанымға байланысты болса, Абайда бұл ұғымдардың бәрі де әлеуметтік жүк арқалайды. Абайдың дерті, жан-дүниесінің қиналған жайы, ғаріптік ахуалы тікеден тіке әлеуметтік жүйенің зардапты нәтижесі.

Ашық поэзиясындағы ел қыдырған кезбенің бейнесі оның әрекетімен, дертті ахуалымен бірлікте пайымдалады. Кезбе тіршілік ақиқатты іздеген сопының образымен мағыналық үйлесім табады. Кеңістіктегі қаңғыбастың ғашығына қарай ұмтылысы ауыр тағдырмен, сағынышпен, қиындықпен, жүдеу тұрмыспен қосақталған. Кезбе тіршілік – рухани ізденістің, жоғын жоқтаған субъект өмірінің мәнін ашады.

Абай болса бұларды символдық мағынаға ауыстырады: «ішем деп бейнет сусынын», «мендей ғаріп кез болса», «іштегі дертті жоярсың» сияқты өлең жолдары жан-дүниедегі қиналыстың мәнін таңбалық жүйемен жеткізген. Бейнелілігі ұқсас болғанымен, арқалайтын мағыналық жүктемесі басқаша.

Мақалада Юнус Эмре поэзиясындағы мотивтердың Абай өлеңдеріндегі трансформациялық өзгерісі, әлеуметтік мәні қарастырылады.

Кілт сөздер: дәстүр, сопылық поэзия, мотив, ғашық, махаббат, дерт, ғаріп, жан, тән

Кіріспе

Әдеби дәстүрдің жалғастығы және оның өзгеру үдерістері көркем шығарманың түрлі деңгейінде көрініс табатын құбылыс. Идея, тақырып, жанрлық түрлер сабақтастығынан бастап болмысты

көркемдік әдіспен және баяндаудың алуан түрлі тәсілімен игеруге дейінгі аралықта түрлі қырынан байқалатын құбылыстың сыры шығарма мазмұнынан да, формасынан да білінеді. Үдеріс – көпқабатты, көпсатылы. Солай бола тұра қазіргі әдебиеттану ғылымының қолданыс аясында «инварианттық құрылым», «минималды сюжет», «архетип», «морфологиялық үлгі» сияқты аспектілерде қарастыру алдыңғы қатарға шығуда [1, 15-19б]. Мұның себебі осы ұғымдардың фольклорға да, әдебиетке де ортақ болғандығы ғана емес, мәселенің шығармашылық психологиямен, ойлаудың ұлттық дәстүрлік сипатымен байланысты табиғатынан өрбитіндігінде.

Түркі халықтарының сопылық поэзиясының әдеби-көркемдік дәстүрінде осындай тереңнен тамыр тартып жатқан құрылымдық жүйеге жинақталатын ұғымдардың бары байқалады. Осы ретте Юнус Эмре және Абай поэзиясында орын алған сопылық мотивтердің мәнін, олардың өзгерген қызметін қарастырудың маңыздылығы тарихи ретроспективалық аспектіде шешімін табатын болады.

Мақалада әдеби дәстүрдің осы бір мәселесі Юнус Эмре және Абай поэзиясындағы сабақтастығы және оның заманмен, ақынның тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты өзгерісі қарастырылады.

Талдау мен нәтижелер

Юнус Эмре – XIII–XIV ғасырларда, шамамен 1250 ж. туып, 1320 ж. қайтыс болған деп белгіленіп жүрген, ашық поэзиясының негізін салған ақын. Сопылық поэзияның түрік тіліндегі дәстүрін қалыптастыруға ерекше ықпалы болған. Өмірі аңызға толы. Сопылардың шейхы Тапдуктың шәкірті ретінде өмірін сопылықпен өткізіп, ел аралап жүргенін тарихи деректер де, өлеңдерінің мазмұны да айғақтап көрсетеді.

Юнус Эмренің шығармашылығы сопылық дүниетаныммен және сопылық поэзияның дәстүрімен тікелей байланысты. Өлеңдерінің негізгі мотиві, символикалық мәні, көркемдік-эстетикалық өрнегі осы дәстүрмен астасып жатыр. Тұтастай алғанда, идеясы мен құрылымдық жүйесінде сопылық үлгі басымдыққа ие.

Енді XIX ғасырда өмір сүрген Абай поэзиясының дәстүріне келетін болсақ, арада бес ғасыр өткен. Бұл әдеби дәстүр үшін аз уақыт емес. Көп мәселе өзгеруге тиісті. Себебі тарихи алғышарттар да, әлеуметтік орта да, эстетикалық талғам да басқа. Өзгеріс – тарихи және көркемдік дамудың нәтижесі екені анық.

Алайда бір мәселеге көз жеткізуге болады. Болмысты эстетикалық тұрғыдан игеру, оны бейнелеп берудің жолы алдымен

дәстүр аясында жүзеге асатыны, жаңаның көбіне-көп бұрынғы барды өзгерту арқылы орнығатыны байқалып тұрады. Бұған Юнус Эмре мен Абай поэзиясындағы символикалық мотивтердің, таңбалық мәні бар ұғымдардың, инварианттық құрылымдардың мағыналық жағынан өзгеру жолдары айқын дәлел бола алады.

Алдымен екі ақынның да поэзиясында доминанттық мәнге ие болған мотивтерге келейік. Олар:

1. Ақынның өз жан-дүниесіне үңіліп, болмыстың жауабын ішкі дүниесінен іздеуі;
2. Алланың адамзатты махаббатпен жаратқандығына махаббатпен қайрылу. Бұл ақиқатқа, адамшылыққа, әділдікке ұмтылудың қозғаушы күші;
3. Өмірдің мәнін бақилыққа қарап пайымдау. «Мен» және «менікі» ұғымдарының бөлінетінін сезіну, соған қарай жанның азығын көзі тірісінде қамдау.

Сопылық поэзияның өзегіне айналған бұл ұғымдардың мағыналық тірегі – сенімге негізделгендігі. Ақын үшін бұлар өлеңнің арқауы, арқалар жүгі ғана емес, ең алдымен өзінің жан-дүниесін ретке келтіретін, айтар ойы мен сезімінің шынайы болмысын танытатын тұсы. Жаратушыны тану мен соған қарай махаббатпен ұмтылыстың мәні ойды, ниетті, әрекетті пендешілік ұғымдардан оқшаулап, ақиқат жолына бағыштаумен байланысты. Ақиқат жолы – Алланы, Алланың махаббатпен жаратқандарын, өмір мен өлімнің арақатысын, шектеулі уақыттың (өмірдің) шектеусіз уақытқа (өлім) ұласуын тану: соған жүрегімен, ойымен ұмтылыс жасау, үнемі ізденісте болу.

Бұл ұғымдардың ең басында – Жаратушының дидарына ғашық болу, махаббат жолына біржола берілу тұрады. Алла Тағаланың махаббатпен жаратқан адамзаты оған махаббатпен қайтуы тиіс. Махаббат жолына түскен сопы ниетін де, әділетті ісін де, өзгелермен қарым-қатынасын да, қайғы-қасіретін де, шеккен азабын да осы жолмен байланыстырады.

Ашық (ғашық, ашуг) поэзиясының өкілдерін осылай атаудың мәнінде оның қандай жолда екені және ақындық миссиясының түйінді тұсы жинақталған. Юнус Эмре – ашық поэзиясының көрнекті өкілі және оның негізін салған ақын. Ашық поэзиясы әлі күнге дейін Кавказда, Кіші Азияда жалғасып келе жатқан әдеби дәстүр. Әрине, оның айтарлықтай трансформациялық өзгеріске ұшырағаны анық. Көбіне халық ақындарының өкілдерін атау үшін қолданылатын термин сөздің мағынасын береді [2, 47-б.].

Ашық (aşk) сөзінің ашық поэзиясындағы қолданылысының коннотативті өрісі көбіне-көп *derpmi (derdli)* болу және мүскін,

бейшара, диуана (derviş), ғаріп жағдайына түсу сияқты ұғымдармен үстемелейді. Жанның азығын іздеген жан «дүниеге дос» (Абай) бола алмайды [3, 81-б.]. Сөйтіп күйзелістің мәнін ашатын сөздер мен жағдаяттар өзара байланысты ұғымдардың бір-біріне жалғасқан континуумдық жиынтығы болып шығады. Себебі ғашықтық – қайғылы, уайымды дертке шалдығу, душар болған жағдайдың ауыртпалығын көтеру түсінігімен қарайлас мағынамен қосарласады. Ал енді осы жағдайдың әрекетке көшкендегі сипаты жұпынылықпен, диуаналықпен, ғаріптікпен бір өріске қойылуда.

Сөйтіп ғашық болу – дертке ұшырау, азабын тарту, уайымға түсу үдерістерінің адамды ғаріптік жағдайға түсіретіні алдыңғы екі ұғымнан туындайды. Дертке ұшыраған субъектінің байыз таппай ынтызарлықта, қайғылы халде жүруі енді келіп бұл өмірдің қызығын тәркі еткен бейшара, мүскін жағдайға түскен, ғаріп ахуалды білдіреді.

Сопылық поэзиядағы махаббаттың тиімді әрекетке көшкен сипаты дерттенуді және ғаріптік күй кешкен жағдайды алуан түрлі нюанстарымен қоса сезімге, бейнелі көріністерге және таңбалық мағынаға жүктейді. Сөйтіп, поэзия бұл үдерістерге жан-дүниенің іштей арпалысқа түскен қозғалысын дарытады. Болып жатқан ситуациялардың баламасы, сезінерліктей бейнелі атауы сөздердің символдық мәнімен өрелеседі.

Сопылық поэзияның тезаурусын құрайтын бұл сөздердің символдық мәні алуан түрлі контексте қолданылу барысында адамның көңіл-күйін, сезімін, жүрек түбінен қозғалған сырын ашуға тірек ұғымдар ретінде алынады. Жан-дүниенің тебіренісі бұл өмірдің де, басқа дүниенің де мағынасымен, мистикалық ұғымдарымен беттестіріледі.

Субъектінің өз жан-дүниесіне үңілуі ең алдымен өзіне, одан кейін өзгелерге, әлеуметтік ортаға, адамгершілік нормаларға, Жаратушыға деген сенімі мен сезіміне ақыл жеткенше жауап іздеумен бірлікте өлшенеді. Бұл үдеріс сан сауалдарға жауап іздеу, белгісіз дүниеге қарай ұмтылу түрінде көрініс береді.

Бір қызығы, жауап іздеу – сыр ақтару, жан қиналысын жеткізу, өзінің нендей күйге түскенін айшықтаумен бірге өріледі. Бұл ретте жанның қиналысы тәнге беріледі.

Ал тән болса, аяусыз жапа шегуде. Ғаріп күйге түскен тән дәруіштің жұпыны тіршілігіне көшеді. Ел кезген, ішер тамағы, қонар жері белгісіз диуана тіршілік шын мәнінде ғаріптікпен үйлесіп тұр.

Юнус Эмре поэзиясында сопылық дүниетанымға сәйкес тән – жанның «мүлкі». Қожа Ахмет Йасауи хикметтеріндегі «жан мүлкі» ұғымы *дүние, меншік зат* мағынасында тәнді меңзеп отыр [3, 67-б.].

Жан мен тәннің бөлінісі – «мен» (жан) және «менікі» (тән) ұғымдарының жіктелуіне әкелетін үдеріс. Бұл үдеріс «тұлғаның жинақталуына», «меннің» сипатын арнайы пайымдауына алып келетін жағдайға ұласады.

Сопы өз «менін» түрлі субстанцияда пайымдай бастайды.

Пайымдау – бейсанамен де, бұлардың арасындағы тепе-теңдікпен де жүзеге асырылатын психологиялық факторға айналады [4, 117-б.]. Сондықтан болар, «мен» және «менікі» аса күрделі діни психологиялық ұғымдардың құрылымдық жүйесіне қарай жіктеледі.

Ясауидегі «жан ғылымы» және «тән ғылымы» осындай жіктелудің барысында өз алдына жүйеленген құбылыс. Оның төркіні «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырымен» (Абай) сабақтасып жатыр [5, 63-б.].

«Меннің» осы өмірдегі жағдайы Юнус Эмре поэзиясында асқан қиындыққа ұшырауда. Қиындықты тәннің қиналысынан көруге болады.

Ben yürürüm yana yana
Aşk boyadı beni kana
Ne akîlem ne divâne
Gel gör beni aşk neyledi [6, 14-б.].

Сөзбе-сөз мәні:

Мен жүрермін күйіп-жанып,
Ғашықтық мені қанға бояды,
Ақылымнан, есімнен адастырған
Кел, көр ғашықтық мені не істеді.

Жаратушыға деген махаббат сезімнен, бейсанадан, ішкі жандүниеден өткізіліп жатқан психологиялық үдерістердің нәтижесі. Қанға боялу – ғашықтықтың жанға батқан азабы. Бірақ бұл азап тәнде болатын көрініспен берілген.

Санадан тыс субстанцияны тану мен сезіну жанмен де, тәнмен де қатар жүріп жатқан үдеріс. Солай бола тұра қиналыстың қозғаушы күші тән емес, жан болғандықтан «жанның мүлкі» қанға боялады. Күйіп-жануды, ақылдан адасып, естен тануды тән арқылы сезінуге болады. Жанның жағдайын «денелеп білу» (Абай) тәндегі ахуалдан білінеді.

Енді келіп ғашықтықтан өрбіп шыққан дертті жағдай субъектіні түрлі-түрлі қинауға салғанда оның халі дүниелік мәселелерден оқшаулана бастайды. Ел-елді аралап кезу, байыз таппау, аскеттік ғұмыр кешу, тәнді ынсаппен шектеу жанның азығын қамдаумен тікелей сабақтасып жатқан түсініктер.

Miskin Yunus biçareyim
(Мүскін Юнус бишарамын) [6, 15-б.].

Немесе:

Derviş Yunus söyle sözü
(Дәруіш Юнус сөйлер сөзді) [6, 23-б.].

Bulunmaz derdime çare
(Дертіме дауа жоқ) [6, 13-б.].

Ақын дертінің себебі рухани кемелдікке жету. Емі тәнге керекті бұл дүниелік заттардан немесе түсініктерден табыла қоймайды. Сондықтан да жанның іздегеніне, азапты жолына оның мүлкі төзеді.

Ғашықтық пен дерттілік душар қылған ғаріптік, мүскін тіршілік субъект өмірінің мәнімен сабақтасады.

Экспрессема жанның ынтызарлығымен, қиналысымен, азап шегумен тікелей байланысып жатыр. Субъект – жай адам емес, әлеуметтік және рухани дертіне ем іздеген жан. Бұл дерт өзінікі ғана болмай, қоршаған ортаның, рухани ахуалдың, социум мінездемесінің нәтижесі ретінде, солардың ықпалынан болып жатқан үдерістер легі ретінде көрініс табады.

Ақынның жан дүниесіндегі иірімдер мен нюанстар рухани-әлеуметтік өріске осылай шығады. Психологиялық ахуалдың әсері мен қызығы өзгелерді де шарпып өтеді.

Алайда сопылық поэзия мен Абай поэзиясының ара-жігі осы тұста айқын ажыратылады. Атап айтқанда, сопылық мәтіндегі лексикалық бірлік ретінде көрініс тапқан осы сөздердің қолданысы және тақырыптық-семантикалық мәні діни-мистикалық сарынмен, бұл дүниелік емес түсініктермен астасып жатыр. Сөздердің символдық мәні хабарламаның көпқабатты, көпмағыналы үрдісі әрекеттің, ұмтылыстың діни-сенім бағытында өрбитінін айғақтайды. Сопының көңіл-күйі осы сөздермен белгіленгенде ғана жай табады, бейнелі көрініске айналады.

Ал Абай поэзиясындағы қолданысы ақын және социум арақатысына қатысты ұғымнан өрбиді. Ғаріптік пен дерттілік – әлеуметтік ортаның ақын жанына салған жараның нәтижесі. Рухани салмағы социуммен арақатынасқа байланысты таразыланған ұғым. Әлеуметтік ортаның ақын дүниетанымындағы бейнесі көңіл көншітпейді. Ғаріптік те, дерттілік те, жапа шегу де осыдан өрбіп шығады.

Абай поэзиясында дәстүр сабақтастығы алдымен дүниетанымдық идеядан және рухани құндылықтардан көрінеді. Адамның Аллаға, одан Алланың жаратқандарына деген махаббаты,

адамдар арасындағы қарым-қатынастың әділдікке, махаббатқа негізделуі – ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мәңгілік идея, шынайы сенім.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті [7, 409-б.].

Сопылық поэзияның арқауына айналған Аллаға ғашық болудың түйінді тұсы – махаббатқа махаббатпен қайырылу, әм махаббатпен жаратқандарын (адамзат) сүйю. Мұның жолы – әділеттілік.

Абайдың жинақтауында бұл идея – сопының әлеуметтік ортадан оқшауланған психологиясының негізі емес, әлеуметтік қарым-қатынастың өзегіне айналуы тиіс ақиқат жолы. Идеяның прагматикалық аспектісі әлеуметтік платформаға қойылған.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
“Мені” мен “менікінің” мағнасы – екі.
“Мен” өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
“Менікі” өлсе өлсін, оған бекі [7, 315-б.].

Сопының өз тарапынан оқшаулап алып шығатын «менін» Абай тағы да әлеуметтік мәнімен бірге әмбеге ортақ, бәріміз білуге тиісті ақиқат деңгейіне көтеріп отыр. Астарында сопының ғана емес, кез келген тұлғаның дүниеге дос болмауын ескерту бар. Себебі ол – ертең қалатын дүние.

«Мен» болса «менікінің» жетегінде кетпеуі тиіс. Сопы үшін «мен» маңызды, оның жолында «менікі» жапа шегеді, кезбе тіршіліктің, жоқшылықтың азабын тартады.

Дәуріштің ел кезуі, қаңғып жүріп түрлі қиыншылықтарға тап болуы – дүниеге байланып, онымен дос болмағандықтан. Қиындық – саналы түрде тандап алған ізденіс жолы [6, 6-б.].

Имандылық жолында жанды тәнге бас ұрғызбау аса маңызды орынға шығады. Әлеуметтік контексте ортаның саулығы мен рухани қуат-күші жанның осы өмірдегі тәнмен қосылған сипатына тәуелді.

«Махаббатсыз – дүние дос» болатын себебі сопылық поэзияда да, Абайда да «менікін» (жанның мүлкін) алға шығармаудан.

Енді келіп осы ұғымдарды Абайдың *дерт* және *zarip* сөздерінің мәнімен өрелестіріп көрейік. Алдымен байқалатыны, Абайдың дерті – әлеуметтік жағдайлардан қоздап жатқан сөз дерті екені аңғарылады.

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өленді қайтіп қоярсың.
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың [8, 16-б.].

Абайда «іште қайғы дерт пысып, көкіректі өрт қысып» шыдатпаған жағдай, сөзді айтқыштықтан гөрі, дертті басу екені ақындық рефлексияның көрінісі [8, 26-б.].

Ақынның дерті – емі жоқ, сөзі өтпейтін қоғамның ахуалынан туындаған сөз айту миссиясы. Бұл жағдай оны ғаріптің күйін кешкен, жанын азапқа салған ауырлығымен мазалайды.

Мендей ғаріп кез болса
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса сол алсын [9, 181-б.], – дейді.

Ғаріптің кез болуы – ел кезген дәуірінің жолаушылап жүрген жүрісін символикалық мәнімен жеткізеді. Айтылған сөздің адресатқа бармауы – кезбенің бейнесімен төркіндес. Қабылдаса да, қабылдамаса да, таныса да, танымаса да жолаушыдай өте шығатын жағдай.

Сөз айту дерті тағы да әлеуметтік кескіндемеге қойылған. Ақын тағдыры кезбе дуанаға ғаріп деп қарайтын ахуалмен бірдей. Дерттілік – тыңдаушысы жоқ ақынды ғаріптікке салып, жан-дүниенің күйзелісіне алып келеді.

Абай бірінші қара сөзінде былай дейді: «Сопылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған сопылық?» [9, 49-б.].

Сопылық жолдың қыр-сырын, өз алдына бөлек жол екенін ақын анық біліп отыр. Оның «тыныштығының» қасында мына көңілдегі, көрген күніндегі тыныштығы жоқ тіршілік бұрынғыдан асып түскен.

Абайдың дәстүрлі сопылық поэзияның әлемін өз дәуірінің әлеуметтік келбетімен беттестіргендегі көркемдік өрнегі және идеясы замана бейнесінің ақиқатына қарай көшкенін көріп отырмыз. Ақын үшін өз уақытының ақиқаты қымбат.

Қорытынды

Уақыт өтті, заман өзгерді. Орталық Азияда Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, ал Анадолыда Юнус Эмре мұрасы арқылы кең қанат жайған сопылық поэзияның дәстүрі ХІХ ғасырда қазақ

даласында түбегейлі өзгеріске ұшырады. Мұның айқын көрінісін Абай поэзиясы айшықтап шығады. Дертіне дауа іздеген, сөйтіп мүскін халге түскен Юнус Эмренің жанды азаптаған қайғысы Жаратушыға деген махаббатынан қанаттанса, Абайдың дерті және ғаріптігі – әлеуметтік ортаның зардабынан, соны кеселді мінездемеден айықтыру мақсатымен байланысты. Махаббатың Аллаға да, Алланың жаратқандарына да (адамзатқа) бағытталуы керектігі тұтастай пайымдалған. Әділеттілік бұл жолдың бағдаршамы болып қала бермек. Бұл – Хақ жолы. Сопылық поэзия мен Абай мұрасының әлеуметтік мәні өзгергенімен, структуралық бітімінде дәстүр ортақтығы сақталған деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Славутин Е.И. Пимонов В.И. Структура сюжета. – М.: Флинта: Наука, 2018. – 172 с.
2. Шилин В.В. Словарь литературоведческих терминов. – М.: «Канон» РООИ «Реабилитация», 2019. – 680 с.
3. Ахметбекова А. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 312 б.
4. Юнг К.Г. Сознание и бессознательное / Пер.с нем. В.Бакусева. –3-е изд. – М.: Академический проспект, 2013. –178 с.
5. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғылымы, тән ғылымы» хақында // «Түркология», №1–2. – Түркістан, 2008.
6. Боролина И.В., Оганова Е.А. (2010). Турецкая ашыкская поэзия. – М.: Академия гуманитарных исследований: Гуманитарий, – 302 с.
7. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. –Т.1. Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Мәдібаева Қ.Қ. (түсініктерін жазған), Шапай Т.М., Қыдыр Т.Е., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А.Н. –Алматы: «Жазушы», 2020. – 640 б.
8. Ибраев Ш. Абайдың ақындық бейнесі. 2023. –144 б.
9. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. –Т.2. Томды құрастырғандар: Матыжанов К.І., Қорабай С.С., Шапай Т.М., Қыдыр Т.Е., Шүкіман Е.Т., Жұматаева А.Н. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 528 б.

АБАЙ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫ: ЭСТЕТИКАСЫ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАСЫ

Тақырып аса ауқымды. Абайтану – бұдан бұрын да айтылған, қазір айтылып жатқан, алда да зерттеле беретін тақырып. Бұл төңіректегі ғылыми ақыл-ойдың және теориялық ізденістің нәтижелері ақын мұрасымен үнемі қайта өрелесіп отыратыны даусыз. Себебі, біз Абай мұрасын зерттеушілер, адамзаттың дамуына қарай өзгеріс үстіндеміз. Солай болуы тиіс. Оның үстіне бұл пән әдебиеттанудың *теориялық, әдістемелік, философиялық, психоаналитикалық, тілдік* аспектілерімен кешенді түрде байланысты.

Олардың бәрін бұл мақалада таратып талдау мүмкін емес.

Осыған байланысты абайтанудың 3 мәселесін айрықша бөліп алып айтқым келеді.

Біріншіден, Абайтануды *материалистік философияның ықпалынан* алып шығуымыз керек. Тәуелсіздік жылдарында осыны біз ашық айтып жатқанымызбен әдебиеттану ғылымының тұғырнамаларында сақталып қалған категориялық ұғымдар мен талдау критерилері әлі қолданыста.

Атап айтқанда, реализм, натурализм, гуманизм, ағартушылық, шыншылдық, мазмұн мен форма, көркемдік тәсіл, шеберлік, шеберлік сыры, шебер қиюластыру, образ жасау, образ түрлері, жинақтау, даралау, тип, композициялық бөлшектер, бейнелі тіркестер, көркемдік бейнелеу құралдары т.б. терминдер мен ұғымдар мәні көп өзгере қойған жоқ.

Ақын тура бір шеберханада отырып алып сөз құрастырып отырған ұста немесе зергер сияқты. Оның жан сезімі, ішкі дүниесіндегі алай-дүлей толқыған сәттер өз-өзінен сөз болып өрнектеле беретіндей...

Солай болғанда, жасампаз тіршілікті, жарқын өмірді, өндірісті, билікті, даяр үлгіні жырға қосқанда осылай болмағанда қалай болушы еді?

Абай тұлғасы бұл ұғымдарды маңайламайтыны былай тұрсын, өлеңдерінің *танымдық, философиялық, эстетикалық, феноменологиялық* бітімін қасаң догмалық категорияларға айналдырып жатқан ұғымдар ең алдымен осылар...

Екіншіден, мәтіннен керекті үзінді алып, оны түрлі көзқарастарға, *философиялық, моральдық, діни, этикалық, эстетикалық* тұғырнамаларға икемдеп, түсіндіру түптеп келгенде, Абайдың тұлғалық, ақындық ерекшелігінен гөрі, *зерттеушінің өз*

түсінігі, өз пайымдауы ғана болып шығады. Бұл Абайтануда басымдыққа ие әдіснамалық ұстанымның бірі. Нақтырақ айтсам, қолданыстағы негізгі тәсіл. Әлемдік әдебиеттанудың тәжірибесінде, структурализм, постструктурализм, модденизм, герменевтика, феноменология т.б. зерттеу мектептерінің теориялық тұғырнамасында *мәтіннің* бүтіндігі басты орында тұрады. Себебі *мәтін* белгілі бір авторлық идеяның, және өзіне ғана тән *структуралық құрылымның* айғағы. Бұл жердегі *структура* біздің дәстүрлі әдебиеттанудағы *форма* емес. Бұл ақынның ойлау ерекшеліктерімен бірге қалыптасқан жазу дағдысы, ойлау логикасына қатысты тұтас ұғым. Мәтінді бүтіндеген басқа емес, автордың өзі. Автор идеясының бүтіндігі *мәтіннің* структурасын белгілейді.

Үшіншіден, әлемдік әдебиеттану ғылымының қазіргі келген межесі бойынша әдеби *мәтін* коммуникативтік актының ерекше түрі. Демек, тілдік құрылым ретінде *қондырма* емес, *базистік* қызметі белгіленген жүйе. Коммуникативтік актының екі жағы бар: бірі - автор, екіншісі - оқырман. Осыған сәйкес мәтін структурасынан туындайтын нақтылы автор - нақтылы оқырман, абстрактылы автор - абстрактылы оқырман дейтін ұғымдар таратылып зерттелгенде мәтіннің бүтіндігі ғана емес, құрылымы, идеясы, феноменологиялық редукциясы оқырман реценциясы автордың экзистенционалды ойлау жүйесі, нарратологиялық герменевтикалық ұғымдар бедерленіп, айшықты мәнге ие болары даусыз.

Иә, зерттеудің бағыт-бағдары осылай қарай жүрсе керек-ті. Өкінішке қарай, олай болмай шықты. Әдебиеттану дейтін ғылым қазақ топырағында тәуелсіздіктен кейін бағыт-бағдарсыз пәнге айналды. Теориясы да, практикалық қолданысы да сөз қуалаған, тұғырнамасыз, бас-аяғы жинақталмаған ғылымнан гөрі көсемсөзге көбірек келіңкірейтін пән қазір қолданыста. Басты тұғырнамасы - мазмұн мен көркемдік ерекшеліктері дейтін ұғымдарды жамылып, зерттеуші ойы мен эмоциясын алаңсыз тықпалау дағдыға енген. Өз сорпасында өзі қайнап жатқан пән, сірә, осы болар.

Әдебиеттану да, оның ішінде абайтану да бұл жолдан шықпайтын болса пән өзінің категориялық ұғымдарын әлемдік тәжірибеге қарай жинақтайтыны былай тұрсын, іргелі ғылыми сипатынан да айрылары сөзсіз. Қазір айрылып та болған сияқты.

Бұл мәселеде түбегейлі өзгерістің қажеттілігі күн санап артуда. Әдебиеттану ғылымы әлемдік тәжірибеге қарай бет бұруы тиіс.

Енді негізгі мәселеге ойысайын.

Феноменология - ақын ойы мен сезімінің жаратылысы өзіндік табиғаты, болмысты қабылдаудың және оны сөзбен бейнелеп берудің

редукциялық түзілісі, тұлғаның экзистенционалды ойлау жүйесінің жүзеге асқан көрінісі. Мәселе, философиямен, психологиямен, тіл білімімен тікелей байланысты.

Бұлар толығымен күні кешеге дейін идеалистік философияның қарамағына жатқызылған ұғымдар. Ал шығармашылық үдерістердің табиғатын анықтайтын және түсіндіретін іргелі зерттеулердің ең маңызды нәтижелері қазіргі заманғы феноменологияның жетістіктерімен байланысты болып отыр.

Феноменология бұл деңгейге жеке дара жеткен жоқ. Ол герменевтиканың, структурализмнің ғылыми парадигмаларын негізге ала отырып дамыды. Нәтижеде шығарма авторлық сананың феномендік нәтижесі ретінде зерттелетін болды.

Осы тұрғыдан Абай поэзиясының табиғатына зер салып көрейік.

Абайдың бірқатар өлеңдерінде көркемдік уақыт (художественное время) ақын санасында екі түрлі мезгілдік өлшемге жинақталады.

Біріншісі: оқиғаның болған уақыты. Ол - ғашықтардың аулақта құпия кездескен сәті, ақынның әлеуметтік ортадан алған әсері, түйген ой, көңіл-күй ахуалы, жаз мезгілінің тамылжыған картинасы, ғашықтардың албыртқан сезімінің тілден гөрі жүректе орын алған жағдайы, аңшының аң аулау сәтіндегі психологиясы. Өмірлік ситуацияның көңіл-күйде, санада тұрақтап қалған ізі.

Екіншісі: араға уақыт салып осы болған оқиғаның, көңіл күйдегі қалған ізі, мән-мағынасы өмірдің басқа бір мезгіліндегі оқиғамен қайта ықпалдасуы. Феноменология терминмен айтқанда бірінші ситуация екінші ситуациямен интеграцияланады.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Бұл оқиғаның алғашқы болған мезгілі. Енді ары қарай бұл уақыт басқа уақытпен қайта ықпалдасады:

Келмеп пе едің жол тосып,
Жолығуға аулаққа?
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?

Бұрынырақ ғашық болған мезгілді сағыну, аңсау орын алған сәт. Тағы бір өлеңге жүгінейік:

Қызарып, сұрланып,

Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Бұл - ситуацияның өзі. Енді өлеңнің соңы былай аяқталады:

Жүйрік тіл, терең ой
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің!

Адам өмірінің екі кезеңі, ой мен сезімнің екі сәті бір-бірімен шарпысқанда, алғашқы сәт соқталанып, бедерленіп шығады. Абай сезімнің осы сәтін өмір бойы асқақтатып, мәнін жоғары қояды.

Кейде есер көңіл құрғырың
Махаббат іздеп талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын
Асау жүрек алқынар.

Көркем уақыттың екі мезгілі «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінде қарама-қарсы полярлық өлшемге ауысады.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Махаббат сезімі ғарыштық өлшемге шыққан. Оны шарықтатып отырған Абай өмірінің шындығы. Әлеуметтік ортадан күйреген ой, соққы жеген сезім шынайы махаббатты өз ортасынан оқшаулап отыр. Абайға жабылған топ бұл жолы қыз ағайындары. Ақынның жас кезіндегі бастан өткен махаббат сезімі жаңа оқиғаға ықпалдасқанда, оның өлшемі әлеуметтік ортадан алынып, басқа деңгейге көтерілген.

Өлең соңы былай аяқталады:

Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы.

Ақынның өз сезімін әлеуметтік ортадан оқшаулап отырғаны - тайға таңба басқандай.

Ал енді «Жаз» өлеңіндегі көркемдік уақыттың екіге бөлінісі басқа санатта жүзеге асқан. Тамылжыған жаздың бір сәттегі жинақталған ғажайып көрінісі тілдің ғана емес, сол тілде өрнектеген сезімнің алуан сырлы түрленуі екені даусыз. Сөйткен картина былай аяқталады:

Өткен күннің бәрі ұмыт

Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап.

«Бағанағы» сөзі арқылы негізгі уақыттан бөлінген шал бейнесі тұтасымен философиялық жүк арқалап тұр. Ол жаз көрінісінің бір сәттегі қысқалығына, бәлкім өмірдің өте шығар келтелігіне күліп тұрғандай. Мәні аса тереңде.

Абай өлеңдерін талдайтын еңбектерде жаз көрінісінің шеберлікпен суреттелуі «реалистік» сипатымен аяқталады. Тамылжыған сәттің қысқалығына мән беру, эстетикалық бағамын арттыру алыстағы ойға жетелейтін түйінін жинақтау, қағаберісте қалып қояды.

Бұл ретте көркемдік уақыттың бөлінетін сипатына, оның жіктелуінің феноменологиялық мәніне назар аударайық.

Алдымен ситуацияның болған уақытын және оны өмірдің басқа кезеңімен қайта өрелестіріп саналау сол ситуацияның эстетикалық мәнін арттырумен байланысты. Адам өмірінің кезекті тарихи шындығымен қайта беттестірілгенін бұрынғы жағдай қайта зерделенуден өткізіліп отыр. Бұл ретте ақынның ойы мен сезімінен қайта өткізілген ситуацияның дәрежесі көтеріліп қана қоймайды, жалпы адам өмірінің мәнімен бірлікте пайымдауға алып келеді.

Өрелестіру – жан-дүниенің кіршіксіз таза, жамандықтан аулақ, көңілдің кірлемеген хал-жағдайын, сезімінің пәк пернесін кеселді ортадан оқшаулап алып шығу болады. Феноменологияда эстетикалық объектіге ие болған осы сәт «мәңгілік уақыт» санатын иемденеді. Себебі оқшауланған нысан ойдың да, сезімнің де, адамдық қасиеттің де бір нүктеге тоғысуымен байланысты. Өмірлік тәжірибеде еленіп-екшелген, түрлі жағдайда, әр түрлі мезгілдік арақашықтықта сыннан өткен, ақынның шынайы жан сыры ретінде эстетикалық шешімін тапқан ситуация, тұнып қалған бір мезет. Міне, осы мезет мәңгілік сәт дәрежесін иемденеді. Ой мен сезімнің бар ықыласы осы сәтке ауады.

Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда,
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.

Адамның қулық-сұмдықтан, жасандылықтан, жамандықтан, бөтен ойдан арылған бір сәтін ақын осылай оқшаулайды. Мәңгілік мезет аңшылық өнерге байланады.

Міне, біз енді Абай поэзиясының ең маңызды феноменологиялық түзілісіне келіп жеттік.

Абай өлеңдеріндегі уақыттың екіге бөлінген мінездемесі өмір сүрудің мәніне ой жіберумен байланысты айшықталып шығады. ХХ ғасырдың ойшыл тұлғаларының бірі Эрих Фромның негіздеген өмір-өлім дихотомиясы концепциясы Абай өлеңдерінде ерекше түрленген феноменологиялық аспектіде жүзеге асқан. Әсіресе философиялық идеяға негізделген өлеңдерде мұның ізі айқын.

Әлеуметтік орта мінездемесі Абайдың жан-дүниесінен үйлесім таппаған. Ой мен сезімнің арпалысы өз ортасынан ойып алып, үлгі ететін, рухани бағдар тұтатын азығын қамдай алмаған. Осы өмірдің мәніне ой жібергенде «мәңгілік сәт» санатын иемденген сәттер санаулы ғана. Ол әлгі айтқанымыздай кіршіксіз махаббат, достық, адамгершілік, имандылық, таза ниет.

Бұлардың өзі социумнан таяқ жеген ұғымдар. «Ішім өлген, сыртым сау» деп отырған ақынның ендігі жердегі рухани таянышы осында. «Мәңгілік уақытты», «Мәңгілік ақиқатты» Абай поэзиясының салмақ басар ауырлығы және терең мәнділігі осы бағытта жан-жақты ашылады.

Абайдың әлеуметтік ортадан түйген ойы мен алған әсері ақынның «Мені» арқылы жинақталады. Ал енді оның парқы мен нарқы бағалануы тағы да ақынның «Мені» арқылы таразыға салынады. Нәтижеде ақынның әлеуметтік «Мені» оның рухани «Менімен» беттестіріледі.

Кім жүрер тіршілікке көңіл бөлмей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.

Өмір-өлім дихотомиясы аясында пайымдалған адам өмірінің мәні екі ұғымға жинақталады: біріншісі: әлеуметтік ортаның түрлі қырынан қарағандағы мінездемесі; екіншісі - оның рухани салмағы мен бағасы. Екеуі де ақынның мені арқылы бейнеленетіндіктен, екі «Меннің» яғни «Мен және Мен» құрылымының орналасуын Европа ғалымдары уақыт категориясымен сипаттайды. Атап айтқанла, алдымен социум бейнесі жасалады, артынан оның моралдық бағасы беріледі. Уақыт бойынша болған жағдай - бірінші, ой мен сезімнен қайта өткізу - екінші.

Абай былай дейді:

Күн жиылып ай болды, он екі ай - жыл,
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны - бұл.

Ақынның «қартайтып қылғаны - бұл» деп отырғаны «тиянағы жоқ, тұрлауы жоқ» өз уақыты.

Ары қарай:

Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір Тәңірім кеңшілік қыл.

Екінші келесі уақыт - жалған дүниеден күтілетін нәтиже. Дұрысы жалған дүниенің бағасы, рухани өлшемі.

Әлеуметтік ортадан алынған ойдың түйінін ақын қайтадан өзіне жолдап отыр.

Сонда ақынның екіге бөлінген «Мені» осы дүниеге де, трансценденталды сана арқылы игерілген «бақилық» ұғымға да тиесілі болып шығады. Абай бұл жағдайды айтып кеткен:

«Мені» менен «меніңкінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес.

Субъектінің өзі туралы ахуалды өзінің жан дүниесінен іздеуі - ешқандай бүкпесіз ағынан жарылу, шын сырын ақтару түрінде бір Ақиқатқа барып тіреледі. Өз-өзіне бағытталған сөз-ешкім ортақтаса алмайтын жасырын сыр. Бұл, түптеп келгенде, бір ғана Жаратушыға мағлұм жағдай.

Заманымыздың ең көрнекті философтары Жак Деррида және Жан-Люк Марион субъектінің өз-өзіне қайрылуын *confessio* ұғымымен сабақтастырған. Бұл сөзді орыс ғалымдары тұлғаның шығармашылық үдерісіндегі исповедь деп аударады.

Мұны өлеңді жазу үстінде шын сырыңды ақтару, ағыннан жарылу, ешбір боямасыз ақиқатқа жүгіну, кем-кетіктен, кінәраттан арылу, рухани тазару деп түсінеміз. Сыр ақтару *confessio* ұғымымен бірігіп, шығармашылықтың өзегіне айналған.

Адам өз жан дүниесіне шынайы үңілгенде бәрін түгел біле алмайды. Шектеулі сананың сыры ашылады. Тағы бір ақиқат сенің сырыңның жайы абсолютті ақиқаттың бір тамшысы ғана екені басқаға емес, алдымен өзіңе мағлұм болады. Оның бәрін білетін бір Алла. Сондықтан сыр ашу Алланы тану арқылы жүзеге аспақ.

Деррида мен Марионның пікірінше, субъект бұл үдерісті Жаратушыға деген махаббаты арқылы еңсереді. Себебі Жаратушы адамды махаббатпен жаратқан. Ал ағайындарым болса (бұл жерде христиандардың ұғымындағы *братья* сөзін осылай аударып отырмын) мені осы махаббатым арқылы таниды деген тоқтамға келеді [1, 179-б.].

Бұдан нені аңғардық? Бұдан Абайдың осы пікірден біраз бұрын айтылған Абайдың жан сырын аңғардық. Сәйкестік – толығымен орын алып тұр.

Махаббатпен жаратқан жаратқан адамзатты
Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Әм хақ жолы осы деп әділетті.

Енді сәйкеспеген не қалды? Адамның Құдай алдында ағынан жарылып, тәубеге (исповедь) келуі және ақынның жан дүниесіндегі алуан-түрлі ахуал бір-біріне дәлме дәл келер ме екен?

Мәселе сонда, ақынның барлық сауалдың шешімін даяр ұстанымға, идеологияға, басқаның философиялық көзқарасына, діни сенімге сілтей салмай, өз жанына шынымен сауал қойғанда сана мәңгілік ақиқаттың түп негізіне қарай ұмтылыс жасайды. Бұған өткінші құндылықтар, әртүрлі ұстанымдар, шынайы зерделеуден өтпеген сенім мен сезім жолдас бола алмайды.

Бұл - субъектінің шығармашылық арқылы ақтарған жан сыры (confessio, исповедь). Феноменологияның зерттеу нәтижесі мұны шығармашылық психологиядан таратады.

Міне, осы үдерісте субъектінің өз-өзімен қалып, жанды қинаған сауалдарға бүкпесіз жауап іздегенде алдымен сол жан-дүниені тұтастай тани алмайтындығы белгілі болады.

Өзіңнің жан-дүниеңе тереңдеген сайын шексіздікке басы бүтін енетініңді, таным жолына түскеніңді аңғарасың.

Феноменологияда бұл жағдай ақиқатқа ұмтылудың шексіздігімен түсіндіріледі. Ал бұл болса Жаратушының ақиқатына барып тіреледі.

Абай мұны қалай айтты:

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі дәһірі.

Немесе:

Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Абайдың өз сырын өзіне ақтаруы таным жолындағы шексіздікті аңғартып тұр. Сана мүлгігенді місе тұтпайды. Бұл жолда анық емес ұғым, байыптайтын ой айтар сөз аз емес. Оларды түгел білу мүмкін де емес. Сондықтан:

Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр,

Сырымды тоқтатайын айта бермей, -
деген ақынның сыры осында жатса керек. Ақынның жүрек сырын қалтқысыз ақтаруы - танымның шарқ ұрып іздеу кезіндегі ақиқаттың санадағы ашылу үдерісінен пайда болған жағдай.

Анық емес ұғым - сыр болып ақтарылмауы, әр саққа жүгіртілмеуі тиіс. Ол сырдың жайы ақынның өзіне ғана мәлім. Ал тұтастай алғанда мәні бір Аллаға ғана аян.

Абай түрлі мезгілдік өлшемді адам өмірінің әр кездегі мазмұнымен байланыстыра отырып, ең мәнді, ең мағыналы сәттерді қайта бағамдауы әм философиялық, әм эстетикалық түйінді жүк арқалайды. Екі дүниеге де қажетті рухани құндылықтар балалық, албырт жастық, ақыл тоқтатқан кәрілік тұрғысынан пайымдалғанда өмір-өлім дихотомиясына тиесілі маңызды ұғымдар айшықталып шығады.

Қорыта айтқанда, Абайды тану деңгейіміз біздің қоғамдық пәндеріміздің қазіргі даму үдерісіне айтарлықтай сын болуда. Абайды әлемге танытып, насихаттау керек деген пікір жиі айтылады. Алайда әлемге қалай танытамыз? Алдымен біз өзіміз танып болдық па? Ендігі қалғаны шет жұртқа насихаттау ма?

Бұл сұрақтардың бәрінің тірелетін жері - әдебиеттану ғылымының әлемдік ақыл-оймен қаншалықты деңгейлестігінде. Тану да, таныту да осымен байланысты. Онсыз пікіріміз жай ғана жадағай ниет болып қалады.

Сонымен біздің әдебиеттанудағы айналысып жүрген шаруамыз не болып жатыр деген заңды сұрақ туады. Пікірімді ашық айтар болсам, қазақ әдебиеттану ғылымының Кеңес Одағынан кейінгі дәуірде айналысып келе жатқан шаруасы оқырман рецепциясы дейтін ұғымның айналасында ғана жинақталады.

Бұл ұғымның да теориялық негіздемесі Батыс Еуропа ғалымдарының еңбектерінде ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап нысанаға алынған. Түпкі мәні жеке адамның көркем шығарманы өз тарапынан түсінуі мен қабылдауы дейтін мәселеге ойысады.

Ханс-Роберт Яусса, Стюарт Холл, Джон Хант, Сюзан Беннет т.б. ғалымдар оқырман рецепциясы мен мәтін арасындағы үйлесімділік пен сәйкессіздіктің түрлі аспектілерін талдап берді.

Бұған мен тоқталмаймын. Өз алдына жеке тарқатылатын тақырып. Айтпағым мынау: көркем шығарманы әркім өзінше қабылдайды, өзінше жориды, өзінше түсінеді. Бұған оқырманның, әдебиеттанушылардың білік-білімі, интеллектісі, сезінуі, түйсінуі ғана жауапты.

Өкінішке қарай, Кеңестік дәуірден кейін қазақ әдебиеттануының тұғырнамалық негіздері, теориялық ұстанымдары, әлемдік ғылыми ақыл-оймен өрелеспей қалғандығы күн санап білінуде. Нәтижені жинақтар болсақ оқырман рецепциясының төңірегінде ғана

топтастыруға болатынын аңғару қиын емес. Қолына қалам ұстаған ғалымдарымыздың көбі осыны ғылым деп санайды, өзгелерді осыған ұйытады.

Ал шындыққа тура қарар болсақ, бұл әдебиеттанудың бір ғана аспектісі. Оқырман рецепциясы дұрыс жолда ма деген сұрақ тұр.

Себебі аса көрнекті ғалым Умберто Эко бұл ұғымды да шектеп тастады. Осы мәселеде жиі-жиі ауытқу орын алып, автор бір жақта оқырман немесе зерттеуші бір жақта қалатыны белгілі болды. Сол себепті «дәл емес, дұрыс емес расшифровка (неверная расшифровка)» деген ұғымды арнайы енгізді. Мұның да негіздемесі бар.

Іргелі сипаты жоқ, теориялық тұғырнамалары тұманды, біздің әдебиеттану деп аталып жүрген пәнімізді оқырман рецепциясы меңдеп алғаны, онда да дәл емес, субъективті расшифровка жайлап алғаны - тәжірибеге енген шындық. Олай емес, былай деуге аузым бармайды. Бұған да көп ұзамай төреші болатын уақыт келіп жететіні даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ямпольская А.В. Искусство феноменологии. – М.: РИПОЛ классик, 2020.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАРАДИГМАСЫ

Андатпа: Абай мен социум арақатысын көркемдік әлеуметтік, психологиялық аспектілерде зерделеу үшін алдымен тұлғаның қоғамда қалыптасқан жағдайға өзін қандай тұғырнамада сәйкестендіргенін (identification – З. Фрейд термині) анықтау қажет. Сәйкестендіру – ақынның социумға көзқарасынан, өз ортасына берген бағасынан, қоғамнан нені ұнатып, нені ұнатпағанынан жинақталатын ұғым.

Герменевтиканың және феноменологияның қазіргі заманғы ізденістерінде ақын санасы қоғамдық үдерістерден өзіне орын белгілейді, тұғырнамалық ұстанымын анықтауға ықпал етеді. Бұл жағдай оның шығармашылық қызметтің мазмұны мен мақсатын айқындайды. Абайдың өзін социуммен сәйкестендіруі ассиметриялық, әлеуметтік ортаға қарама-қарсы тұғырнамаға негізделді, санасы онымен үйлесім таппады. Осыған сәйкес адамның түрлі мінез-құлық ерекшеліктері, психологиялық ахуалы, іс-әрекет социум контекстінде зерделенді. Жаман қасиеттердің әлеуметтік мәртебе алуы ақын өлеңдерінде қоғамның «кеселді» көрсеткішіне айналған. Абайдың адамның мінездемелік қасиеттерін бинарлық оппозицияда жинақтауының сыры (“бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол”) – ақын поэзиясының әлеуметтік парадигмасымен тікелей байланысты.

Абай өлеңдеріне арқау болған адамның көңіл-күйі, психологиялық ахуалы, жақсы-жаман іс-әрекеті мен мінездемесі әлеуметтік ортаның шындығымен, қазақ қоғамының мән-жайымен бірге әдіптеледі. Жақсылықтың да, жамандықтың да себептері бар, олардың қоғамда жаппай таралып, етек алуы жағдай мен әлеуметтік психологияның үстем түскен көріністерімен байланысты.

Жамандық жеке адамның бойында болатын мінездеме болғанымен, оның жаппай таралып, жалпыға ортақ сипатқа ие болуы – әлеуметтік мәртебе алады. Жамандық қоғам болып әділетсіздік пен жамандықтан бой тарту емес, керісінше, қалыпты дағдыға, тіптен «жөн» қылыққа айналады.

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ,
Оларға жөн – арамның сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз, малға бөккен кісімсініп,

Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Адамдары «кеселді істі» дұрыс санап, одан қорықпайтыны, керісінше оған жол беруі – жеке адамның ғана емес, әлеуметтік ортаның шындығы. Жамандық пен қоғам кеселі – әлеуметтік мәртебеге жеткен.

Байқастап қарасақ адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттердің өрге басуы немесе оның айыпталып, теріске шығарылуы моральдық-этикалық тұрғыдан ғана жинақталып қоймай, қоғам бейнесімен, әлеуметтік ортаның шындығымен бірге пайымдалып отырғанын аңғарамыз. Бұл жағдай этикалық ұғымдарды нақтылы қоғаммен, заманмен байланысты қарастыруды ғана емес, адам мінездемесінің гносеологиялық себептерін, неден және қандай жағдайдан нәр алып жатқанын бірлікте зерделеуге мүмкіндік береді.

Абай ойының әлеуметтік парадигмасы – адам болмысын жан-жақты, жағдай мен ситуациялық көрініске қарай түрлі контексте жинақтауында. Өлең астарында тұрған әлеуметтік негіздеме мен психологиялық ахуал осыған арқа сүйегендіктен мінездеме жеке адам емес, «қоғам кеселі» қатары қабылданады.

Сұм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа,
Құдай құмар қылыпты қалжыратып
немесе:
Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Жамандыққа ұмтылу үлгіге айналған қоғамда мәселе жеке бастың емес, уақыттың және кеңістіктің категориясына айналады. Себебі бұл теріс үлгі – XIX ғасырдағы Абай заманының әлеуметтік шындығы. Адам мінездемесі нақтылы қоғамға, белгілі заманға сәйкес бірлікте ашылған.

Сонымен бірге Абай шығармаларында адам болмысының осылай зерделенуі қайта түлеп отыратын *генеративті* мәнге ие. Ақын ойына тереңдеп бойлаған сайын идея жаңарып, жаңғырып отырады. Себебі адам мен социум арақатысы үнемі қайта пайымдалып отыратын ұғым [1, 110-б.].

Қоғамның қалыптасқан ахуалы – көпшілік үшін бас қатырып, ой толғайтын мәселе емес. Ол – солай болуы керек сияқты өмір сүрудің, тіршілік етудің шарты, берілген мүмкіндік. Сол үшін ырқына көну,

пысықайлар үшін соған икемделудің жолына түсу үйреншікті жағдайға айналады. Сипаты өзіне тартатын ұйық батпақ секілді. Түссең, шыға алмайсың.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Ыржаң-қылжаң ит мінез дегендейін.

Қоғам душар болған жағдайдан шығуға ұмтылмайды, керісінше, өзіне қарай тартады. Демек, адам бойындағы түрлі қасиеттердің *әлеуметтенуі* теріс жолда екенін Абай бар болмысымен сезініп отыр. Әлеуметтену – адамдардың мәдениетке, табысқа жетуге, тәжірибелерді үйренуге ұмтылысын айғақтайтын ортақ үдерісі [2, 92-б.]. Әлеуметтенудің басты сипаты адамдардың белгілі бір *рөлдерге* енуі, әлеуметтік жүк арқалайтын мінез-құлық пен ойлау тәсілдерін игеруінен тұрады [2, 92-б.].

Абай бейнелеген адамның бойындағы жағымсыз қылықтардың көрінісі әлеуметтену ұғымымен астарлас. Жамандық жеке бастың мінездемесі емес, әлеуметтік мәртебеге ие.

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.

«Шайтан өрмегі» – кеселді мінездеменің әлеуметтік статусын белгілейді. Қоғамды жайлаған, теріс әрекетке жұмылдырылған үдерістердің астарында тұрған ұғым – әлеуметтік үлгінің жоқтығы немесе шайтан жолы үлгіге айналғандығы. Мақтаншақтық, пысықайлық, арызқойлық, өтірік, өсек, жалқаулық, екіжүзділік т. б. мінез-құлық рөліне ену қоғамда әрекет етудің тиімді жолына, көпшілік тарапынан жаппай айыпталмайтын жағдайға жеткен. Рөл әлеуметтік мазмұнға көшкен.

Әлеуметтану теориясының заманауи тұжырымдарының бірі – «адамдар, ақырында өздерін құлдықта ұстайтын әлемді қалыптастырады» деген ұстанымы [3, 3-б.]. Асылы қоғамның мұндай жағдайға тап болуының алғышарты теріс немесе байыбына бармаған әлеуметтік ахуалдың нәтижесінде жатыр. Абай шығармаларындағы адам мінездемесінің жинақталалуы мен әлеуметтену сипаты түбінде қауіпті межеге келетін, адамдардың өзін-өзі орға жықтыруы мүмкін әрекет екенін аңғарту бар.

Жамандықтың қоғамда жаппай белең алуы – әлеуметтік орта ұстанымының өзгеруіне тікелей қатысты. Қоғам жамандықты жатсынбаған тұста алға қарай жылжып, дамуға емес, ыдырап күйреуге қарай бет бұрады. Ауру қоғамның алдымен ынтымағы кетеді.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын,

– деген Абай, ынтымағы жоқ елдің әлеуметтік ортасын, оның бұзылған сиқын түрлі қырынан сынға алды. Қоғамның ырқынан шығып кеткен жағымсыз құбылыстардың бетпердесін ашты.

Бір қызығы қоғамды осындай күйге түсіргендер енді өздері де сол қоғамның ағымымен жүріп-тұруға мәжбүр. Оны түзетуге қауқары жетпейді.

Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,

– дейді ақын. Қоғамның өзін-өзі жөндеуге, жаңадан жол іздеуге мұршасының келмеу себебі әлеуметтік ортада ақын сөзімен айтсақ «бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ» тобырға айналуынан.

Бұл жағдай қоғамның тұйықталғанын көрсетеді. Алды-арты құлайтын жарға тірелген қоғамның шарасыздығы – тығырықтан шығатын жол таппауы және табуға да ұмтылмауы.

Абай шығармашылығының әлеуметтік парадигмасын белгілеуге бұл жағдайдың шешуші мәні бар. XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік келбетін, елдік сыйқын ақынның жеріне жеткізе әшкерелеудегі мақсаты – қоғамның қауіпті межеге келгенін, әрі одан шығатын жолдың тығырыққа тірелгенін терең аңғарту еді.

Отаршылдыққа түскен қазақ қоғамының жағдайы бұдан басқаша болуы мүмкін емес те еді. Себебі қазақтарды басқару жүйесі, болыс сайлаудың тәртібі елді ыдыратуға, руды руға қарсы қоюға, сөйтіп алауыздыққа дем беруге бағытталды. Бұл өз ырқы өзінде жоқ халықты азып-тоздыруға, әлеуметтік қарым-қатынастың бұзылуына әкеліп соқты.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының жағдайында мұнан шығудың жалғыз жолы – адамды түзеу, сол арқылы қоғамды сауықтыру қажет екенін Абай жақсы білді. Сондықтан да Абай шығармашылығы арқылы зерттелетін адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттердің мән-жайын қазақ социумынан бөліп алып қарауға болмайды.

Жеке адам мен социум арақатынасы әлеуметтік ортаның тіршілік ету тәртібі мен қалыптасқан жүйесі арқылы белгіленеді. Ал бұл ортаның әлеуметтік себептері мен қарым-қатынасы Абай ойының түпкі нысанасына айналғандықтан, ақын оны алдымен адамды түзеу арқылы сауықтыру қажет деп тапты.

Осыған сәйкес Абай шығармаларында жақсы мен жаманның сапалық белгілері принциптік ұстаным бойынша екі өріске жинақталып бейнеледі деуге болады. Жинақтаудың мәні жеке

адамнан бастап социум сипаттамасына дейінгі аралықтағы ұғымдарды тұтас қамтиды.

Адам бойындағы жағымсыз қылықтардың белең алуы – Абай заманындағы әлеуметтік ортаның шындығы. Жамандықтың үлгісі – қоғамда тұр. Абайды қинаған да, қынжылтқан да осы.

Ал жақсылықтың үлгісі – ақын жинақтаған адамның асыл қасиеттері. Бұл алдағы перспектива.

Әділетті қоғам орнату үшін қажетті басты ұғымдар оның мүшелері – адамдардың кісілік болмысымен тікелей байланысты. Адам түзелмей – қоғам түзелмейді.

Адам бойындағы жағымсыз қылықтардың жиынтығы қоғамдық кеселге айналған тұста оны айтып қою жеткіліксіз, одан қоғам болып жиіркену қажет.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз,

– дейді ақын. Бинарлық оппозиция құрайтын «нәфрәтлі» және «ғибрәтлі» сөздерінің қолданылу мақсаты – жамандыққа жиіркеніш сезімін ояту, жақсылыққа көңіл қоюға шақыру. Себебі бұл өлеңінде Абай адам бойындағы мінез бен іс-әрекеттің жиынтығын екіге бөліп қарайды:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.

Жамандық пен жақсылықты бұлайша топтастырудың астарында (контекстінде), әрине, жеке адам ғана тұрған жоқ. Ең алдымен әлеуметтік ортаның кеселі мен саулығы, кірлеген сиқы мен тазалығы таразыға салынғаны анық. Француз структурализмнің көрнекті өкілі К. Леви-Стросстың мифке қолданған тұғырнамасы [4] әлеуметтік үдерістерге де қолданылады [3, 687-б.].

Абайдың:

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар,
– деуі ақын ойының әлеуметтік астарын айқындап тұр.

Батыс Еуропа әдебиеттану ғылымының соңғы жылдардағы бет бұрған мәселелерінің бірі – әлеуметтік парадигманың методологиясы [5 136-б.]. Постструктуралистік теориядан кейін әдебиеттің әлеуметтік

сипатын және қызметін басты орынға қоятын бұл тұғырнаманың мақсаты қоғамдық үрдістердің әдебиетпен байланысын бірлікте қарастыру.

Абай поэзиясының өміршеңдігі мен актуалдылығы оның көркемдік мінсіздігіне ғана емес, әлеуметтік терең мәні мен астарында жатыр. Ақын шығармаларының әлеуметтік парадигмасы адам мен социумның арақатысын жаңаша пайымдауға шақыратыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2015 – 416 с.
2. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. 2018. – 464 б.
3. Рицер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. 10-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. 2018. – 856 б.
4. Леви-Стросс К. Структурная антропология. – М.: Наука, 1985. – 535 б.
5. Турышева О.Н. Теория и методология зарубежного литературоведения. – М.: Флинта: Наука, 2013. – 176 с.

МАЗМҰНЫ

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ БЕЙНЕСІ	
АЛҒЫ СӨЗ	3
ЖАН-ДҮНИЕ ҮЙЛЕСІМІ.....	8
АҚЫН ЖӘНЕ ОҚЫРМАН.....	21
ТҰҢҒИЫҚ СЕЗІМ.....	35
АРЫЛУ	42
СЫР ШАШУ	48
ҚАЙТА КЕЛМЕС УАҚЫТ	57
ОПЫҚ ЖЕУ	62
ӨЛІМДІ ӨМІР.....	78
СҰРАУЫ КӨП МҰҢЛЫ СЫР.....	85
ҚОРЫТЫНДЫ	91
ӘДЕБИЕТТЕР	95

АБАЙ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

ЮНУС ЭМРЕ МҰРАСЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАЙЫНДА	98
АБАЙ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫ: ЭСТЕТИКАСЫ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАСЫ	107
АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАРАДИГМАСЫ	117

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ БЕЙНЕСІ

Редактор *Б. Ертаева*
Корректор *А. Исмайлов*
Техникалық редактор *А.Тоқтасын*

Редакцияның мекен-жайы:

*161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы, ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29В,
Бас ғимарат, 404-бөлме
Тел: (8-725-33) 6-38-26*

*Кітап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің*

«Тұран» баспаханасында көбейтілді.

Басуға 24.07.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 70x100 1/6.

Қағазы офсеттік.

Шартты баспа табағы 7,6. Таралымы 700 дана. Тапсырыс 510

Баспахана мекен-жайы:

*161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29В, 2-ші ғимарат*

Тел: (8-725-33) 6-37-21 (1080), (1083)

e-mail: turanbaspasi@ayu.edu.kz